

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған және  
Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» - болашаққа бағдар»  
бағдарламалық мақаласы мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты іргелі  
мақаласы аясында «Қазақстандағы музей ісінің дамуы мен археологиялық  
зерттеулердің жаңа тенденциялары мен перспективалары» атты  
I Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ**



**QAZAQSTAN RESPYBLIKASY  
MADENIET JANE SPORT  
MINISTRIGI**



**МАТЕРИАЛЫ**

**I Республиканской научно-практической конференции: «Новые тенденции и перспективы развития музейного дела и археологических исследований в Казахстане», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан и в рамках программной статьи Елбасы Н.А. Назарбаева «Рухани жаңғыру» - взгляд в будущее» и фундаментальной статьи «Семь граней Великой Степи»**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Бас редактор/Главный редактор:**

**Зайберт В.Ф.** – профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих ғылымдарының докторы, ҚР МСМ МК ««Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК-ның ғалым хатшысы/профессор, доктор исторических наук КазНУ имени Аль-Фараби, ученый секретарь РГКП «Государственный историко-культурный музей-заповедник «Ботай»» КК МКС РК

**Редакторлар/Редакторы:**

Шақшақов Қ.Ғ. – ҚР МСМ МК ««Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК-ның директоры/директор РГКП «Государственный историко-культурный музей-заповедник «Ботай»» КК МКС РК

Абильмаликов Қ.Қ. – ҚР МСМ МК ««Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК-ның аға ғылыми қызметкері/старший научный сотрудник РГКП «Государственный историко-культурный музей-заповедник «Ботай»» КК МКС РК

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» - болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласы мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты іргелі мақаласы аясында «Қазақстандағы музей ісінің дамуы мен археологиялық зерттеулердің жаңа тенденциялары мен перспективалары» атты І Республикалық ғылыми-практикалық конференция / І Республиканская научно-практическая конференция: «Новые тенденции и перспективы развития музейного дела и археологических исследований в Казахстане» посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан и в рамках программной статьи Елбасы Н.А. Назарбаева «Рухани жаңғыру» - взгляд в будущее, фундаментальной статьи Лидера нации Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой Степи» – Саумалкөл, 2021. – 142 б. – қазақша, орысша.

Жинаққа «Қазақстандағы музей ісінің дамуы мен археологиялық зерттеулердің жаңа тенденциялары мен перспективалары» атты І Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енгізілді. Конференция материалдарының жинағы мәдениет және білім беру мекемелерінің мамандарына, ғылыми қызметкерлеріне арналған. Материалдар авторлық редакцияда жарияланады. / В сборник включены материалы Республиканской научно-практической «Новые тенденции и перспективы развития музейного дела и археологических исследований в Казахстане». Сборник материалов конференции предназначен для специалистов, научных сотрудников учреждений культуры и образования. Материалы публикуются в авторской редакции.

МАЗМҰНЫ

<i>Мукушева Г.Б.</i> Популяризация археологического памятника «поселение Ботай» в деятельности Северо-Казахстанского областного музейного объединения».....	5
<i>Жолдасов Т.М.</i> Археологиялық қазба жұмыстары негізінде жүргізілген зерттеулер бойынша XV - XVI ғғ. басындағы Түркістан аумағындағы ақша айналымы.....	9
<i>Адиев Д.С.</i> Атқа міну мәдениеті: музей қорында сақтаулы Нартайдың үзенгісі жайлы зерттеу.....	18
<i>Байболов Б.Қ.</i> Экспозиция және көрме жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері.....	22
<i>Жүзбаева Г.Н.</i> «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайы басты құндылығымыз.....	28
<i>Ақпан Ж.Ә., Тәжібаев Б.</i> Киелі жерге тағзым-ұрпаққа ұлағат Ақыртас құпиялы мекен.....	32
<i>Арынова Д.С.</i> Музей және туризм.....	37
<i>Лысенко Л.В.</i> «Развитие исследовательского навыка у учащихся через участие в археологической экспедиции».....	43
<i>Ганиева А.С., Сураганова З.К.</i> Проблемы актуализации культурогенеза в музейном пространстве (традиционное жилище)...	48
<i>Зікірия Д.Қ.</i> Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ археологиясының бір бөлігі ретіндегі «Есік» музей-қорығының археологиялық жұмыстары.....	52
<i>Абильмаликов К.К.</i> Археологические исследования на поселении Ботай в 2021 году.....	60
<i>Ибадильдаева М.М.</i> Ұлы Жібек жолы бойындағы Тараз қаласының тарихы мен тағдыры.....	65
<i>Укеев Ж.К.</i> Ботай мәдениетінің Красный Яр қонысына жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары.....	72
<i>Абильмаликов К.К., Құрманязов И.С., Баянова Ж.К.</i> «Ботай» ғылыми-эксперименталды тұрғын үй кешенінде 2021 жүргізілген безендіру(интерьерлік) жұмыстарының алғашқы нәтижелері.....	77
<i>Мамбеталинов Р.М.</i> Сохранение объектов историко-культурного наследия Северо-Казахстанской области на примере деятельности центра по охране и использованию историко-культурного наследия.....	86
<i>Жумабаев Б.Е.</i> Роль сакральных объектов в развитии внутреннего туризма Казахстана (на примере аномальных мест на территории Казахстана).....	91
<i>Жусупов Д.С.</i> Роль музеефикации объектов историко-культурного наследия (на примере Талдинского историко-археологического парка).....	97

<i>Тасыбаева Б.Ә., Тілепалдиева Л.Т.</i> Тарих пен сырға толы – Айша.....	103
<i>Шауизханқызы Ұ.Ш.</i> Түркі әлемінің тұғыры - Тараз қаласы.....	108
<i>Хайргельдинов Р.Е.</i> Реконструкция мировоззренческих взглядов человека Ботайской культуры.....	112
<i>Зікірия Д.Қ.</i> «Есік» музей-қорығының археологиялық жұмыстары (Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ археологиясының бір бөлігі ретінде)...	119

*Мукушева Гульнара Бутановна*  
руководитель КГКП «Северо-Казахстанское  
областное музейное объединение управления  
культуры, развития языков и архивного дела  
акимата СКО»

## ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКОГО ПАМЯТНИКА «ПОСЕЛЕНИЕ БОТАЙ» В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНОГО МУЗЕЙНОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ

Қайырлы күн, құрметті конференцияға қатысушылар!

Қымбатты әріптестер, сіздермен кездесуге өте қуаныштымын!

Археологические коллекции в нашем музее являются важнейшей составляющей фонда областного историко-краеведческого музея. Они иллюстрируют древнейший этап развития региона, показывают его отличительные черты и место в общей картине исторического прошлого страны.

За годы раскопок исследованы десятки памятников. В музее сосредоточилось крупнейшее собрание древностей в Казахстане. Археологические коллекции дополняются обширной научной документацией. Именно поэтому в 1980 г. в Петропавловске состоялся Всесоюзный археологический семинар на территории памятника «Ботай». На нем обсуждались вопросы, связанные с культурами бронзового века Урала, Казахстана, Средней Азии, Южной и Западной Сибири. Крупнейшие ученые дали заключение, что археологические материалы, хранящиеся в нашем музее, являются важной научной базой для изучения истории и культуры Казахстана, имеют высокое научное и историко-культурное значение.

Материалы древних памятников, хранящихся в фондах нашего музея, изучали лучшие специалисты – почвоведы, историки-технологи, палинологи, палеозоологи, антропологи, трасологи и многие другие. Их исследовали ученые из США, Великобритании, Канады, Германии, Японии, Китая, Казахстана и России. В научный оборот введены новые данные о бронзовом веке. Разработана периодизация и хронология памятников эпохи бронзы Петропавловского Приишимья. Выделены Петровская, Саргаринская, Атбасарская, Ботайская культуры.

Время тотальных археологических раскопок осталось позади. Сейчас основной работой сотрудников отдела археологии является научная обработка коллекций, их систематизация, описание, хранение и популяризация.

Археологические коллекции требуют особого внимания в организации их учета, хранения и использования. В настоящее время археологический фонд нашего музея насчитывает более 300 000 предметов /из них оф – 104 978 ед., нвф – 195 762 ед. Это материалы поселений и стоянок каменного века,

памятников энеолита, эпохи бронзы и раннего железного века. Коллекции содержат рыболовно-охотничий инвентарь, орудия для ткачества, обработки кож, предметы быта, вооружения, остатки бронзолитейного производства, женские украшения, погребальный инвентарь, предметы культа, керамическую посуду. Коллекции древностей представляют более 15 археологических культур, и 40 тыс. лет истории человечества.

Значительную часть археологического фонда составляют материалы поселения Ботай. Раскопки памятника были начаты в 1980 г. С началом раскопок поселения в распоряжении исследователей оказался уникальный массовый археологический материал. Наши собрания представляют материалы первых лет раскопок.

Около 90% предметов коллекции поселения Ботай – это изделия из кремнистых пород камня. Остальные 10 % - это костяные и каменные изделия, фрагментами керамики.

Музеи должны не только хранить археологические предметы, но и активно их пропагандировать. Традиционной формой презентации археологического наследия музеями является экспонирование коллекций или отдельных предметов.

До 2005 г. археологические материалы экспонировались в одном зале музея, демонстрируя древнюю культуру населения края. С 2005 г., после реконструкции археологический раздел нашей экспозиции насчитывает пять залов, каждый из которых отражает определенную археологическую эпоху - каменный век, энеолит, бронзовый век, ранний железный век, средневековье.

Отдельный зал посвящен энеолиту /Ботайской культуре/. В этом зале представлены предметы только одного памятника – поселения Ботай. Их количество - 224 ед. Они представляют все направления сложного многоотраслевого хозяйства ботайцев: коневодство, обработку камня, деревообработку, домостроительство, косторезное дело, керамическое производство, кожевенное и швейное дело, ткачество, духовную культуру. В экспозицию включена диорама поселения. Широко отражены научные эксперименты на поселении Ботай.

Материалы поселения неоднократно экспонировались на выставках и мероприятиях, целью которых является пропаганда культурных ценностей региона, популяризация памятника «Ботай», повышение интереса населения к истории родного края. Вот некоторые из них:

- Выставка «На перекрестках истории». В рамках программы «Казахстан, устремленный в будущее». В музее Первого Президента в г. Нур-Султан, в 2009 г.

- Выставка «Алтын ұйым – бесігім, туған жерім - Есілім» в рамках проведения Дней культуры СКО в г. Нур-Султан

- Коллекции ботайской культуры, хранящиеся в фондах музея, показаны в документальном фильме «Первовсадник» производства Телерадиокомплекса Президента Республики Казахстан.

- Международная выставка «Из сердца Евразии «Сокровища древнего Казахстана». в г. Бохум ФРГ в 2012 г.

- Коллекции пос. Ботай представлялись на выставке, посвященной 10-летию музея Первого Президента РК, в г. Нур-Султан в 2014 г.

- В 2015 г. состоялась презентация проекта музея под открытым небом на памятнике республиканского значения «Поселение Ботай». Данный проект был представлен на выставке «Притяжение родной земли» в г. Усть-Каменогорск в рамках дней культуры Северо-Казахстанской области в Восточно-Казахстанской области в 2016 г.

- В мае 2018 года в рамках брифинга акима Северо-Казахстанской области в **Службе центральных коммуникаций г. Астана организована** панельная выставки «Программа «Рухани жаңғыру» в Северо-Казахстанской области», где памятник «Ботай» был представлен как сакральный объект общенационального значения.

- 2018 г. на территории Государственного историко-культурного музея-заповедника «Ботай» Северо-Казахстанское областное музейное объединение организовало мероприятие «Разговор у костра». На нем состоялась встреча представителей молодежного ресурсного центра с доктором исторических наук, профессором археологии В.Ф. Зайбертом. Встреча прошла в неформальной обстановке, где молодежь, собравшаяся у костра, задавала интересующие их вопросы археологам и сотрудникам областного историко-краеведческого музея.

- В рамках музейного проекта «Халық қазынасы» в 2019 году организована выставка «Botai – ата-babalar mirasy», с которой ознакомились жители 10 районов нашей области.

- В сентябре этого же года нашим музейным объединением при поддержке Управления культуры, развития языков и архивного дела акимата Северо-Казахстанской области, Союза Художников Республики Казахстан был проведен Международный симпозиум художников «Ботай – культура Великой степи». Он представлял собой комплексное мероприятие включавшее: проведение лекций, мастер-классов, экскурсий с целью ознакомления с историко-культурным наследием нашего региона; пленэр на территории Республиканского государственного музея-заповедника «Ботай», работу в творческой мастерской и выставку картин художников-участников симпозиума.

В Симпозиуме приняло участие 20 художников из России, Кыргызстана, Узбекистана и Казахстана, которые передали свои произведения в фонды Северо-Казахстанского областного музея изобразительных искусств.

Имеющаяся коллекция картин стала основным содержанием выставки «Ботай. Взгляд сквозь тысячелетия» в нашем историко-краеведческом музее и основой постоянной экспозиции музея изобразительных искусств.

Сегодня вашему вниманию мы представляем часть этой коллекции, которая я надеюсь, предаст атмосферу творчества, объединявшая участников симпозиума в течение 14 дней.

- Произведения художников Симпозиума, материалы памятника «Ботай» экспонировались Библиотеке Елбасы – Первого Президента РК на Международной выставке «Земля, поклонись человеку...», посвященной 30-летию Независимости РК в разделе «Берег Земли».

Материалы поселения Ботай вошли в музейно – образовательный проект «Дороги в прошлое». Проект ориентирован на учащихся школ и колледжей, представляет собой специальную образовательную программу по древней истории, целью которого является активная интеграция музея в учебный процесс. Включает в себя цикл занятий. Каждое занятие – это отдельная древняя эпоха, в которую погружается ученик. Они проводятся с использованием обширного интерактивного фонда моделей, макетов, копий, большинство которых изготовлено по материалам поселения Ботай.

Жизненные обстоятельства, созданные пандемией коронавируса, заставили нас осваивать и активно использовать социальные сети, телевидение и другие коммуникации. Мы, как и все, учились работать по-новому, находить эффективные формы работы с населением в информационном пространстве. Главная задача, которую мы должны были решить - чтобы наши посетители не потеряли интерес к музею.

Основными формами работы стали прямые эфиры и публикации видеосюжетов в социальных сетях, активное использование которых позволило сохранить и привлечь новую аудиторию и иметь с ней обратную связь.

Сорокалетним исследованиям на поселении Ботай Северо-Казахстанское областное музейное объединение посвятило несколько страниц видеожурнала «Мир музея»: «Ботай –наследие предков», «Основные занятия ботайцев», «Кремневые тайны поселения Ботай», «Международный симпозиум художников «Ботай - культура Великой степи».

Стали традиционными прямые эфиры в онлайн режиме «История одного экспоната».

В своей статье «Семь граней Великой степи» наш Елбасы, Первый Президент Республики Казахстан, Нурсултан Абишевич Назарбаев отметил: «Всем известно, что Великая степь подарила миру коневодство и всадническую культуру. Впервые одомашнивание лошади человеком произошло на территории современного Казахстана, о чем свидетельствуют раскопки поселения «Ботай» на севере страны».

Исторические находки последних десятилетий отчетливо подтверждают неразрывную связь наших предков с самыми передовыми технологическими новациями своего времени и позволяют по-новому взглянуть на место Великой степи в глобальной истории.


Создание Государственного историко-культурного музея-заповедника «Ботай» даст возможность развития туристического кластера, обеспечит необходимые условия для осуществления научно-исследовательских, археологических, просветительских, образовательных программ. Надеюсь, что



дальнейшие исследования на памятнике Ботай принесут нам новые научные открытия.

Мы благодарим коллектив музея-заповедника «Ботай» за приглашение принять участие в конференции. Куанышу Гибадатовичу желаем новых творческих достижений в новой должности.

Спасибо за внимание.



*Жолдасов Толқын Маханбетұлы*  
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік  
тарихи-мәдени қорық-музейінің  
қор сақтаушысы, тарих магистры

## АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУЛЕР БОЙЫНША XV - XVI Ғ. БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АҚША АЙНАЛЫМЫ

### **Түйін**

Ясы-Түркістан қаласының XV-XVI ғғ. тән нумизматикалық материалдары тарих ғылымының аз зерттелген саласы болып отыр. Осыған байланысты кез-келген жаңа мәліметтер өлкенің сауда қатынасын зерттеуде маңызды дереккөздер болып табылады.

Мақалада XV-XVI ғасырдың басында Түркістан аумағындағы ақша айналымын өлкеде түрлі кезеңдерде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған нумизматикалық материалдар негізінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен автордың жеке тұжырымдары көрсетіледі. XV ғ. Түркістан аумағының Орталық Мавереннахрмен ортақ экономикалық аумақта болғандығын, ондағы сауда – саттық ісінің негізінен Бұхара мен Самарқан ақша сарайларында соғылып отырған күміс және мыс ақшалармен жүргізіліп отырғандығына дәлел болатын жаңа материалдармен толықтырылған.

Ясы - Түркістан ақша сарайының өзінің жеке ақша өнімдерін өндіру ісіне қатысты материалдар қамтылған.

### **Аннотация**

Нумизматические материалы Ясы-Туркестана XV- нач. XVI вв. являются мало изученной отраслью средневековой нумизматики. По этому все новые данные по нумизматике

региона являются ценными источниками в исследовании торгового отношения в регионе.

В статье рассматриваются результаты исследовательских работ и выводы автора статьи по нумизматическим артефактам найденным во время периодический проведенных археологических работ в горде Туркестан и Туркестанскомском оазисе.

Приводятся новые данные доказывающие что Туркестанский регион в XV веке был на общем экономическом рынке с центральным Мавреннахром где торговля проводилась серебряными и медными монетами Бухары и Самарканда. Также, приводятся материалы связанные с производством собственных монет Ясы-Туркестана в начале XVI века.

Ортағасырлық ақшаларды зерттеуде түрлі әдістерді қолдану, тек ақша айналымының тарихын зерттеуде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірдің де көптеген сырларын ашуда тек көмекші материал ғана емес, өте маңызды, ең басты, тіпті, кей жағдайда бірегей дереккөзі болады. Мәселен, Е.А.Давидович Тәжікстаннан табылған XV ғасырға тән бірнеше көмбелерді зерттеу барысында ешбір жазба деректерде кездеспеген Ұлықбектің жүргізген ақша реформасын анықтады. Ол кісі реформаның жүзеге асқандығын анықтап қана қоймай, оның мазмұнын, реформаны жүргізудің мәнін және нәтижелерін көрсетіп берді [1, С. 10].

Қазақстан территориясындағы сауда-ақша айналымы барлық кезеңдерде бүкіл аумақта бір қарқында дамымады. Өйткені, Қазақстан территориясында әр аумақта қалалардың дамуы, экономикалық жағдайдың тұрақтылығы мен өндірістік әлеуеті түрлі деңгейде болған еді. Біз қарастырып отырған Түркістан аумағындағы ортағасырлық қалалардың экономикалық тұрғыда өркендеуі мен тауар-ақша қатынасының қарқынды даму кезеңі өлкенің Темір мемлекетінің құрамына енуімен сәйкес келеді [2].

Сырдарияның орта ағысында орналасқан ортағасырлық қалалардағы экономикалық-әлеуметтік жағдай барлық кезеңдерде Орта Азиямен тығыз байланыста болып отырған. Қазақстанның оңтүстік аумағы Орта Азиямен бір экономикалық нарықта өмір кешті. Осы жағдайға орай, XV-XVI ғ. басында Орта Азияда тауар-ақша айналымы қарқынды дамыған кезеңде, зерттеліп отырған аймақта негізінен Орта Азия ақша сарайларында соғылған ақшалар сауда айналымының негізін құрады [3, С.65].

Оңтүстік Қазақстан аумағында орналасқан ортағасырлық қалалардың өлке тарихын зерттеудегі маңызы ескеріліп, Қазақстан тарихын зерттеу ісіне байланысты археологиялық жұмыстар да ең алғаш осы өлкеде жүргізілді. Тек, XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап ортағасырлық Отырар, Түркістан, Сауран қалаларында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіле бастаған кезден бастап нумизматикалық табыстарға ғылыми зерттеу жұмыстары

жүргізіле бастады. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижелерінде табылған жекелеген табыстар мен тиындар көмбелері өлкенің VII ғ. бастап, XVIII ғасырға дейінгі ақша айналым тарихын зерттеуге мүмкіндік бере алатын біршама көлемді материалдар ұсына алады. Ең алғаш ортағасырлық Отырар қаласында 1971 жылдан бастап жүргізіліп келе жатқан археологиялық қазба жұмыстары негізінде Р.З.Бурнашева мен В.Н.Настич табылған жекелеген тиындар мен көмбелердің сипаттамаларын жасаған болатын [4, С. 289-342.]. Одан бөлек 1987 жылы В.Н.Настич тарапынан Отырар төбеде 1979-1985 жылдар аралығында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған нумизматикалық материалдардың каталогы жасалды [5, С. 224-254].

Кейінгі ортағасырда оңтүстік Қазақстан аумағы ерте дәуірлердегідей отырықшы мәдениет пен көшпенді мәдениеттердің синтезінен туындаған, өзіндік ерекшеліктері бар ірі өркениет ошағына айналды. Екі мәдениеттің тоғысқан жерінде Отырар, Түркістан, Сайрам, Сығанақ, Сауран сынды Сырдария бойындағы қалалардың экономикалық, өндірістік тұрғыда қарқынды дамуы орын алды. XV-XVI ғғ. экономикалық-саяси маңызы өскен Сырдария бойындағы қалалардың тарихы саяси тұрғыда жақсы зерттелген болса да, өлкенің әлеуметтік-саяси өмірін зерттеуде соңғы кезеңдерге дейін нумизматикалық материалдарды қоса қарастыру мәселесі кенжелеп қалып отырды. Оған себеп, зерттеуге қажетті материалдардың аздығы болды. Әрине, кезең нумизматикасы турасында жекелеген ғылыми мақалалар жазылған. Алайда, бұл зерттеулер өлке нумизматикасының тарихын, өлкенің ақша айналымын, сауда қатынастары мен өлкедегі ақша жүйесін толыққанды зерттеу үшін қажетті материалдармен қамти алмасы анық. Тек, XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап жүргізіле бастаған археологиялық зерттеу жұмыстарында табылған материалдар негізінде ғана толыққанды зерттеулер жүргізуге мүмкіндік туды.

Өлке Темір мемлекетінің құрамына енген соң мемлекет құрылымының барлық саласында орталық Мавераннахрмен етене жақын қатынасқа түсті. Бұл жағдайды Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық қалаларда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған нумизматикалық материалдар да растап отыр. Археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде табылған жеке тиындар мен ақшалар көмбелері аумақтағы сауда – саттық Мавераннахр қалаларында соғылған күміс және мыс ақшалармен жүргізіліп отырғандығын көрсетті [6, с. 55]. Нумизматикалық материалдар тарих саласының зерттелуінде өте маңызды толықтырушы материалдар болатындығын, XV ғ. өлкенің Орта Азиямен бір экономикалық алаңда өмір кешкендігін ескеріп, Түркістан қалаларының сауда-қаржылық тарихын зерттеуде бұған дейін біршама авторлар тарапынан жақсы зерттелген Орта Азиядан табылған нумизматикалық материалдармен салыстырмалы түрде қарастыратын боламыз [7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22].

XV-XVII ғғ. тауар-ақша қатынастарының үлкен қарқында жүргендігін Түркістаннан табылған 9, Отырардан табылған 8 мыс ақшалар көмбелерінің сандары мен ондағы ақшалар көлемдері де растап отыр.

XV-XVII ғғ. Түркістан Оңтүстік Қазақстандағы ең ірі орталықтардың бірі болды. Кейінгі ортағасырдағы Түркістан қаласының әлеуметтік-саяси өмірінің кей тұстарына қатысты зерттеулер жүргізілген болатын. Дегенмен, бұл зерттеулерде нумизматикалық материалдар бере алатын мәліметтер қатыстырылмаған [23, с. 52]. Қазіргі таңда, Түркістан қаласы мен өңірде жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде және кездейсоқ табылған нумизматикалық материалдар өлке мен қаланың әлеуметтік өмірінің тарихын бағамдауға мүмкіндік бере алады. Өлкенің ақша айналымы мен әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеуші ғалым Р.З.Бурнашева нумизматикалық материалдар негізінде бұрын беймәлім болып келген ақтаңдақтарына дәйекті түсініктемелер беріп келеді. Ол кісінің жүргізген зерттеу жұмыстары қала мен аумақта жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарында табылған нумизматикалық материалдарды саралау негізінде жүргізілді.

Түркістан қаласында ең алғашқы археологиялық зерттеу жұмыстары патшалық Ресей тұсында басталып, Кеңес өкіметінде жалғасын тапқан болатын. Бірақ өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейін қазба жұмыстары кезінде табылған нумизматикалық материалдарға лайықты көңіл бөлінбей келді. Түркістан қаласында жүргізілген қазба жұмыстарында табылған нумизматикалық материалдарды ең алғаш 1960 жылы археолог Г.И.Пацевич «Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи комплексінің қорғау аймағында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының есептерінде» тізімдеген болатын. Есепте көрсетілген нумизматикалық материалдардың ғылыми сараптамасын Р.З.Бурнашева жүргізді. Г.И.Пацевичтің есептерінде қазба жұмыстары кезінде мыс ақшалардан тұратын бес көмбе тіркелген. Алайда, қазіргі таңда бұл тиындар тазалау жұмыстары барысында бірігіп кетіп, жалпы саны 3000 данадан асатын тиындар комплексін құрайды. Тиындарды зерттеу барысында олардың барлығы XVI ғасырдың басы мен XVII ғ. алғашқы жартысына дейінгі уақыт аралығын қамтитын материалдар екендігі анықталды [24, С.32].

Ортағасырлық Түркістан қаласы мен Ясы - Күлтөбеде 1973-1974 жылдары қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары барысында табылған нумизматикалық материалдар Түркістанның XV-XIX ғғ. ақша айналымы жайында біршама мәліметтер бере алады. Нумизматикалық табыстар қатарында VII ғасырдың аяғы мен VIII ғ. басына тән Түркілердің Отырарда құйылған қола тиынының табылуы Күлтөбе мен Отырар арасындағы ертеортағасырдағы сауда байланыстарының болғандығын көрсетсе, XV-XVI ғғ. тән ақша үлгілерінің көптеп табылып отыруы, бұл кезеңде Түркістанның Темуридтер мен Шайбанидтер билігі тұсында өлкедегі маңызды қалалардың бірі болғандығын, мұнда сауданың қарқынды дамығандығын көрсетіп отыр.

1978 жылы Қожа Ахмет Ясауи комплексінің қорғау аймағындағы қазба жұмыстары жалғастырылды. Қазба жұмыстары кезінде табылған тиындар (77

дана) XIII-XIX ғғ. нумизматикалық материалдарынан тұрады. Мұнда Шағатай мемлекетінің ақшалары, XVI-XVII ғ. тән, беттерінде түрлі өрнектер түсіріліп отырған ұсақ мыс ақшалар, Ресей патшасы Алексей Михайловичтің XVII ғ. копейкалары, XIX ғ. Қоқан фельстерімен қатар, XV ғасырда Темір мемлекетінде Әмір Темірдің, Халил Сұлтанның аттарымен соғылған ақшалар, хижра жыл санағы бойынша 832 жылы Бұхарада соғылғандығы көрсетілген мыс ақшалар да көптеп тыбылды.

1979 жылы Ясауи кесенесінің айналасындағы қорған қабырғасын зерттеу мақсатында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде XIII-XX ғасыр аралығын қамтитын нумизматикалық материалдардың 107 үлгісі тіркелген болатын.

1996 жылы 10 маусымдағы ҚР министрлер кабинетінің қаулысы бойынша Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын атап өтуге қарар қабылданды. Осы шараға орай «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының әкімшілігі тарапынан ғылыми археологиялық зерттеулер жүргізу мен археологиялық ескерткіштерді өткізілгелі отырған шараға дайындау мақсатында Түркістан археологиялық экспедициясы (ТАЭ) құрылды. ТАЭ-нің жүргізілген жұмыстарының нәтижесінде көптеген жеке нумизматикалық ескерткіштер мен көмбелер табылды. [24, С.23]. 1996 жылы Ясы-күлтөбе археологиялық ескерткішінің ең төменгі қатпарларына дейінгі қабаттарын зерттеу мақсатында стационарлы зерттеу жұмыстары басталған болатын.

1997, 1998, 1999 жылдары Тоғанда М.Тұяқбаевтың жетекшілігімен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде де нумизматикалық материалдар көптеп табылған болатын. 1998-1999 жылдары Түркістанда жүргізілген нумизматикалық материалдарға сараптама жұмыстарын жүргізген Р.З.Бурнашева олардың XV-XIX ақшаларынан тұратындығын айтады. Түркістанның XV-XVI ғ. басында ақша айналымы негізінен Орта Азиялық ақшалармен жүргендігін айтады. Олардың кейбірінің беттеріне Самарқан, Хисар, Ташкент ақша сарайларында үстінен қайта шекімелер (надчекан) түсірілген [24, С.47]. Ол кісінің зерттеулері бойынша XV ғасырдың аяғы мен XVI ғ. алғашқы ширегінде бұған дейін ақша шекімесімен айналысқандығы белгісіз болып келген Сайрам ақша сарайы қарқынды жұмыс істеген. Сайрамда тек қана толыққанды мыс динарлар ғана соғылып қоймай, басқа ақша сарайларының ақша өнімдерінің беттеріне үстінен қайта шекімелер де түсіріліп отырған. Мұндағы ақша шекімесі тауар-ақша айналымының барынша қарқын алған кезінде іске қосылған сияқты. Ақша сарайы өте қарқынды жұмыс жасағанымен 20-25 жылды ғана құрайтын қысқа мерзім ішінде ғана іске асырылған болуы керек [24, С.49]. Сол жылы Түркістан аумағындағы Жүйнектөбе, Қарнақ, Қосқорған, Міртөбе, Төрткүл I-II археологиялық ескерткіштерінен XV-XVI ғғ. тән Орта Азиялық нумизматикалық ескерткіштердің көп көлемде табылуы Сырдария бойындағы қалалар мен Орта Азия қалаларының арасында сауда қатынастарының қарқынды жүргенін, екі өлкенің бір экономикалық аумақты түзгендігін көрсетумен қатар, сол кезеңде ақша - сауда қатынасының қарыштағандығын да көрсетіп отыр.

Жүргізіліп отырған археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылып отырған нумизматикалық материалдар XV ғ. Сырдария бойындағы аумақтағы сауда-саттық толықтай Орта Азияның күміс және мыс ақшаларымен қамтылып отырғандығын көрсетіп отыр. XV-XVIII ғғ. Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі ауылшаруашылық орталықтарындағы экономикалық-әлеуметтік жағдайларға жасалған сараптама жұмыстары да қарастырылып отырған кезеңде Орта Азияның экономикалық өмірінде орын алған процестер Сырдария бойындағы қалаларды да айналып өтпегендігін көрсетеді. Қарастырылып отырған кезеңге қатысты нумизматикалық материалдардың көрсеткіштері бойынша Сырдария бойындағы қалалардың Мавераннахрмен ортақ экономикалық аймақ түзгендігі анық байқалады [23, С.55]. Өлкеде, тек XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдан бастап тауар-ақша айналымының жаңа күшті лебі орын алған тұстан бастап жергілікті ақша сарайлары аумақты өз ақша өнімдерімен қамтамасыз етуді бастады [24, С.126].

XV ғасыр мен XVI ғасырдың басына дейінгі аралықта Оңтүстік Қазақстан аумағының Орталық Мавераннахр ақшаларымен қамтылып отырғандығын 2002 жылы Түркістан қаласындағы Қарашық қорымынан табылған көмбе де растай түседі. Көмбені көр қазушы Нұрдилла Карибаев есімді кісі Қарашық өзенінің оң жақ жағалауында Түркістан қаласының өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап қорым ретінде пайдаланыла бастаған жерде мола қазу кезінде 70 см. тереңдіктен тапқан. Аталмыш мыс ақшалар көмбесінің қатарының басым бөлігі бұған дейін де Орта Азия мен Тәжікстаннан көптеп табылып отырған XV ғ. көмбелері сияқты хижраның 832 жылы (1428-1429 жж.) соғылған Бұхара эмиссиясынан тұратындығы анықталды.

Бұл көмбенің құрамы Темуридтер дәуірінің мыс ақша айналымының Ұлықбек реформасы бастау алған тұстан XV ғасырдың соңына дейінгі кезеңдегі ерекшеліктерін барынша толық көрсетіп бере алады деп айта аламыз. Сол кезеңге тән барлық көмбелер сияқты оның да құрамының негізгі бөлігін Бұхара ақша сарайының 832 х. жылғы өнімдері құрағандығымен, көмбе құрамында реформаның алғашқы кезеңі мен реформадан кейінгі кезеңде жұмыс жасаған ақша сарайлары - Самарқан, Термез, Хутталян, Урду, Шахрухия, Андиган, Балх, Герат, Қарши және Қашғардың ақша өнімдерімен қатар, типтік қатынасы бойынша Ширваншахтар мемлекетінің Баку ақша сарайында соғылған ақша да бар. Бұл ақша беттерінде соғылған жылдық көрсеткіштері түсірілмеген. Осы кезеңге тән, Орта Азиялық көмбелер арасынан бұл типті ақшалар кездескендігі жайлы мәліметтер жоқ. Дегенмен, бұл ақшаның соғылған мерзім аясын XV ғ. аяғы мен XVI ғ. басына сыйдыруға болатындай.

Көмбеде реформа тұсында соғылған ақшалар ғана емес, сонымен қатар, XIV ғ. аяғында (767/1377-78 ж.) Янги ақша сарайында соғылған 1 дана мыс ақша да кездесті. Бұл ақша көмбе қатарындағы ең көне ақша үлгісі болып отыр. Янги ақша сарайы XIII ғ. аяғы мен XIV ғасырдағы Масуд бек реформасы тұсында күміс ақшалар соғу ісінде белсенді жұмыс істегендігі белгілі. Көмбе құрамында Янги ақша сарайы өнімінің кездесуі Темуридтер мемлекетінің

бастапқы кезеңдерінде де Тараз өлкесі өз маңызын жоймағандығын көрсетіп отыр.

Жоғары айтып өткеніміздей, Бұхара ақша сарайында 832/1428-29 ж. соғылған ақшалар бір типте соғылып отырған. Алайда, Қарашық көмбесінің құрамында Бұхара ақша сарайында соғылған ақшалар арасында типологиялық тұрғыда өзгешіліктерге ие бірнеше ақшалар бар. Бұл тиындардың сақталу жағдайлары нашар болуы мен үлгілердің сирек кездесетіндіктеріне байланысты олардың толық реконструкциясын жасау мүмкін болмады.

Көмбе құрамындағы сирек кездесетін ақшалар қатарында 854/1450-51 ж. Балх пен 832/1428-29 жылдық көрсеткішпен Гератта соғылған мыс ақшалар бар. Балх ақша сарайында соғылған мыс ақша толықтай Бұхара эмиссиясының типін қайталап, ақша сарайының атауының жазбасымен ғана ерекшеленеді. Бұған дейін 854/1450-51 жылы соғылған ақшалар қатарында Самарқан мен Шахрухия өнімдері ғана белгілі болған еді. Көмбе құрамындағы Балх ақша сарайының өнімі, 854/1450-51 ж. бұл ақша сарайының да ақша өнімін шығарып отырғандығын көрсетіп отыр. Ал, Герат ақша сарайының 832/1428-29 ж. ақша өніміне келер болсақ, бұл ақша сарайының көмбе құрамындағы 2 дана үлгісі 832/1428-29 ж. Герат ақша сарайының да реформа тұсында атқарылған процестерден тыс қалмағандығынан хабар беретін тұңғыш көрсеткіш болып отыр. Ұлықбек реформасында соғылған ақшаларымен бір типте соғылған Балх пен Гераттың бұл ақша өнімдері реформаның тек Маверранхрда ғана емес, Шахрух билігіндегі жерлерде де іске асырылғандығын да көрсетіп отыр. Көмбе құрамын зерттеу барысында белгілі болып отырған бұл жайтты, Ұлықбек жүргізген ақша реформасының бүкіл мемлекеттің сұраныстары мен қажеттіліктеріне жауап бере алатын өте ұтымды, дер кезінде атқарылған шара екендігін танудан туған болса керек.

Реформаның бүкіл мемлекетті қамтығандығын көрсететін көмбе құрамындағы бірегей тиындар қатарына 832/1428-29 жылдық көрсеткішпен Жендте соғылған 2 дана мыс ақшалар да жатады. Женд қаласының 832/1428-29 ж. ақша өнімдерінің алғаш рет кездесіп отыруы, бұған дейін белгісіз болып келген тың деректі ортаға шығарды. Бұл ақша үлгілері Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы қалалар арасында Женд қана 832/1428-29 ж. мыс ақшалар соғу процесіне қатысқандығынан хабар беріп отыр.

Көптеген тиындар беттерінде үстінен қайта шекіме іздері түсірілген. Көмбе құрамындағы тиындар беттерінде үстінен қайта шекімелердің екі түрі бар. Тиындар беттеріне түсірілген үстінен қайта шекіме іздерінің көпшілігі 1-ші типтің II-ші разрядының 2-ші типті үстінен қайта шекімелері. Е.А.Давидовичтің жүргізген зерттеулері бойынша 832/1428-29 жылдық көрсеткішімен соғылған ақшалар беттеріне түсірілген бұл типтегі үстінен қайта шекімелер XV ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың соңына дейінгі аралықта түсіріліп отырған.

Ясы-Түркістан ақша сарайы өзінің ақша шекімесі жұмысын XV ғасырдың аяғында немесе XVI ғасырдың басында бастағанға ұқсайды. Қазіргі таңда 907/1401-02 ж. бетінде елік бейнесі түсірілген Иасы ақша сарайының мыс

ақшалары мен XV ғасырдың аяғында Ташкентте соғылған ақшалар беттеріне Иасының үстінен қайта шекімесі түсірілген үлгілері белгілі [25, С.21]. 1912 жылы «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының қорына Ораңғай елді мекенінің тұрғыны Халметов Бекжан есімді кісі өзіне тиесілі жер телімінде құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде трактормен сырылған жерде шашылған мыс ақшаларды жинап алып өткізген болатын. Шашылған ақшалардың бір көмбенің бөлігі екендігі анық. Мұражай қорына өткізілген тиындар саны 54 дана. Бұл көмбе бөлігінің құрамында XVI ғасырдың басына тән екі дана Иасы ақша сарайының ақшасы мен бір дана Иасы қаласында үстінен қайта шекіме ізі түсірілген тиындар анықталды. Бұл жағдай да Иасы ақша сарайының ақша шекімелеу жұмыстарын XV аяғы мен XVI ғасырдың басында бастағандығын растай түседі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Давидович Е.А.. Клады древних и средневековых монет Таджикистана. Москва: Наука, 1979. – 462 с.
2. Настич В.Н. К периодизации монетной чеканки Отрара и ее роли в денежном хозяйстве города и области // Ближний и средний восток. Товарно-денежные отношения при феодализме. Москва. 1980. С.168
3. Бурнашева Р.З. Отрар, Отрарский оазис, и Южный Казахстан. Нумизматические исследования по денежному делу южноказахстанских городов VIII-XVII вв. Алма-Ата: Наука, 1989. – 78 с.
4. Бурнашева Р.З., Настич В.И. Каталог монет из раскопов и сборов на городище Отрар-тобе (1971-1977 гг.). В книге поздсредневековый Отрар (XVI-XVIII вв.) Акишева К.А., Байпақова К.М., Ерзаковича Л.Б. Алма-Ата, 1981, с. 289-342.
5. Настич В.И. Каталог монет городища Отрар-тобе (1979-1985 гг.). В кн.Отрар в XIII-XV вв. Акишева К.А., Байпақова К.М., Ерзаковича Л.Б. Алма-Ата, 1987, с. 224-254
6. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Алматы: «Қазақ университеті», 2006. - 356 с.
7. Бурнашева Р.З. Клад серебряных темуридских монет конца XIV-начала XV в. с городища Куйрук-тобе (Отрарский оазис). Изв. АН Каз. ССР, серия общ. наук. 1989. №2, с. 37-45.
8. Давидович Е.А. Чилекский клад медных монет XV- начала XVI в. (источниковедческий анализ). Памятники истории и литературы Востока. Период феодализма. М. 1986. С. 8-25.
9. Давидович Е.А. Материалы для характеристики денежной реформы Улугбека. В кн. Из истории эпохи Улугбека. Ташкент. 1965, с. 274-299.
10. Давидович Е.А. Материалы для характеристики чекана и обращения Среднеазиатских медных монет XV в. НЭ, т.5, 1965, С. 225-248.



11. Давидович Е.А. По поводу двух кладов медных монет XV в. из Таджикистана. Эпиграфика Востока. XVII. 1966.

12. Давидович Е.А. О времени максимального развития товарно-денежных отношений в средневековой Средней Азии (К постановке проблемы). НАА, 1965, №6.

13. Давидович Е.А. Новые нумизматические материалы для характеристики товарно-денежных отношений на территориях Южного Таджикистана в XV в. Сб. Абдурахман Джами. Эпоха, жизнь и творчество. Душанбе, 1965.

14. Кочнев Б.Д., Шпенева Л.Ю. Новый клад медных монет XV века. ИМКУ, вып. 19, Ташкент, 1984. С. 238-265.

15. Массон Е.М. К истории монетного чекана Средней Азии в период правления Тимура и Халил-Султана. Общественные науки в Узбекистане, 1969, №8-9, С. 51-63.

16. Федоров М.Н. Клад монет Улугбека из Самарканда. ОНУ. №8-9, С. 98-99.

17. Сусенкова Р.С. Клад медных монет конца XV в. из горного селения Сукок Ташкентской области. Труды САГУ. Новая серия. Вып. III. Исторические науки. Кн. 25. Ташкент, 1957.

18. Шпенева Л.Ю. Клад медных монет конца XV- начала XVI в. из Ташкентской области. Нумизматика Узбекистана. Ташкент, 1990, С. 100-115.

19. Шпенева Л.Ю. Новые данные о надчеканах на медных монетах Мавераннахра в XV в. Седьмая Всероссийская нумизматическая конференция. М. 1999, С. 73.

20. Шпенева Л.Ю. Клад медных тимуридских монет из села Мади Ошской области. Ош и Фергана в исторической перспективе. Вып. 5. Бишкек, 2000, С. 103-104.

21. Шпенева Л.Ю. Новые клады монет XV – начала XVI в. из Ферганы. Вторая нумизматическая конференция 1987 г. Тезисы докладов и сообщений. М. 1987, С. 66-68.

22. Шпенева Л.Ю. Клады монет XV в. с городища Афрасиаб. Культура древнего и средневекового Самарканда и исторические связи Согда. Тезисы докладов советско-французского коллоквиума. Самарканд, 1990. С. 110-111.

23. Бурнашева Р.З. К вопросу об экономическом положении позднесредневекового города Туркестана и области (XV-XIX вв.) // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: «Наука», 1983. - 231 с.

24. Бурнашева Р.З., Смагулов Е.А., Туякбаев М.К.. Клады и монеты Туркестана. –Алматы: Баур, 2006. – 204 с.

25. Бурнашева Р. З. Денежное обращение в городах южного Казахстана в XV-XVIII вв. (Историко-нумизматическое исследование). Туркестан, 2006, 255 с.

*Адиев Даулетияр*

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қор сақтаушысы

## АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ: МУЗЕЙ ҚОРЫНДА САҚТАУЛЫ НАРТАЙДЫҢ ҮЗЕҢГІСІ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУ

### Түйін

Мақалада музей қорында сақталып тұрған Нартай Бекежановтың үзеңгісі жайлы болмақ. Сонымен қатар, мақалада ақынның өмірбаяны, шығрамашылығы мен еңбектері, өмір сүрген ортасы жайлы

### Аннотация

В статье речь пойдет о стремени Нартая Бекежанова, которое хранится в музее. В статье также рассказывается о биографии, творчестве и окружении поэта.

**Халқымыздың арғы-бергі өткеніне бажайлап көз жүгірткен жан Ұлы өркениеттің сайраған ізін аңғарары хақ.** Кешегі өткенімізді түгендеп, тарихын зерделер тұста қолға іліккен жәдігерлерді келешек ұрпақ кадесіне жарату – үлкен парыз. Музей қорындағы әр бір жәдігердің өзіндік тарихы мен айтары бар. Құнды жәдігерлердің арасында жылқы әбзелдерінің орны ерекше. **Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында нақтылап көрсеткендей «Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді» [1,1].**

Осындай ат әбзелдерінің бірі **Ұлы даланың белгілі перзенті, халық ақыны әрі композитор Нартай Бекежанов** тұтынған үзеңгісі деп Түркістан қаласының тұрғыны **1999 жылы музейімізге өткізген**. Үзеңгі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық музейінің құнды жәдігерлеріміздің бірі деуге болады. Осы орайда ақынның өміріне тоқталып кетуді санадық. Нартай Бекежанов 1890 жылы наурыз айының 26 жұлдызында Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, «Коммунизм» колхозына қарасты (қазір Нартай Бекежанов ауылы) «Бестам» деген жерде орта шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесінің аты Алыпқаш, үлкен атасы Бекежан. Білетіндер Нартайдың арғы аталарында ақындық не басқадай өнер болмаған. Әкесінің өзі Нартай атамыз екі жасқа келгенде дүниеден озады. Нартайдың

анасы Бақтыгүл ақындығымен, әншілігімен өз ортасына белгілі жан еді. [2, с.58] Талабы таудай, зерек бала Нартай ана бойындағы асыл өнерді қағып алып, бойына сіңіріп отырған. Анасымен қатар, тапқырлығымен, ақындығымен танымал туған ағасы Мәнсүр Нартайдың бойында бұлқынып тұрған ағынды аңғарып, оның өнер жолына түсуіне көп ықпал жасаған. Ол халық әндерін меңгеріп, ұлттық аспаптарында да ойнай білген. Осылайша серілік құрып, әнші-ақын атанып жүрген шағында Сыр бойына Арқадан Үкілі Ыбырайдың жиені атақты Тайжан ақын келеді. Нартайдың алаңсыз өнерге бет бұруына Тайжан Қалмағанбетов үлкен себепкер болады. Тайжан ақыннан сол кезде Нартай он екі жас кіші екен. Бір жылдан астам уақыт бірге еріп жүріп, бауыр басып қалған Нартай оның өлендерін жаттап, әндерін ерінбей үйренеді, зердесіне түйеді, қыр-сырына қанығып, орындай бастайды. Нартай Тайжан ақынды ардақты аға тұтып, құрметтеп батасын алып, өз жүрек қалауымен ел аралап, той-думан, жиындарға қатысып, халық алдына шығып, әсем үн қалықтатып, жыр жырлайды. Анасы Бақтыгүл, ағасы Мәнсүр, ақын Тайжан мектептерінен өткен соң, Нартайдың да есімі елге кеңінен танымал бола бастайды. Мұнысын бір жырында: –

Қоймады бұл ақындық қашқанменен,

Он жеті үйір болды жастан бермен.

Тоқталып қайнар бұлақ қарап жатпас,

Үстіне тау көтеріп басқанменен, – деп бейнелепті.

Иығында сырнайы, қолтығында домбырасы бар Нартай жүрген жерінің бәрінде халықты сән-салтанатқа, ән мен жырға, думанға бөлеп, өнерге шөліккегендерді сусындатып, айызын қандырды. **Халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев ол туралы кезінде былай деген еді:**

О, Нартай, шешен таңдай, қасқа маңдай,

Аузыңнан шыққан сөзің шекер-балдай.

Айтыссаң, алдырмайсың ақындарға,

Жарқырап қараңғыда жаққан шамдай. [3,5]



Нартай суырыпсалма айтыскер ақын ретінде 1943 жылы Алматы қаласында өткен айтыста кілең дүлдүл ақындар арасында Шашубай, Нұрлыбектермен қатар жеңімпаз атанаып, бірінші орынды қанжығасына байлады. Ақын Нартай шебер композиторлығымен де танымал. Қиын иірімді әндерін өзі ғана орындайды екен. Әрбір өлең-жырын әртүрлі мақаммен айтып отырған. Оның «Бастау», «Ақау жалған», «Игигай», «Толқын», «Бейбітшілік», «Өздерің білер Нартаймын» әндері оның асқақ үнімен бізге жеткен мәдени мұрамыздың алтын қорына қосылған дүние десекте болады. Жасы ұлғайып қалған ақын-әншінің өміріндегі зор белес - 1949 жылы мамыр айында Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің екінші онкүндігіне қатысуы еді. 1936 жылғы онкүндікті ұлы Жамбылдың жырымен ашқаны белгілі. Ал мына онкүндікті кімге аштырамыз дегенде, Ілияс Омаровтың ұсынысымен басшылар Нартайға бірауыздан тоқталыпты. Шашубай мен Кенен де Нартайды алға салып қолайлаған көрінеді. Мәскеу аспанында осылайша Нартай әуені қалықтайды. Ақын- композитор, әрі орындаушы әнші бола білген халық өнерпаздарының озық салтын көнертпей биігінен аласартпай, әрі қарай жалғастырып, көтеріп әкететін жаңа ұрпақ өкілдерінің өнеге тұтуға жарарлық тұлғаларының бірі де - Нартай Бекежанов деуімізге әбден болады. [4, с.171] Ақын Нартайдың халқына сіңірген қалтқысыз еңбегі, оның ақындық, композиторлық-әншілігі - көзі тірісінде де әділ бағаланды. 1939 жылы оған Қазақ КСР өнеріне еңбек сіңірген қайраткер атағы беріліп, сол жылы КСРО Жазушылар Одағы мүшелігіне қабылданады. 1945 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталады. Ақын өмірінің соңғы жылдарын денсаулығы сыр бергендіктен өзінің туған колхозы «Үлгіліде» өткізеді. Халқының сағынышына айналған атақты ақын Нартай Алыпқашұлы 1954 жылы, өз ауылында, Пайғамбар жасынан бір жас асып, дүниеден озды. Осындай нар тұлғалы атамыздың ат үстіне мініп түсуінде табаны талай тиген үзеңгісі КК№961/1,2 номерімен **«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық музейінің** қорында тіркелген. Үзеңгі - ертұрман әбзелдерінің бірі. Ол атқа оңай мініп-түсу үшін және ат үстінде мығым отыру үшін пайдаланылады.



Археологиялық зерттеулерге қарағанда үзеңгі б.з.б. I-мыңжылдықтан бастап қолданылып келеді. Бұл қарапайым зат бүкіл көшпелі өркениеттің алға басуына өз ықпалын тигізген.

Қазақ шеберлері үзеңгіні ағаштан, қоладан және темірден жасаған. Ағаш үзеңгілер (солтүстік аудандарда) қайыңнан иілген. Темір үзеңгілердің сыртын күміспен әшекейлеген. Кейде ою-өрнектер де түсірілген. Дәстүрлі қазақ қоғамында үзеңгінің түрлері (жалпақ табан, торлама, ашамай, т.б.) көп. Музей қорындағы Нартай үзеңгісі жалпақ табан үзеңгі түріне жатады, үзеңгі жезден (латунь) құйылып жасалған. Үзеңгінің биіктігі 20 см. Екі дана қылып жасалған. Іші – үзеңгінің ені 12,9 см ал 2 шісі 12,8 см болып келген. Үзеңгі бір-біріне құйылып жалғасқан екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлінгі құлақ деп аталады. Құлақ Үзеңгінің жоғарғы бөлігі яғни ерге былғары қайыс арқылы жалғанатын бөлігі. Үзеңгінің құлағы төртбұрыш пішінді болып биіктігі 3,5 см ұзындығы 5 см келген. Үзеңгінің екінші бөлігі басқыш немесе табан тірегіш деп аталады. Үзеңгінің табан тірейтін жері жалпақ болып жасалған оның ұзындығы 12 см ені 5 см болады. Табан тірейтін жерінің астыңғы жағы иректеліп әсемделген.. Ердің екі қапталына қайыс бау арқылы тағылады. Екі қабырғасының жоғарғы жағында таралғы өткізетін тесік болады, ал аяқ киімнің табаны тұратын жері тұтас сопақша болып келеді. Ерге үзеңгі тақпаса адам атқа оңай мініп, оңай түсе алмайды. Тіпті атқа мінген күннің өзінде де аяғын үзеңгіге салып отырмаса атқа орнықты отыра алмайды. Сондықтан үзеңгі ат әбзелдері ішіндегі маңызды бөлігінің бірі саналады. Музейіміздің қорында сонау Әмір Темір жасатқан жәдігерлер мен Қабанбай батырдың қанжары сынды құнды да бағасы жоқ мұралардың арасында қазақ өнерінің майталманы, өнері қайталанбас біртуар ақын-композитор Нартай Бекежановтан қалған жәдігер құнды дүниелер қатарынан ойып орын алатыны бағалар жанға көзқуаныш екені даусыз. Нартай ақынның заманында ақынның ат үстінде тұрып домбырасымен, сырнайымен еркін ойнауына үзеңгінің көп пайдасы тигендігі айдан анық.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Егемен Қазақстан «Ұлы даланың жеті қыры» Н.Назарбаев. 21 қараша, 2021 ж. б.1
2. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия. 1998 ж. 58 б
3. Н. Бекежанов. Аманат: Өлеңдер, айтыстар, дастандар.- Алматы: Жазушы, 2009. Б.5
4. Қазақ Әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық- Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010. 171 б

*Байболов Берік Қыстайбайұлы*  
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-  
мәдени қорық-музейі» РМҚК  
Ғылыми зерттеу бөлімінің басшысы.  
Философия магистрі.

## ЭКСПОЗИЦИЯ ЖӘНЕ КӨРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

### **Түйін**

Мақалада музей ісі, экспозиция және көрме жұмыстарын дамытудың негізгі мәселелері баяндалады.

### **Аннотация**

В статье рассматриваются основные вопросы развития музейного дела, экспозиционной и выставочной работы.

Еліміздегі музей-қорықтар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын негізге ала отырып, Мәңгілік Ел идеясын ұстанған ұлтымыздың тарихы мен мәдениетін, руханиятын насихаттау жұмыстарын тың серпінмен қолға алып отыр. Осы орайда, бағдарламалық мақалада көрсетілген бағыт бағдарларды орындауда отандық музей ісіне де көптеген міндеттер жүктеліп отыр.

Бүгінгі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде аталмыш жоба аясында атқарылған жұмыстар оң нәтижесін беріп отыр. Қаншама тарихи нысандардың орны анықталып, археологиялық зерттеулер жүргізіліп, тарихи орындарға ашық аспан астындағы экспозициялар құруға мүмкіндіктер ашылуда. Аршылған нысандарды қалпына келтіру мақсатында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі аумағында орналасқан «Хан ордасы», «Хан мешіті» орындары мен Күлтөбе қалашығы, «Мүсәллә», «Тәкия», «Жеті ата», «Дарбаза» қақпалары тұрғызылған болатын. Өткен тарихымыздан сыр шертетін орындарға арнайы жолдар салынып, экскурсиялық маршруттар ашылатын күн де алыс емес.

Музей ісіндегі бір сала экспозиция және көрме жұмыстары болып табылады. Экспозиция және көрме жұмыстары музейдің жәдігерлерін насихаттай отырып, экспозицияда еліміздің өткені мен бүгінгі тарихын, көне құнды жәдігерлерімізді заттай көрсетуді мақсат тұтады. Қазіргі түсінік бойынша топшыласақ музей экспозициясы - музей жәдігерлерін бір мақсатқа бағыттап ғылыми негіздейді. Экспозиция термині қайдан шықты мағынасы не ойды түйеді деген сауалға жауап іздесек? Экспозиция сөзі латынның «expono» жаю, көрсету деген сөзінен шыққан. Халық назарына қойылған барлық жәдігерлерді экспозиция деп атауға болады. Бірақ музей экспозициясының өзіндік спецификасы бар. Оның негізін кез-келген зат емес, өзінің тарихы бар

музей жәдігері құрайды. Экспозицияда олар жаңа статусқа ие болып, экспонат атанады. Экспозицияға жәдігердің тек түпнұсқасы мен қатар көшірмесі де қойылады. Ал қосалқы шығармашылық музейлік бұйымдарға: түпнұсқа жәдігердің көшірмесі, муляж, кесте, макет, диаграммалар жатады. Оларға да құнды экспонат секілді қорғалу құқығы беріледі. Экспозиция құрылғанда жәдігерлер бір-бірімен үйлесімділік табуы қажет. Музей экспозициясында жәдігерлер үйлесімділік тапқанда табиғаты мен мазмұны ашылып, көздеген мақсатына жетеді. Бұл дегеніңіз экспозиционер мен дизайнердің деңгейін айқындайды.

Экспонаттарды ақпараттық айқындау мақсатында экспозицияда ғылыми-көмекші қор материалдары карта, схема, диаграмма, таблицалар арқылы да көрсетіледі. Экспозицияға қойылған жәдігерлер келушілерге мәдени-рухани, тарихи танымдық дүниетанымын дамытып, санасына қозғау салып жатса, музейдің қоғамдағы орны айқындыла түседі. Егер жәдігерді тәжірибелік жағынан пайдаланса, онда оның белгілік қызметі екінші орында қалып, утилитарлық яғни тәжірибелік жағы алға шығады. Экспозиция жұмысы музей ұжымы жасап шығарған ғылыми тұжырымға негізделеді. Олар белгілі мағына беретін құрал ретінде қызмет етеді. Сондықтан музей экспозициясы ерекше мәтін болып табылады. Қойылған жәдігердің мәтіні болуымен шектелмей, түсінікті болуы да шарт. Экспонаттар – белгілі сол затты жасап шығарған немесе қолданған экспозиция авторының сезім мен ойын, талғам мен түсінігін адамдарға жеткізе алады.

Музей саласын экспозициялау жұмысында музеефикация тақырыбы қатар жүреді. Музеефикация тарихи-мәдени көне жәдігерлерді жаңартып, музей экспозицияларында көрсету. Демек музеефикациялау кез-келген музейді қайтадан жаңғыртып жасау деп те ұғынуға болады.

Ел Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдық мерейтойына орай, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Асхана, Құдықхана және Үлкен Ақсарай бөлмелерін музейлендіру жұмыстары жүргізілді. Түркістан тарихы музейінің экспозициясы алпыс пайызға жаңғырды.

2019 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Ақсарай бөлмесі «Түркістан - Қазақ хандығының Ақ Ордасы» тақырыбында қайта музейлендірілді. Ұкаша ата тарихы музейі, Рәбия Сұлтан бегім кесенелеріне тақырыптық экспозиция орналастырылды. 2020 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Кітапхана бөлмесі тарихи келбетін сақтай отырып, музейлендірілді. Тарихи сананы жаңғырту мақсатында 2021 жылы Тайқазанды қоршай орналасқан он ту мен аспалы шырағдан экспозицияға қойылды.

Музей ісінде экспозиция құрудан алдын атқарылатын негізгі мәселелер қашан да музей құрушы саласы мамандарының көкейінде бірінші кезекте тұрады?. Музей құрушы құрылатын экспозиция тақырыбын бекіткен күннен бастап, ғылыми тұжырымдамасын жазып, ғалым мамандардың назарына ұсынады. Сметалық жоспары бекітіледі. Құрылымдық жоспары дайындалып, экспозиция құру жұмысы басталады.

Экспозиция жасақтағанда негізгі атқарылатын жұмыстардың бірі - этикетаж. Этикетаж жәдігердің атауы, мерзімі, жасалуы, мекені туралы анықтамадан тұрады. Этикетаждардың бір түсті, бір көлемде жасалғаны экспозицияның жұмысын деңгейін көрсетеді [1,75]. Болашақта музей саласында этикетаж терминін қазақ тіліндегі баламасы ретінде «жәдігердің анықтамалығы» деп аударуды ұсынар едім.

Отандық музейтануда дәстүрлі экспонаттау әдісі бар. Олар жүйелілік, ансамбльдік, ландшафттық және тақырыптық экспозициядан тұрады.

Экспозиция материалын ұйымдастырудың ғылыми принциптеріне жүйелілік экспозициясы жатады. Ол XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. бірінші жартысында ғылым сферасындағы қарқынды дамуы музейлерді құру кезінде пайда болды. Экспонатты жүйелеу әдісі ұқсас заттарды іріктеу, тарқату және түсіндіруді ғылыми тәртіпке немесе өндірістік сала бойынша жіктейді. Жүйелікті экспозицияның негізгі құрылымдық бірлігі ол заттың биологиялық, технологиялық және басқа да даму түрлерін көрсетеді. Экспонатты жүйелеу әдісі - көбіне жаратылыстану ғылымы, ғылыми-техникалық, археология және этнография, қолданбалы өнер музейінде, музейдің қор сақтау бөлімінде кең қолданылады. Шамамен XIX ғасырдың ортасында жүйелеу әдісінің негізінде құрылған этнографиялық музей экспозицияларында «өмірлік комплекстер» деп аталатын ансамбльдер қосыла бастады. Ол әдіс жәдігердің нақты байланысын бейнелеуге ұмтылды. Мәселен, «тұрғын үй», «шеберхана», «шөп шалғын», «той» «үй шаруашылығы», «еңбек ету», «діни және мерекелік шараларды» көрсететін этнографиялық комплекстер болып табылады. Осындай экспозицияларда музей заты өзінің орнын тақырыбын тапқандай көрінеді. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Батыс Еуропа елдерінде тек ансамбльден тұратын алғашқы экспозициялар пайда болды. Бұл экспозициялар ашық аспан астындағы музейлерде кең етек жаюымен тарих сахнасында қалды. Ал ансамбльді экспозиция - нақты өмірде болған, ғылыми дәлелі бар әлеуметтік-мәдени орынды сақтайды немесе қайта құрастырады [2,427-428]. Ансамбльді музей әдісіне «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің аумағында орналасқан «Қылуат жерасты мешіті» музейі, «Жұма мешіті» музейі мен «Құмшық ата жерасты» кешенін жатқызуымызға болады.

Музей затын өз орнында сақтап немесе қалпына келтіретін экспозициялық комплекс ансамбльдік көріністің құрылымдық бөлігі болады. Ол әртүрлі экспонаттардан – еңбек құралы, қару, киімдер, жиһаздар, қолданбалы – тоқыма өнерінің бұйымдары, бейнелеу және жазба материалдарынан тұрады. Оның себебі бұл комплексте заттардың арасындағы нақты және жанама байланыстар бар. Ансамбльдік экспозицияда сурет, мүсін, жиһаз, қолданбалы-тоқыма бұйымдарды біріктіріп, көркем байланыстыратын экспонаттардың стильдік ерекшеліктері болады. Мәселен, Ресейдің атақты Павловск Үлкен сарайындағы «XIX ғасырдағы орыс тұрғын үй интерьері» («Русский жилой интерьер XIX века») осы принциппен құрылған. Оның он алты залында әдеби, құжаттау және бейнелеу деректері негізінде жоғарғы



сатыны құрайтын орыс қоғамының қалалық үйлері мен жеке үйлерінің жай ғана интерьері берілген. Жиһаздардың қойылуы, портрет пен суреттердің ілінуі, фарфор мен қоладан жасалған бұйымдардың қойылуы тиімді ойластырылып, бір стиль мен ритмге және хронологияға негізделген. Мұндай экспозициялар жүз жыл аралығында өмір сүру салты талғамының, әдемілік пен ыңғайлылық туралы түсініктің өзгеруі мен бақылауына мүмкіндік береді.

Әлемдік музей тәжірибесінде дәл осы ансамбльдік экспозициялар көп таралды. Көрушілерге түсінікті болып қана қоймай, қызығушылық тудырып, қатты әсер қалдырады. Көптеген музейлардың барлығы дерлік экспозициялық алаңдарын осындай ғимараттар мен интерьерлерде жасайды.

Табиғи компоненттердің өзара байланысы мен мұқтажынан ансамбльдікпен қатар ландшафттық экспозиция құрайды. Олардың негізгі құрылымдық бөлшегі – ландшафт пен биотоптың диорамасы болып табылады. Экспонаттаудың ландшафттық әдісі биотоп түрінде жаратылыстану ғылымы мен музейларда ХІХ ғасырдың ортасында пайда болды.

ХІХ ғасырдың аяғында жаратылыстану ғылымы мен музей тәжірибесінде ландшафттық экспозицияның бөлігі болған панорама мен диорама енді. Панорама грек тілінен аударғанда рап-барлығы, *horama*-көрініс деген мағынаға саяды. Панорамада келушілер үлкен лента тәрізді картинаны елестетеді. Алдыңғы жағында макеттер, ғимараттар, фигуралар қойылып, осыған жалғастырылып суреттер салынады. Панораманы көруші шын өмірдің өзін көргендей әсерде қалады. Панораманы алғаш рет 1787 жылы ирланд суретшісі Р.Баркер Эдинбург қаласының келбетін жасаған еді. Ол бірте музей экспозицияларында кең көлемде пайдалана бастады.

1893 жылы Стокгольмдегі жаратылыстану тарихы музейында Швеция табиғаты бейнеленген бірінші биологиялық панорама құрылды. Үлкен матаға осы елге тән пейзаж панорамамен көрсетіліп, әрі қарай картинаға жалғасты. Алдыңғы қатары сол жердің тау-тасы, бұлағы, өсімдігі мен батпағына дейін дәлдікпен түсірілді. Алдыңғы табиғат көрінісі живопиське бағынып тұратын көркем панорамадан ландшафттық панораманың айырмашылығы мұнда көрерменді жануарлар мекеніне тартатын пейзаж көмекші құрал ретінде ғана қызмет етеді.

Панорама көрерменді көріністің ортасына тартып, ойын дамытып жатқан уақытта, диорама бейнені тек терезеден көріге ғана мүмкіндік берді. Диорама грек тілінен аударғанда *dia*-ішкі және *horama*-түр, өң деген мағынаны білдіреді [2,430-435]. Ол кеңістіктің аз бөлшегінің өзі жартылай доғал қабырғалы және тік бұрышты үшбұрыш бөлмелерге де сыйып кете береді. Сондықтан да диорама панорама сияқты көп орынды алмайтын және жаратылыстану ғылымы мен музейларда өте ыңғайлы болғандықтан кең тарады. ХХ ғасырда аяғында панорама мен диорама көбінесе тарихи-өлкетану музейларында кең етек жайған болатын.

Музей саласында экспозициямен қатар ұғым ол көрме жұмысы. Музей тек тұрақты экспозициямен ғана шектелмеуі қажет. Экспозиция және көрме

жұмыстары қатар дамуды талап етеді. Ол қазіргі заманның талабы мен зор мүмкіндігі. Музей ісі де инновациялық дамуды қажет етеді. Сондықтан экспозиция және көрме жұмысын бір-бірінен бөліп қарастыра алмаймыз. Оларды егіз ұғым деп қарастырсақ болады. Көрме жасау музейдің экспозициялық жұмысы болып табылады. Көрмелер музей қорының ашықтығын, қоғамдық мәнін арттырып, тарихи ескерткіштерді мәдени орта мен ғылыми айналымға енгізеді. Музей экспозициясы әдіс-тәсілдердің, мәдени-танымдық жұмыстың дамуына, географиялық ауқымын ұлғайтуға жағдай жасайды. Қазіргі таңда көрмелердің халықаралық мүмкіндігі дамып, мәдени құндылықтарды байытуға көп септігін тигізіп отырған жайы бар. Музей тәжірибесінде көрменің негізгі төрт типі қалыптасты. Олар:

**а) тақырыптық көрме** - оның өзіне ғана қатысты сюжеті бар;

**ә) қор сақтау көрме** - музейге келушілер мен көпшілік біле бермейтін, экспозицияға қойылмайтын аса құнды коллекциялар жиынтығы;

**б) есептік көрме** - қайта жаңғыртудан немесе қорға жаңадан алынған затты көрсету;

**в) бір заттың аясында өткізілетін көрме** - музейдің бір құнды жәдігерінің аясында ұйымдастырылады және оған қатысты үйлесімді материалдармен толықтырылады.

Экспозиционерлер көрме құрғанда төменде көрсетілген принциптерді басты назарға ұстауы тиіс:

— Көрменің ғылыми тұжырымдамасы екі ай бұрын дайындалады;

— Көрменің тақырыптық экспозициялық жоспары (ТЭЖ) бір жарым ай бұрын дайындалуы қажет;

— Ғылыми зерттеу бөлімінің мамандары мен экспозиционерлер көрмені талқылайды. Онда дизайнерлер, реставраторлар да қатысуды қажет етеді;

— Көрменің құрылымдық жоспары дайындалады. Экспозиционерлер дайындайды. Көрмеге неше витрина, қандай экспонаттар қордан шығады? Көлемі қандай залда орналасады?;

— Дизайнер көрменің эскизі мен афишасын дайындайды;

— Көрменің монтажы дайындалады.

— Көрменің этикеттері дайындалады;

— Экспозициялық кеңес (совет) болады. Онда көрменің кемшіліктері мен экспозицияға толықтырулар жасалады;

— Баспасөз баяны (пресс-релиз) бір апта бұрын қазақ, орыс тілдерінде дайындалады;

— Буклеттер мен шақыру қағаздары дайындалады;

— Көрменің экскурсиялық тексті дайындалып, экскурсоводтарға үйлестіріледі;

— Көрме аяқталғаннан кейін есебі дайындалады.

Осы көрсетілген принциптерді негізге ала отырып, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі еліміздің Алматы, Астана, Семей, Орал, Ақтау, Атырау, Қарағанды, Тараз, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау,

Павлодар, Талдықорған қалаларында тақырыптық көрмелер өткізді. Ондағы мақсат - Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасын, музей жәдігерлерін және аймақ арасында әріптестік қарым-қатынастарды нығайтуды көздейді. Экспозиция және көрме жұмыстарын жаңа жаңа қырынан зерттеп, зерделеп тәжірибе барысында дамыту кезек күттірмейтін мәселе. Алдағы уақытта бойымызға жиған тәжірибелеріміз арқылы еліміздің тарихын шет мемлекеттерде көрсету жоспарымызда бар.

Қазіргі таңда елімізде кенже дамып келе жатқан мәдениет саласының бір тармағы ол - музей ісі. Музей саласында әлі де шешімін таппай келе жатқан келелі мәселелер ұшан теңіз.

Соның бірі - экспозиция және оны жасақтаудың инновациялық әдістері. Бүгінгі тақырыпқа арқау мәселе де осыдан туындап отыр. Музей ісін қарқынды дамытуды мемлекет басты назарда ұстауы тиіс. Себебі өткеніміз бен бүгінімізді, ата-баба мұрасын қастерлеу, болашаққа қадамымызды нықтап алу кезек күттірмейтін мәселе. Бұл тұрғысында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Түркістан төңірегінде ел аузында жүрген мәнді аңыз, әпсана мен әңгіме көп, көненің көзі, асылдың сынығы - құнды жәдігерліктер мол. Біз осының бәрін екшелеп қажетімізге жаратуымыз керек» [3,5 ] деген болатын.

Қазіргі таңда елімізде музей ісі өзінің қарқынды жолын тапса, келешек ұрпақтарымызға біздер даңғыл жолдың мәселесін шешіп бере алған болар едік. Бабаларымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, отандық музейтанушылар осы түйткіл мәселені шешудің жолын бірге қарастырса, ол істің шешілу жолы да алыс емес. Ол үшін республика көлемінде конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, білім жетілдіру курстары, өзара тәжірибе алмасу жұмыстары мен музей саласына қатысты қазақ, орыс тілдерінде оқулықтар шығаруды ұйымдастыра білу қажет.

Қорыта айтқанда музей-тарих, музей-шежіре, музей-білім, ғылым. Сан салалы өнер мен ғылымның қоспасы [4,370].

Менің түйсігімде музей - өткеніміз бен бүгінгі тарихымыз, мәдени дүниетанымызды байытып, руханилыққа жеткізетін ғылыми орталық. Онда халқымыздың сан-ғасырлық тарихи шежіресі қатталған ғылыми һәм киелі орын.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Музей ісін дамытудағы өзекті мәселелер», Атырау облыстық семинар кеңес, Атырау, 2009 ж., 75-80 бб.
2. Т.Ю.Юренева «Музееведение», Москва 2007 г., 427-447 стр.
3. «Тарихы терең Түркістан» (Мерекелік жинақ), Алматы, «Білім», 2000 ж., 5 б.
4. Қ.Ергөбек «Түркістан жинағы», Түркістан, «Тұран баспасы», 2010 ж., 370 б.

*Жүзбаева Гаухар Нәрікбайқызы*  
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-  
мәдени қорық-музейінің экскурсоводы,  
Түркістан қ.  
Goha0384@mail.ru

## «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҚОРЫҚ МҰРАЖАЙЫ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

### **Түйін**

Мақалада музей ісі жайында, сонымен қатар, музей ісінің негізгі құрамдас бөлігіне музейдің практикалық ісі, ескерткіштерді қорғау, музей жүйесі, музей саясатын заңдастыру, музей ісіндегі орасан жұмыстар жайында айтылады.

### **Аннотация**

В статье рассматривается музей, а также основные составляющие музея, практическая работа музея, охрана памятников, музейная система, легализация музейной политики, большая работа в музее.

Қазақ жері ұлы өркентеттің бастауы. Ұлы далада әлемді өзінің өркениетімен, мәдениетімен, өнерімен, тарихымен таң қалдырған, ержүректігімен жарты әлемді бағындырған ұлы халық ұрпағымыз. Өткенсіз бүгін, бүгінсіз ертен жоқ. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтар, тарихымызды таразылар музей қызметінің ұрпақтар сабақтастығы жолында алар орны ерекше. Музей қоғам өмірінің айнасы, адам өмірінің рухани қазынасы, тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, халқымыздың асыл рухани мұраларын жинап өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған тарихи орын болып табылады. Тарихынды тану үшін музейге кел деп жастарға үндеу тастасақ та орынды. Музей ата-баба мұрасы тарихи құндылықтарды сақтауда қоғам алдында моральдық жауапкершілігімен ерекшеленеді және қызмет жасайды. Ғасырлар қойнауында жатқан тың деректерді археологтарымыз алып, музей қорына өткізеді. Сонау тас дәуірінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі жәдігерлерімізді көздерінің қарашығындай сақтап, жас ұрпаққа насихаттау ісінде орасан шаруалар атқаруда. Құнды жәдігерлерімізді музей витриналарында ғана сақтамай соңғы жылдары қала және аудан мектептеріне көрме ретінде алып шығудамыз. Ондағы мақсат жас ұрпақтың санасына өткен тарихын сіңіруге өзіндік бір үлесімізді қосу болып табылады. Тарихымыздың қаншалықты бай екендігін таныту.

Музей дегеніміз – қатып қалған дүние емес, оның үнемі дамып отыратыны түсінікті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озады. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық музейлердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмасы анық, сондықтан жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін үрдіс. Жыл сайын қарыштап қадам басып келе жатқан Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр.

Мәдени мұра бағдарламасы арқылы елемізде музейлерге ерекше көңіл бөлді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тарихи мұраларымыз бен ескерткіштерімізді зерттеу, насихаттауға бүтіндей қоғамның бетбұрысын қалыптастырды. «Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен өмірге келген «Мәдени мұра» бағдарламасы кең байтақ еліміздің қойнауында зерттелмеген, ұмытылған ғажайып археология жәдігерліктерін табудың, халықтың бай рухани құндылықтарын зерделеудің, мұраны зерттеудің жаңа жүйесін қалыптастырудың, табиғи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтірудің, дүниежүзілік ғылым, мәдениет, әдебиет жетістігіне негізделген гуманитарлық ғылымның толыққанды қорын құрудың негізіне айналды»[1, с.2].



Жаңа заманда жаңаруға деген ішкі ұмтылыс – біздің барлық саладағы дамуымыздың ең басты қағидасы. Сондықтан да музейлердің де өмір сүру үшін заман ағымына қарай жыл санап өз жұмыстарын жандандырып отыруы маңызды. Әйтпесе музей де тарихтың шаңына көміліп қала бермек.

Музей өзінің әлеуметтік қызметін музей жәдігерлерін жинау, сақтау, үйрену, зерттеу және қолдану арқылы жүзеге асырады.

Белгілі бір затты жасауда да, қолдануда да оның функционалдық мәні болады. Музей әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы өзгерістерді көрсетеді,

олардың тарихилығын тереңдетеді. Әрбір жәдігердің қоғамдық мәнін, музейлік құндылығын көрсетеді

Музей жәдігері – нақты өмірден алынған, музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, ұзақ сақтауға бейім зат. Ол әлеуметтік, тарихи, қоғамдық өмірдің дерегі ретінде, ұлттық құндылықтың бөлігі ретінде қарастырылады. Музей жәдігері – бүкіл музейдің қызметін, оның бағыттарын, жоспарын жүзеге асыратын негіз болып табылады. Халықтың мәдени құндылықтарға, мәдени орындарға деген сұранысы күннен-күнге артып келеді. Осыған орай, мәдени орындар, соның ішінде музейлер заман талабына сай дамуды қажет етті. Нарықтық қатынастардың дамуымен музейлерге қаржы тапшылығына ұрынбай, іскерлік қызметінің белсенділігін арттырып, бәсекеге қабілетті болу қажеттілігі туындады. Осындай жағдайда музей саласында менеджмент және маркетинг терминдері пайда болды. Бұл ұғымдардың енуі қазіргі таңдағы музей ісінің дамуы мен оның қызметін басқаруға зор ықпалын тигізетінін дәлелдеп үлгерді [2, с.7].

Кез келген музей жәдігерін зерттеу ғылымға негізделеді. Қазіргі кезде музей ісі адам қызметінің ғасырлар бойы қол жеткізген нәтижесі ретінде, табиғаттың сыйы мен ерекшелігін көрсетіп (табиғи музей, қорықтар), ғылыми құжаттармен негізделіп, түрлі профильді салада жұмыс істейтін жұмыс ретінде қарастырылады.

Музей ісінің негізгі құрамдас бөлігіне музейдің практикалық ісі, ескерткіштерді қорғау, музей жүйесі, музей саясатын заңдастыру, музей ісіндегі кдрларды дайындау да кіреді. Ғылыми - әдістемелік, көпшілік жұмыс орталықтарының жұмысы, арнайы тақырыптардағы журнал, газеттер шығару да музей ісінің басты бағыттағы шаралары.

Музей мұралары - таусылмайтын қазына, телегей-теңіз дерек көзі. Онсыз тарихтың жазылуы екі талай. Сондықтан барлық жинақталған мұралар ғылыми зерттеудің дерек көзі болып табылады. Бүгінгі таңда орталықтағы тарихи деректерді тек қана орталық ғылыми қызметкерлері емес, ғылыми ізденушілер, зерттеушілер, жазушылар да өздерінің жұмыстарына пайдаланып келеді, сонымен қатар барлық баспасөз ақпарат құралдары қызметкерлерінің басты тақырыбына айналып отыр.

Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану музей саласында тың жобалардың бірі. Бұл салада орталықтың қызметкерлері еңберін аямауда. Қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі ғылыми зерттеулердің жоғары сапалылығын қамтамасыз ету. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің арасында музейлердің алар орны ерекше екендігін айта келе тарихи-мәден этнографиялық орталықтың қызметкерлері де ғылыми мақалалар жазып, ғылым мен орталық қызметін ұштастыруда.

Ұлы даланың 7 қыры мақаласында тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың

гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан»-деп атап өткен болатын [1, с.1].

Түркістан қаласы – қазақ жұртына ғана емес, бүкіл түркі жұртының алтын бесік атамекені. Сондықтан мұнда жер-жерден әулие Бабаға зиярат етіп, алыстан ат арытып жететіндер жеткілікті. Солардың барлығын құшақ жая қарсы алып, қонақжай қасиетімізді көрсету – осы шаһарда тұратын барлығымызға парыз. Біз Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде қызмет етіп жүргендіктен, ең алдымен, Әулие Бабаға деген биік құрмет үлгісін шынайы танытып, басқа адамдарға іс-әрекетімізбен үлгі-өнеге болуға тиіспіз. Кесененің кез келген жұмысын жан-тәнімізбен атқарып, көзіміздің қарашығындай сақтаған асыл мұрамыздың ел деңгейіндегі, әлем деңгейіндегі абыройының көтерілуіне үлес қосуға міндеттіміз. Ол үшін Қожа Ахмет Ясауи ілімінің мән-маңызын ашуға, мұраларын халқымыздың игілігіне жаратуға қатысты қыруар шаруаның басы-қасында жүріп, барлық қызметкерлердің басын бір салаға жұмылдырып, істің көзін табуда басшылықтың көтерер жүгі өте ауыр екендігі белгілі.

Қорық-мұражай өз қарауындағы ескерткіштер мен жәдігерлерді, сондай-ақ Кесенеді жерленген тарихи тұлғаларды насихаттау, елге таныту мақсатында соңғы жылдары біршама баспа өнімдерін шығарып, Кесенеді жерленген тұлғалар сериясы бойынша хандарға, билерге, батырларға қатысты кітапшалар шығару тұрақты түрде жолға қойылған.

Музейде сан ғасырлардан бергі мол мұраларын насихаттау мақсатында соңғы кездері кесенеді және қорда сақтаулы тұрған жәдігерлер жайында көптеген зерттеулер жүргізілуде. Сонымен қатар мұражай қорында зерттелуі тиіс дүниелер бүгінгі таңда жетерлік.

Музей саласы заман ағымының көшімен ілесіп жаңа технологиялармен жабдықталуда. Мәселен ақпараттық киоск, аудио гид секілді. Музейге келген туристерге ыңғайлы жағдай туғызу кезек күттірмес мәселе. Сонымен қатар, шет елден келген туристер сол орта ғасыр кезіне саяхат жасағанды жандары қалайды.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Егемен Қазақстан. 22 қараша 2003 жыл с.2
2. Комлев Ю.Э. Музейный маркетинг в системе социально-культурного менеджмента. – Санкт-Петербург, 2006.
3. Егемен Қазақстан. 21 қараша 2018 жыл. С.1

*Ақпан Жамал Әлімқызы*  
*Тәжібаев Бақдәулет*  
«Ежелгі Тараз ескерткіштері»  
тарихи-мәдени қорық-музейінің  
қызмет көрсету бөлім басшысы

## КИЕЛІ ЖЕРГЕ ТАҒЫМ- ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ АҚЫРТАС ҚҰПИЯЛЫ МЕКЕН

### **Түйін**

Бұл қысқа ғана мақалада кең байтақ жеріміздің киелі орындарының бірі әлі де құпиясы ашылмаған тарихи нысан Ақыртас сарай кешені жайлы болмақ. Мақалада тарихи нысан жайлы жазылған алғашқы деректер мен қазіргі археологтар мен тарихшылардың тұжырымдары мен ой пікірлері салыстырмалы түрде жазылған. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Ақыртас сарайында қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан ауқымды іс-шаралар айтылады. Көне шаһарымыздың киелі мекендерін насихаттау, дәріптеу, сақтау біздің міндетіміз деп білемін.

### **Аннотация**

В статье речь пойдет о дворцовом комплексе Акыртас, историческом объекте, в котором до сих пор не раскрыта тайна одного из сакральных мест нашей необъятной Земли. В статье сопоставимы первые данные об историческом объекте, выводы и мнения современных археологов и историков. Во дворце Акыртас, включенном в список Всемирного наследия ЮНЕСКО, проводятся масштабные мероприятия, проводимые в настоящее время. Считаю нашей задачей популяризацию и сохранение сакральных мест нашего древнего города.

Қазақстан тарихи-мәдени мұралардың алтын белдеуі тәрізді мемлекет. Көшпелілер тарихынан бастау алған қазақ өркениетінің өткеніне көз жүгіртіп, бүгінгісін саралап, болашағын болжау болып табылады. «Дала өркениетінен» «қазақ өркениетіне» дейінгі аралықтың түп тамырына үңіліп, даму эволюциясын зерделеу. Өркениет туралы түсінік қалыптастыру арқылы, Ұлы дала төсіндегі көшпелілер өркениетін сипаттау. Қазақ өркениетінің бүгінгі келбетін ұлы дала өркениетімен сабақтастыру.

Ұлттың ұлағат қуатының, халықтың қабырғалы дәстүрінің, елдің ерлік жолының ғасырлар сынынан өткен сынтасы, тарихтың мол зердесінен, тайталастардың түмен легінен залал көрмей жеткен жетелі киелі жерлеріміз тарихи-мәдени мұралар болса керек. Кең байтақ жеріміздің тек материалдық



байлығы ғана емес рухани байлығыда ауыз толтырып айтарлықтай. Міне сол тарихты жинақтап, саралап, сақтап қалудың қарбалас сәтінің бір белесін алу парызы – атыңнан айналайын Тәуелсіздік таңы атқан біздің дәуірімізге тұспа-тұс келді. Шүкір, осы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында мәдени мұрамызды жоғалтпай жандануына үлкен жұмыстар жүргізілді. Себебі рухани –мәдени дамыған, өз тарихы мен ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген қоғам ғана мемлекетті алдыға жылжытатыны сөзсіз.

Қазақ елінде «Ұлы Жібек жолының» бойында сап түзеген сәулет өнерінің үздік нұсқалары мен орта ғасырлық қала-мекендер көптеп орналасқан. Қазіргі кезде Мемлекеттік Тізімге алынған Жамбыл облысында 1100 мыңға тарта тарихи-мәдени мұра бар. Олардың ішінде Жамбыл облысынан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тізіміне 35 тарихи-мәдени нысан енді. Оның ішінде ЮНЕСКО-ның «Бүкіләлемдік Мәдени Мұра» тізбесіне Жамбыл облысы аумағындағы Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқан Ақтөбе (Баласағұн), Өрнек, Құлан, Қостөбе қалашықтары мен Ақыртас сарай кешені енгізілген. Бұл бізге бабаларымыздың бүкіл әлем мойындаған бай қазынаны мұраға қалдырп кеткендігінің айғағы. Біздің міндетіміз осы ескерткіштерімізді сақтап, ұрпағымызға қалдыру. Ғасырлар толқынында, шапқыншылық соғыстарда, зымырап өтіп жатқан заман кезеңдерінде жоғалтқанымызды табудың қандай жолдары бар? Біз мұраларымызбен жалғап тұрған нәзік жіпті үзіп алмасақ болғаны. Еліміздің шығыстанушы-ғалымы М.К.Әбусейітова киелі жерлер ескерткіштерді халықтың бірегей мәдени мұрасы ретінде бағалайды. Ол: «Ескерткіш – біздің тарихы жадымызды қалыптастыру бағдары. Жады – бұл тек мәдени негіз ғана емес, сонымен қатар дүниелік көзқарас та. Қоғам дамуының осы кезеңдерін көрсететін, әлеуметтің құндылық ретінде танылатын ескерткіштері сақтау мен өзектендіруге тиесілі». Біз рухани жаңғыру жолында осындай тарихымызды ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек. Қазақтың тарихы өте терең. Оны дәріптемесек, ұмтылған тарихымызды қайта тірілтпесек, ешқашан рухани жаңғыра алмаймыз [1].

Танымал археолог К.Байпаковтың пікірі бойынша «Киелі жерлер – бұл Қазақстан арқылы өткен, біздің ата-бабаларымыздың ізі жатқан Ұлы Жібек жолы. Бұл – батырлар шайқасқан орындар. Бұл – біздің орта ғасырдағы қалаларымыз бен сақтардың орасан зор қорғаны: Есік, Берел, Алматы, бұл – петроглифтер мен түркі дәуірінің киелі жерлері, осының барлығы тарихымыздың негізін құрайды» [2].

Қазақ жеріндегі тарихи ескерткіштер, қасиетті мекендер, сакральді орындар жайлы зерттеулер жылдан жылға толығып келеді. Сондай бір зерттеулердің бірі құпиясы мен сыры әлі күнге ашылмаған, әлемдік деңгейдегі ғалымдардың назарын өзіне аудартып отырған Ақыртас сарай кешені болып табылады.

Тараздың тасын түртсен тарих сарнайды – демекші Ұлы Жібек жолының торабында орналасқан тастан қаланған қалашық бар. Бұл тарихи кешен – күрделі құпияға толы алып нысан. Ақыртас сарайы аумағы 2,5 гектар жерді

алып жатыр. «Оның 70-ке жуық бөлмесі болған», – дейді зерттеушілер. Жалқын қызыл тастары көне мекеннің ішіне бүккен сырына қаныға түсіп, құмартқан жандар арғы-бергі заманда аз болмапты. Ақыртас кешені туралы XIII ғасырдың басында осы өңірге келген қытай саяхатшысы Чан-Чунь мынандай мәлімет қалдырған екен: «Жол бойында тастан тұрғызған қалаға тап болдық. Қызыл түсті тастан қаланыпты. Ежелгі әскери қоныс мекенінің белгілері байқалады...». Тылсым сырлы Ақыртас сарай кешені (VIII-XII ғғ.) Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 шақырым жерде, Ақшолақ темір жол стансасынан 6 шақырым оңтүстікте, Қырғыз Алатауының етегінде орналасқан. Оған ең алғашқы көңіл аударған орыс суретшісі М.С.Знаменский. Ол 1864 жылы қаланың қирандысына барып, Ақыртастың понорамасы мен қабырғаларының бөліктеріне байланысты қызықты суреттер сызып қалдырған. Содан бері отандық және шетелдік зерттеушілер, Ақыртас туралы талай тұспалдар мен батыл болжамдар айтуда.

Ал археолог Т.К.Басеновтың жазуына қарағанда «Ақыртас – салынып бітпей қалған ірі бек сарайының іргесі» екен. Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін академик К.М.Байпақов бастаған ғылыми топ кең көлемді археологиялық жұмыстарды француз ғалымдарымен бірлесіп жүргізе бастайды. Соның нәтижесінде түбегейлі жүргізілген ғылыми-зерттеулер «Ақыртас – бабалар мұра қылып қалдырып кеткен ежелгі сарай-кешені» екенін дәлелдеп берді [3].

Ел аузында Ақыртас туралы әңгімелер өте көп. Аэро-фото түсірілім көрсеткеніндей Ақыртас құрылысы үш бөліктен тұратын алып құрылым бейнесінде жобаланған. Қазіргі құрылысы жартылай тұрғызылған нысанның шығыс жағы мен батыс солтүстігіне қарай тағы да екі алып құрылыс орны белгіленіп, алғашқы тұғыртас өлшемі жасалған. Міне, дәл осы тұста Египет мұнаралары мен сол маңдағы «Патшалар аңғары» еріксіз ойға оралады. Негізінен көлемді төрт бөліктен тұратын Ақыртас сарай кешені «Шеберлер ауылы», «Хан ордасы», «Құмтас кешені» және «Ақыртас ғимараты» деп қарастыруға болады.

Қазіргі кезде археологиялық және жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. «Бәрі де уақыттан қорқады, ал уақыт тек Пирамидалардан ғана қорқады» дейтін қанатты сөзге арқау болған Египет кереметтері, Афины акропольдары, Рим колизейі, Перудегі Майя сарайлары, Антантида аңыздарымен деңгейлес жатқан алып құрылыс нысаны – Ежелгі Тараздың «алтын шеңберінде» жатқан Ақыртас сарай кешені екені даусыз. Ақыртас ғимараты үйсіндердің дәуірлеген алтын ғасыры б. д. б. II-I ғасырдың тоғысқан тұсында салынған құрылыс деген жорамал бар. Зерттеуші Карл Байқаповтың болжамы бойынша, Ақыртас-1 мен Ақыртас-2 қорымында б.з.д. III ғасырмен б.з. III ғасыр аралығында жерленгендер Ақыртас құрылысы кезіне дүние салған. Бірақ, адам сүйектері табылмады. Құрылыстың маңындағы обаға ұқсайтын қорымдар ғана бар.

Ақыртастың нендей қызмет атқарғанын тағы бір болжамын тарихи сәулет маманы Л.Ю.Маньковская жасады. Ол құрылыстың жоспарын сараптай келе

Ақыртастың орталық үлкен аула мен бірнеше кіші аулалы керуен-сарай болғаны деген қорытынды шығарады. Оның пікірі бойынша ол ірі сауда орталығы ретінде салынған. Зерттеуші құрылыстың басталуы Х ғ. бұрын болған деп, Ақыртас пен Касрибас бір деген пікірді қолдайды. Ақыртас – Касрибас деген салыстыруды К.М.Байпақовта қолдайды. Ол Ақыртасты IX-X ғғ. Жетісуді билеген қарлұқтардың құрылысы бітпей қалған ордасы деп болжайды. Құрылысты жүргізу үшін араб құрылысшыларын шақырған деп есептейді.

1992 жылдан бері ескерткіште профессор К.М.Байпақовтың басшылығымен жоспарлы археологиялық зерттеулер құрылыстың, биіктігі 1,5 м мықты іргесін, ежелгі жер бетінен 1,5 м-ге биік тұрған қабырғаларын аршып, кең көлемде ғылыми зерттеулер ғана емес, сонымен қатар, кешенді музейлендіруге де мүмкіндік береді.

Ақыртас кешенінен табылған заттардың ішіндегі қызықтыларының бірі – руналық жазу бар тас. Тастың түсі қоңыр (диаметрі 10 см, ұзындығы -14 см). Тас қазіргі таңда Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтында сақтаулы. Оны зерттеген түрколог А.С.Аманжолов беткі және артқы жағында үш қатардан, 12 белгіден тұратын түркілік жазуды анықтады. Бұл тастағы түркілік жазу оңнан солға қарай «Ыси отырып, тәтті бол!» деп оқылады деуге негіз бар. А.С.Аманжоловтың пікірінше, бұл жазулы тас тек сиқырға ғана емес (біркелкі сызықтар есеппен байланысты), сонымен қатар, қыстың күні сүтті немесе малдың суын жылытуға пайдаланған. Қарастырылған олжа – Қазақстан территориясында табылған бесінші таластық руналық жазу. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Ақыртасты зерттеу қайта жаңғыртылды [4].

Иә, шындығында қаншама пікірлер мен тұжырымдар айтылсада бірде бір пікір осы күнге дейін нақтыланбағанына қарағанда Ақыртас әлі күнге сырын ашқысы жоқ. Қазақ жері киелі мекенге толы. Осы киелі жерлерімізді нақытылап зерттеу, құпияларын ашу уақыт еншісінде. Дегенмен бір ғасырдан асық уақытта тылсым сырлы Ақыртастың тарихи маңызын, киелілігін анықтау үшін біраз жұмыстар жасалды. Мәселен 2018 жылдың 7 сәуірінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Жамбыл облысы аумағында орналасқан «Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорық-музейінің қарамағындағы «Ақыртас» сарай кешенінде Республикалық БАҚ-өкілдеріне арналған баспасөз конференциясы өткен болатын. Жиын барысында ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне және Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар киелі жерлерінің тізіміне енген «Ақыртас» кешенін және осы өңірдегі өзге де тарихи-мәдени мұра нысандарын туристік орталыққа айналдыру мәселелері жан-жақты талқыланды. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Жамбыл облысының әкімдігі мен «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ үшжақты Меморандумға қол қойылды.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының тікелей тапсырмасы бойынша «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің қызметкерлері 2019 жылдың ақпан айында Ақыртас сарай кешенінің тас блоктарын анықтау мақсатында ғылыми-зерттеу экспедициясын ұйымдастырған болатын. Экспедиция барысында Байзақ ауданы Ақшолақ станциясынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан жеміс-жидек бағының аумағында 250 –ге жуық тастардан құралған 5 үйінді мен «Түркісіб» темір жол құрылысында тұрғызылған уақытта үш көпірді тұрғызу барысында «Ақыртас» сарай кешенінің тас блоктары пайдаланылғаны анықтады.


2019 жылдың мамыр айында мекеме қызметкерлері «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің мамандарымен бірлесе отырып Ақыртастың құрылыс жұмыстарына пайдаланылған қызыл шоқы тастарын өз тарихи орнына жеткізді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында «Ақыртас құпиялары» атты республикалық ғылыми семинары өтті. Семинардың мақсаты: Ақыртас сияқты бірегей ескерткіштің ғылыми зерттеулерімен кеңінен танысуға, тарихын зерделеуге, насихаттауға және Жамбыл облысының тарихи-мәдени мұрасын танымал етіп, аймақтағы туризмді дамытудың басымдықтарына назар аударуға бағытталған. Жастардың туған жеріне және оның сан ғасырлық тарихына қызығушылығын арттыру үшін ұйымдастырылды. Семинарға белгілі тарихшылар мен ғалымдары: Досымбаева Айман Медеубайқызы- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ т.ғ.д, профессоры, Ақымбек Ералы Шардарбекұлы - PhD докторы, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Бондарев Михаил Владимирович-Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Түркітану» кафедрасының бас ғылыми қызметкері, Мұхтар Қожа- Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің т.ғ.д , оқытушысы, ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері, Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Ордабасы», «Отырар», «Сарайшық», «Бозоқ», «Таңбалы», Абайдың «Жидебай-Бөрелі», «Әзірет-Сұлтан», «Есік» қорық- музейлерінің қызметкерлері, Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының өкілдері, өлкетанушылар, архившілер, БАҚ өкілдері қатысты. Осы атқарылған және болашақтан жоспарланған іс-шаралардың барлығы әлем назарын өзіне аударған Ақыртас сарай кешенінің құпиясын ашуға жаслаған қадам деп ойлаймыз.

Қазіргі уақытта бір ғана Ақыртас сарай кешенің өз көзімен көріп тамашалағысы келетін жандар аз емес. Тарихи нысанның айналасын аралап, қарап, ізденіс үстінде жүрген жасөспірім балалардан бастап, шет елдік азаматтарды көріп, қуанасын. Міне, қазағымның тарихы әлемдік деңгейде қызығушылық тудыртып отыр. Бұл дегеніміз расында Ақыртас сарай кешенінің тылсым дүниесі болар....

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұлы Жібек жолындағы киелі жерлер, Алматы баспасы, 2009
2. Ежелгі Тараз ескерткіштері, Тараз, Рысбаева және Ко, 2010
3. Жамбыл облысы Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы, Жамбыл ауданы, Алматы-Тараз, 2012
4. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштері жиынтығы. Жамбыл облысы, Алматы: РМҚ «ММЕ ҒЖЗИ», 2002
5. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқианнан өзімешейін» атты шежірелік кітабы.



*Арынова Динара Суиндиқовна*  
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік  
тарихи-мәдени қорық-музейінің  
ғылыми қызметкері  
Тарих ғылымдарының магистрі  
Түркістан қ.

## МУЗЕЙ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

### Түйін

Мақалада қазіргі кездегі музейлердегі туризм мәселесі сөз болады. «Музей және туризм» проблемасы қазіргі уақытта ерекше өзектілікке ие. Көптеген музеологтар оны ХХІ ғасырда басымдық ретінде бөліп, музейледің туризм индустриясымен өзара әрекеттесу процестерін басқару аспектілерінің маңыздылығын атап өтуі кездейсоқ емес. Музейді туризм ордасына айналдыру бүгінгі заман талабы.

### Аннотация

В статье рассматривается проблема туризма в современных музеях. Проблема «музеи и туризм» сегодня особенно актуальна. Неслучайно многие музеологи выделяют это как приоритетное направление в ХХІ веке, подчеркивая важность аспектов управления взаимодействием музея с туристической отраслью. Превращение музея в туристическое направление - требование современности.

Қазіргі уақытта Қазақстанды халқаралық туристік орталыққа айналдыру мақсаты қойылып отыр, алайда кез келген қызмет көрсету немесе өнім сияқты музейлік қызмет көрсетуді өз еліміздің ішінде дамытып алмай, бізге бірден халықаралық туристік орталық болу өте қиын. Сондықтан өз ішімізде сұраныс тудыра алмасак, әлемдік танымалдылыққа жету мүмкін емес. Осыны еске ала

отырып, музейлік саланы ішкі және сыртқы туристерге қызықты болуы үшін жан-жақты ойластырылған кешенді бағдарламалар болуы тиіс. Туристік сала үлкен бір кешенді индустрия болғандықтан, онда болып жатқан әрбір үрдіс бір - бірімен тығыз байланысты. Мысалы, бірегей тарихи-мәдени ескерткіш бола тұрып, оған баратын жолдар дұрыс болмаса, не қызмет көрсетуі тиісті деңгейде болмаса, қонақ үйлер болмаса ол жердің мүмкіндігін біз пайдалана алмаймыз. Сондықтан мәдени-кластерлерді құру бастамасы терең сараланып, икемді жоспарға сүйене отырып іске асырылуы қажет. Еліміздің климаттық, маусымдық, географиялық орналасуына байланысты шектеулерді ескерсек, туризмді жоғары деңгейге жеткізу үшін ведомствоаралық, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар арасында үйлесімді жұмыс қажет. Ол жерде БАҚ-ты, жалпы халықты қатыстыру өте маңызды. Әрине ондай кешенді жоспарлар жасауда ғылыми зерттеу институттарының, ғалымдар мен эксперттердің идеялары, жасаған жобалары форумдар мен конференцияларда, дөңгелек үстелдерде талқылануы ескерілмей қалған сұрақтардың басын ашып алуға мүмкіндік береді.

Музей мәдени және ғылыми мұраны сақтай отырып, өткені мен бүгінін түсіндіре отырып, барлық елдердің мәдени өмірінде басты рөл атқарады.

Музей базасында ірі бір тарихи-мәдени шараларды өткізуді дәстүрге айналдырып, жыл сайын оған қатысушылардың саны мен сапасын арттыруға бағытталған жобалар, фестивальдар, мерекелер, форумдарды болашағы зор деп есептейміз. Бұл жағынан «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіміздің тәжірибесі бар деп ойлаймын, себебі 2013 жылдың сәуір айында музей тарапынан «Хан көтеру» сахналандырылған қойылымы ұйымдастырылған болатын. Әрине ондай шараларға дайындық тиянақты, жан-жақты ойластырылғандығы өте маңызды. Осы секілді шаралар белгілі бір уақытта қайталанып отыратын дәстүрге айналар болса, бұған жыл сайын келушілердің саны артар еді.

Тағы айта кететін жайт, шетелдік тәжірибелердегідей әр музей жанында музейлік маркетинг бөлімі ашылып, музейлік қызмет көрсетуді, онда болып жатқан шараларды халыққа, инвесторларға танытатын арнайы бөлімнің жұмыс жасауы қазіргі заман талабы. Келушілерді музейге тарту тек қана арнайы мамандардың ғана емес, бүкіл музей қызметкерлерінің кәсібилігіне байланысты. Сондықтан музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттырып отыратын, музей ісі саласындағы соңғы тенденциялар мен өзгерістерден хабары болып, оны практикалық жағдайда қолдана білуі үшін мастер кластар мен семинарлар өткізіп тұру, шетелдерде біліктілікті арттыру курстарына қатыстыру да музейіміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектесетін тағы бір шара деп есептейміз.

Туризм жайлы еліміздің президенті Қ.Тоқаев «Ұлытау - 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде «Ашығын айту керек, қазіргі отандық туризм индустриясы – кенже қалып келе жатқан сала. Жыл сайын қыруар қаражат салсақ та, бұл сала толыққанды дамымай отыр. Ал,

Қазақстанның барлық өңірінде туризм аймағы болуға лайықты киелі орындар жеткілікті.

Түркістан мен Отырар, Сауран мен Сығанақ, Шерқала мен Оғыланды, Берел мен Марқакөл, Баянауыл мен Қарқаралы, Шарын мен Көлсай барша жұрттың құндылығына айналуы тиіс.

Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Бекет ата, Бәйдібек би, Бегім ана, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Мәшһүр Жүсіп, хакім Абай, тағы басқа көптеген дара тұлғаларымыздың есімдерін туризм арқылы кеңінен насихаттау – бүгінгі, яғни біздің заманымыздың талабы.

Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керек. Сондықтан еліміздегі туризм саласының қазіргі ахуалын түбегейлі өзгертетін уақыт келді» [1, с.2]- деп атап өткен болатын.

Туристік әлеуетті көтеру мен келушілер санын арттыру мәселесін шешуде турбизнес өкілдерімен де тығыз қарым-қатынас орнату қажет. Ол байланыс тек қысқа уақыттық табыс табу аясында ғана емес, біріккен шаралар мен туристік маршруттар әзірлеуге бағытталған, ұзақ уақыттық әріптестік дәрежесіне жеткізу өз жемісін береді деп айтуға болады. Экономикалық, әлемдік саяси факторларды ескере отырып 2016 жылы мамандар тарапынан сыртқы туризмнің 70 % төмендейтіні туралы айтылған болатын. Бұл ахуал ішкі туризмді жандадыруға аса қолайлы жағдай тудыруда, және турбизнес өкілдеріне аса қажет дүние. Турбизнес өкілдерінде маркетинг басқа салаларға қарағанда жақсы дамуы және олардың туристердің нені ұнататындығы туралы ақпараттардың болуы музейлерді жаңа шығармашылық ізденістерге, алдыға жылжытуға жақсы итермелеуші күш болар еді. Турбизнес арқылы музейлердің жарнамасын еселей түсетін мүмкіндік ашылады. Ол туралы ең жоғары мінберлерден солтүстік көршіміздің мәдениет министрі В. Мединский 2015 жылы өткен «Интермузей» фестивалінде «Ресейде аймақтардағы музейлер туристерді келуге ынталандыратын негізгі фактор» деп мәлімдеме жасаған болатын.

Тағы бір ой, келушілерді нақты сол музейді таңдауына итермелейтін факторға музейдің ішіндегі және сыртындағы инфрақұрылым, оның залдарының көркемделуі, келушіге ыңғайлы орналасуы, ішінде тамақтанатын, сувенирлер сатып алатын орындардың болуы сияқты жақтарының адамдарға ыңғайлы болып орналасуы жатады. Музей басшылары мен қызметкерлерінің турбизнес өкілдерімен сол жағын да жақсы ойластыруы келушілер ағынын дәл сол музейге бағыттауына ықпал етері сөзсіз.

Интернет арқылы информацияның жылдам таралуын ескере отырып музейіміздің сайты сапалы контентпен толтыру, әлеуметтік желілердегі парақшалардың жұмыстарын жандадыру қажет. Интернет желі арқылы ықтимал келуші үйінде отырып ақ, алдын ала қайда баратынын, не көретінін, қайда қонып, не жейтінін, осы қызметтердің бағасының, төлем шарттарының

қандай болатынын біліп отыруы тиіс. Бұл да келушілер үшін аса құнды мәлімет.

Музей қызметінің негізгі бағыттарына: музей қорындағы құнды жәдігерлерді жинау, есепке алу, сақтау, қорларды жүйелеу, қайта қалпына келтіру (реставрация), зерттеу нәтижелерін ақпарат жүйелерінде тарату, музейдің кадрлық жүйесін жетілдіру, музей жұмыстарын ұйымдастыру түрлеріне көрмелер, экспозициялар ұйымдастыру, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу, тақырыптық дәрістер, танымдық сабақтар өткізу, музейлік басылымдар шығару және т.б. сан-салалы қызметтер жатады. Осыған орай жыл сайын Қазақстан музейлерінде түрлі тақырыптарда көрмелер ұйымдастырылып, семинарлар мен конференциялар, байқаулар, шолу және тақырыптық, экскурсиялар, интерактивті сабақтар өткізіліп жатыр. Белгілі мамандар бүгінгі музейлердің белсенді жұмысы мен үзіліссіз дамуын алға тарта отырып, оның адамзатқа пайдасы мен әсерін, жалпыға ортақ құндылықтарды бұдан да кеңінен насихаттауды, көпшіліктің таным көкжиегін кеңейтуді мақсат тұтады.

Музей саласы заман ағымының көшімен ілесіп жаңа технологиялармен жабдықталуда. Мәселен ақпараттық киоск, аудио гид секілді. Музейге келген туристерге ыңғайлы жағдай туғызу кезек күттірмес мәселе. Сонымен қатар, шет елден келген туристер сол орта ғасыр кезіне саяхат жасағанды жандары қалайды. Бұрынғыша «Қолмен ұстауға болмайды» дегеннен көрі, жақындар көруге, ол жәдігерді сезінуге тырысады. Әрине көне жәдігерлерімізді туристің қолына ұстатып та қоюға болмайды. Қанша дегенмен құнды зат қой. Алайда бұл тұстан шығу жолын қарастыруымыз керек. Мәселен көшірмесін жасату, сол затты мастер кластар арқылы келушінің өзіне жасату сияқтылар.

Қазіргі туризмнің көптеген түрлері басқа халықтармен және олардың мәдениеттерімен танысуға бағытталған. Бұл ретте мәдени туризм туристік қызметтің жаңа түрі, Мәдениетаралық коммуникацияның қазіргі заманғы нысаны ерекше орын алады. Мәдени туризм-бұл оны дамыту мақсатында мәдени ортаға мақсатты түрде енуді көздейтін өзара іс-қимыл, мәдени алмасу нысаны. Мәдени туризмнің негізінде өз халқының да, басқа елдердің халықтарының да мәдениетімен танысу қажеттілігі жатыр. Мәдени туризмнің ерекшелігі мәдениеттер арасындағы диалог пен өзара іс-қимылды дамытуға ықпал ететін Тарих пен мәдениет туралы тұтас түсінікті қалыптастыру болып табылады.

Мәдени туризм-музей жұмысының толыққанды нысаны. ХХІ ғасырдағы мәдениетпен бірге музей түбегейлі өзгерді. Болашақта музейлердің көпшілігі қоршаған қоғаммен өзара іс-қимылын нығайтуды жалғастырады. Музейлерді біріктіру үрдісі бірнеше факторлардың нәтижесі болып табылады. Олардың бірі-жаһандану. [2, с.9]

Музей әлеуметтік және мәдени құбылыс ретінде Мәдени есте сақтау, білім беру және коммуникативті функцияларды орындайды. Туристік қызмет жүйесіне кіре отырып, музей өзінің институционалды қасиеттерін ала отырып,



туризм индустриясының элементі ретінде әрекет етеді. Әдебиетте музей туризмі ұғымы дамымаған.

Қорытындылай келе, мынадай түйіндер жасауға болады:

- Музейлер мәдени туризм саласының негізгі жүйе құрушы бөлігі. Бұл тұжырым Қазақстан сияқты көшпелі өркениеттің өзегі болып табылатын ел үшін айырықша өзекті.

- Музейлердің туристік әлеуетін көтеруді еліміздің жалпы туристік, инфрақұрылымдық жұмысымен тығыз кіріктіріле және оның дамытуға мүдделі жақтардың қаржы-экономикалық, интеллектуалды-шығармашылық, әкімшілік ресурстарын үйлестіріп, нақты жоспармен жұмыс жасағанда ғана жүзеге асыруға болады.

- Музейге келушілерді арттыруда жаңа шығармашылық шешімдерді қолдану, әлемдік музей ісіндегі сәтті тәжірибелерді енгізу жылдам қарқынмен өзгеріп бара жатқан дәуірде аса өзекті [3, с.17].

Музейлердің басшылығы мен ұжымдарына жаңа ұйымдық формаға өткеннен бастап, келушілерді тарту жұмысында жаңашылдық пен шығармашылық таныту негізгі қағидаларына айналуы тиіс. Жаңа технологиялар мен бірге түрлі маркетингтік амалдарды ойластыру жұмыс бағыттарын әртараптандыру, туристік, білім беру ошақтарымен тығыз әріптестік орнату, түрлі тақырыптық көрмелер ұйымдастыру, республиканың басқа музейлерімен, шетелдік музейлермен қарым-қатынасты белсендіру музейлерге деген халықтың қызығушылығын арттыратын негізгі факторлары деп есептейміз.

Бүкіл әлемдегі мұражайлар мұра мен мәдениетті сақтаушылар, сондай-ақ мұра туралы білімді таратушылар ретінде танылады.

«Музей және туризм» проблемасы қазіргі уақытта ерекше өзектілікке ие. Көптеген музеологтар оны ХХІ ғасырда басымдық ретінде бөліп, музейледің туризм индустриясымен өзара әрекеттесу процестерін басқару аспектілерінің маңыздылығын атап өтуі кездейсоқ емес.

Туризмнің дамуы соңғы жылдары музейде болған түбегейлі өзгерістерге ықпал еткеніне ешкім күмән келтірмейді, бірақ музей қауымдастығы әлі де белгілі бір іс-қимыл стратегиясын жасаған жоқ. Бұл мәселе бойынша мамандар арасында кең пікірталас бар. Кейбіреулер музейде болып жатқан өзгерістерді қабылдауға дайын, ал басқалары музейлер мен басқа да мұра қоймаларына қауіп төндіреді деп сендіреді.

Мәдени туризм-бұл баратын жердің мәдениеті мен мәдени ортасымен, оның ішінде ландшафтпен танысу, тұрғындардың салт-дәстүрлерімен және олардың өмір салтымен, көркем мәдениеті мен өнерімен, жергілікті тұрғындардың бос уақытын өткізудің әртүрлі формаларымен танысу. Мәдени туризмге Мәдени іс-шараларға, музейлерге, Мәдени мұра объектілеріне бару, жергілікті тұрғындармен байланыс кіруі мүмкін.

Музей-бұл келушімен белсенді қарым-қатынас жасайтын мәдени-ағарту институты. Сонымен, бүгінде музей немесе музей кешені шеберлік сабақтарын,

тақырыптық іс-шараларды, түрлі мерекелерді өткізу арқылы музей аудиториясын тартады, осылайша туристердің музейлерге келуіне ықпал етеді. Мысалы, Амур облыстық өлкетану музейлеріне келушілерді тарту үшін түрлі интерактивті және театрландырылған іс-шаралар өткізіледі. Мысалы, «қоныс аударушы шаруаның үйінде көңілді жиналыстар» театрландырылған іс-шарада келуші мәдени және тарихи құндылықтармен танысады, тіпті сапардың мақсаты тек ойын-сауық бағдарламасы болса да. Осының арқасында музей өзінің негізгі функцияларының бірі - білім беру мен білім беруді жалғастыруда.

Қазіргі кезеңде туристердің үлкен ағымын тарту үшін Амур облыстық өлкетану музейі өз тәжірибесінде келесі бағыттарды қолданады:

1) эксперименттік технологиялар-музейде эксперименттер және әртүрлі жұмыстар жүргізу (қыш бұйымдарының көмегімен қыш бұйымдарын жасау, сауытты өру және т. б.);

2) ортаға батыру әдісі (ішінара немесе толық) - келушілер заттарды тексереді, оларды құру және пайдалану процесін бақылайды және салт-жораларды, билерді қоса алғанда, осы процестерге қатысады («Бұғы өсіруші және аңшы күні» интерактивті іс-шарасы, Қытай студенттеріне арналған театрландырылған іс-шаралар, олар орыс салт-дәстүрлерімен танысады).

Қазіргі кезеңде музейдің туристік бағдарламасын жылжыту үшін оның мақсаттары мен осы немесе басқа бағдарлама Орнатылатын аудиторияны анықтау қажет. Музей аудиториясын зерттей отырып (жасына, кәсібіне, білім деңгейіне және т.б. қарамастан), музей қызметкерлері турист үшін ең қолайлы маршрут құруға тырысады. Мынадай тармақтар ескеріледі:

1) навигация - музейде турист қайда бару керектігін, онда не көретінін және айналасында не бар екенін білетін арнайы белгілер бар;

2) туристердің өзара қарым-қатынасының негізін қалайтын келушіні қызықтыратын дұрыс салынған экспозиция;

3) көрме туралы ақпарат аудиторияға қол жетімді тілде (жасына және білім деңгейіне байланысты), сонымен қатар гидтер нақты ақпарат береді;

В квадрате С-II внутренняя граница жилищной впадины занимает только северо-западную часть, уходя в квадрат В-II. Граница конструкции прослеживается на глубине 50 см. совпадая с внутренней границей впадины. Вне стен жилищной конструкции были обнаружены скребки разных типов.

Квадраты В-III, С-III относятся к межжилищному пространству, в которых не прослеживаются хозяйственные ямы, характерные для ботайских типов жилищ, расположенных в центре поселения. На этих квадратах были обнаружены разбросанные палеозоологические материалы. Разбросанность костей дает интерпретацию о том, что в данной жилищной конструкции или рядом проводились ритуальные обряды сакрального значения. Внутри жилищной конструкции не было обнаружено очаговых зон, которые показали бы зимний характер использования конструкции.

Анализируя планиграфическую ситуацию можно сделать вывод что, стены жилищной конструкции были обвалены строго на север. Фундамент жилищной конструкции закладывался не глубоко, на уровне 70-80 см. Сравнивая жилищные конструкции центральной части поселения, уровень залегания фундамента основы жилища закладывалась на уровне 100 см. Этот факт связан с высокой береговой линией восточной границы поселения Ботай. При нивелировке планиграфической ситуации высота места раскопа выше на 74 см. в сравнении от центральной части поселения Ботай. Высокая часть берега также отразилась и на высокогумусированном слое почвы достигающем 50 см.


#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Антонова Е.В. Очерки культуры древних земледельцев Передней и Средней Азии. – Москва: Наука, 1984. – 56 с.
2. Зайберт В.Ф., Орландо Л., Оутрам А. Ancient genomes revisit the ancestry of domestic and Przewalski's horses. – 2016. – 251 с.
3. Грязнов М. Средняя Азия в эпоху камня и бронзы. – Москва-Ленинград, 1966. – 288 с.

4. Еськова Д.К. Технология расщепления камня на стоянках Восточного граветта Русской равнины / диссертация. – Москва, 2015. – 293 с.
5. Зайберт В.Ф. Ботайская культура // Степная цивилизация восточной Евразии. Древние эпохи. Том 1. – Астана, 2003. – С. 39-60.
6. Зайберт В.Ф., Кисленко А.М. Охранные работы на поселении Ботай // Отчет «Полевые исследования СКАЭ в 1980 г.» – Петропавловск, 1981.
7. Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Задорожный А.В., Кулаков Ю.В. Тайны древней степи. – Кокшетау, 2007. – С. 10-20.
8. Заславский М.А. Изготовление чучел, муляжей и моделей животных. Общая таксидермия Ленинграду: – Наука, 1968. – 350 с.
9. Зданович Г.Б., Зайберт В.Ф. Основные закономерности становления хозяйства производящего типа в Урало-Казахстанских степях. – Свердловск, 1989. – 32 с.
10. История Урала с древнейших времен до 1891 г. – М., Наука. – 87 с.
11. Калиева С.С., Логвин В.Н. Скотоводы Тургая / Кустанайский государственный университет имени А. Байтурсынова. – Кустанай, 1997. – 183 с.
12. Массон В.М. Поселение и жилища // Средняя Азия в эпоху камня и бронзы. // – Москва-Ленинград, 1966. – С. 135-138.
13. Мусебли Н.А. Использование собак и культ собаки в древнем Азербайджане // По материалам журнала Археология и Этнография Азербайджана интернет. портал История Азербайджана.
14. Пестис, В.К., Ракицкий, Д.Т., Горчаков, В.Ю. Коневодство: учебное пособие / В.К. Пестис, Д.Т. Ракицкий, В.Ю. Горчаков. – Минск: ИВЦ Минфина, 2018. – 292 с.
15. Плешаков А.А. Характеристика каменного орудия поселения Ботай//Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1985. – 28 с.
16. Погожева А.П. Антропоморфная пластика Триполья. – Новосибирск, 1983. – 127 с.
17. Разумов С.Н. Собака в культовой практике население Северо-Западного Причерноморья в раннем бронзовом веке // Журнал Археологические вести Вып. №24. – 2018. – С. 50-62.
18. Рогинский Я.Я. Изучение палеолитического искусства и антропологии. // Вопросы антропологии. вып. 21. – 1965. – 114 с.
19. Рыбаков Б.А. Язычество древних славян. – М.: Наука, 1981. – 211 с.
20. Ситникова Е.В. История реставрации в иллюстрациях учебное пособие. – Томск: Издательство Томского архитектурного строительный университет, 2016. – 192 с.
21. Скочина С.Н. Каменная и костяная индустрия в эпоху неолита Лесостепного Приишимья/ диссертация. – Тюмень, 2017. – 321 с.
22. Соколова З.П. Культ животных в религиях. – Москва: «Наука», 1972.



23. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М, 1962. – С. 30-45.
24. Толстов С.П. По следам древних хорезмских цивилизаций. – М, 1948. – С. 60-62.
25. Формозов А.А. Памятники первобытного искусства на территории СССР. – М., Наука, 1980. – 119 с.



*Ибадильдаева Мадина Мананбайқызы*  
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің тарихшысы  
«Әлеуметтік – мәдени қызмет көрсету» мамандығы бойынша ғылым магистрі

## ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ

### Түйін

Ежелгі Тараз қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі әкімшілік орталығы болып табылған. Оның өсуі мен өркендеуі әйгілі сауда жолының тарихымен тығыз байланысты. Ежелгі Тараз Еуразия тарихында ең маңызды халықаралық сауда, қолөнер, ғылым және мәдениет орталықтарының бірі ретінде баға жетпес рөл атқарды. Тараз қаласы туралы алғашқы ақпарат қытай дерек көздері бойынша біздің ғасырға дейінгі I ғасырды қамтиды және Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттердің бірі болған Қаңлы бірлестігінің саяси тарихымен байланысты.

### Аннотация

Древний город Тараз являлся крупным административным центром вдоль Великого Шелкового пути. Его рост и процветание тесно связаны с историей знаменитого торгового пути. Древний Тараз сыграл неоценимую роль в истории Евразии как один из важнейших центров международной торговли, ремесел, науки и культуры. Первая информация о городе Тараз, по китайским источникам, охватывает I век до н. э. и связана с политической историей объединения Канлы, ставшего одним из первых государств на территории Казахстана.

Тараз Қазақстанда ғана емес, Орта Азиядағы ең көне қалалардың бірі. Белгілі тарихшы Л.Н.Гумилевтің айтуынша, Тараздың алғашқы аты Талас болған. Қытай деректерінде қаланың негізін б.з.д I-ғасырда ғұн билеушісі Чжан Чжин (Чжи чжи) қалап, атын То-ло-со деп атаған. Қала 630 жылға дейін То-ло-со, одан кейін Талас, 893 жылы Тараз деп аталған. Кейбір зерттеулерге қарағанда қаланы алғаш салушылар Парфия шеберлері, Рим легионерлері және жергілікті халық болған.

Тараз қаласының атауы хақында көптеген парсы тілінде жазылған деректерде «Тараз», «Талас» не «Банки», яки «Йанги» немесе «Йанки» болып айтылады. Оның мән-жайын анықтау үшін ең әуелі Махмұд Қашқаридың түрік сөздігіне жүгінсек: «Талас», «Тараз» дей келе, Талас екеу болған. Бірі - «Ұлуғ Талас» (Ұлы Талас), екіншісі - мұсылмандар шекарасында орналасқан «Кәми Талас» деп аталады.

Ал, Тараз өңірінің ежелгі тарихы ерте палеолит дәуірінен басталады. Мұнда ежелгі адамдардың қоныстануына анағұрлым қолайлы орындар – Қаратау таулары болды. Бұл жердегі Арыстанды өзені бойынан табылған тас еңбек құралдары ежелгі адамдардың аң аулауына және терімшілікпен айналысқанын көрсетеді. Келесі дәуірде тарих сахынасына келген ұлы ғұндар тұсында Тараз қаласының іргесі қаланды.

Белгілі қазақ ғалымы, академик Ә.Х. Марғұлан археологиялық қазба деректеріне сүйене отырып Тараз б.з.б. III-II ғасырларда іргесі қаланған деген қорытынды жасайды. Ал, академик В.В.Бартольд ұзақ зерттеулер нәтижесінде ескі қаланың орны қазіргі орталық базар орналасқан алаң деп көрсетті. Археологтар зерттеулер жүргізіп, Тараз қаласы I- ғасырдың бас кезінен бастап салына бастаған деген қорытындыға келген. Б.з.б I ғасырдан бастап Талас өзені бойын қаңлы тайпалары мекендей бастады. VI ғасырдан бастап осы өңірді түркі тілдес ұлттар қалыптаса бастады. Зерттеушілердің айтуынша, Тараз сонымен қатар, Орта Азияның басқа қалаларындағы негізгі тұрғындары түркілер болды. Түркілермен қатар соғдылар, арабтар, парсылар, сириялықтарда көп болды. VIII ғасырдан бастап Батыс Түрік қағанаты құрамындағы тайпалар арасында өзара соғыс басталды. Нәтижесінде, Іле өзеніне ығысқан. Бұл кезде Тараз аса ірі әрі бай қала болатын. Осы кезден бастап тәжіктер Талас қаласын Тараз деп атай бастады.

Ежелгі Тараз қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі әкімшілік орталығы болып табылған. Оның өсуі мен өркендеуі әйгілі сауда жолының тарихымен тығыз байланысты. Ежелгі Тараз Еуразия тарихында ең маңызды халықаралық сауда, қолөнер, ғылым және мәдениет орталықтарының бірі ретінде баға жетпес рөл атқарды. Тараз қаласы туралы алғашқы ақпарат қытай дерек көздері бойынша біздің ғасырға дейінгі I ғасырды қамтиды және Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттердің бірі болған Қаңлы бірлестігінің саяси тарихымен байланысты. Тараз туралы ортағасырлық көптеген географтар, тарихшылар мен саяхатшылар жазды. Ол түргештердің, қарлұқтардың және қарахандардың кезінде ірі әкімшілік орталығы және олардың астанасы болған. Қала Ұлы Жібек

жолы бойында орталықтардың бірі болып, оның өсуі мен өркендеуі, бай сауда және мәдени дәстүрлері әйгілі сауда жолымен тығыз байланысты. Тараз өзіне тек саудагерлерді тартып қоймай, мұнда әртүрлі ұлттар мен өркениеттердің рухани мәдениеті де қарқынды дамыды.

Жібек жолы бойындағы тауар-ақша айналымы белді демеуші болды. Ел мен жердің бел ортасында көшпенділік пен жаугершілік, сауда-саттық пен егіншілік, қол өнері мен құрылыс-сәулет өнері, байланыс пен басқару, діни рәсім мен көршілерді сыйлау салттары қалтқысыз сақталды. Қолайлы осы өңір мен дәуірде түрлі өркениет негізі зор нәр алды, құрал-саймандар жасалды, адамдардың іс-әрекет өлшемі мен аумағы шаруашылықта, мәдениетте, саясатта астасып жатты. Ел мен ел, құрлық пен құрлық жақындасар жаһаннамалық кезеңде Тараз қамал мен қорғаныс, дінгек пен демеулік қызметті тең ұстаған ордаға, ортаға айналды. Осы уақыттан бастап оның атағы кең жайыла бастайды.

Макдиси, Хғ. географы, былай деп жазған: «Тараз бау-бақшалы, қалың елді, оры, төрт қақпасы және қонысталған рабады бар үлкен бекітілген қала. Медина қақпасының түбінде үлкен өзен аққан, оның арғы жағында қаланың бір бөлігі жатыр, үстінде өткелі бар. Алқалы мешіті базарлардың арасында». Қазіргі кезде Тараз қалдықтарының үстіне басқа үйлер салынып, оның бұрынғы көрінісін тек ХІХғ. 30-жылдарының басындағы мағлұматтар бойынша елестуге болады. Ол жерде бір кездерде көптеген бөлек-бөлек төбешіктерт-ҮІ-ХІІ ғғ. Жеке қоныс айналары мен ғимарат – сарайларының қалдықтары жатқан. Мысалы, ХІХ ғ. аяқ шенінде жасалған схемалардың біреуінде көне қаланың жалпы территориясында 48 төбешік белгіленген (Ф.Назаров Записки о некоторых народах и землях средней части Азии М.1968. с.33).

ҮІ-ҮІІІ ғғ. Қабаттары назар аударарлық, олар барлық стратиграфиялық қазбалардан табылған. Олардың қалыңдығы 1,5-2,5м.

Қабаттан алынған керамика әртүрлілігімен және өзгеше сәнділігімен ерекшеленеді. Едендері күйдірілген кірпіштен жасалған ғимарат қалдықтары (кірпіштің өлшемдері – 0,22x0,22x0,05м), жұмыр тас төсеніштердің қолданылуы құрылыс техникасының өзгергендігін көрсетеді.

Керамиканың екі түрлі тобы табылған: глазурь жалатпаған және глазурь жалатқан. Жалатпағанының ішінде көбінесе қызылжылтыр сапытаяқтар кездеседі. Ал екінші тобында-ақ, мөлдір, жасыл және қоңыр глазурь жалатқан ыдыс. Оюлары өсімдік әуендерінде жасалған өрнектерден құралған.

Тараз моншасы Каср-ал Хайр ал-Гарбидағы таяу шығыс моншасын еске түсіреді. Зерттеушілердің пікірі бойынша, моншалар Орта Азия қалаларында VIII ғ. пайда болған, олар Жерорта теңізі алқабынан шығып, Таяу және Орта Шығыс арқылы Орта Азияға жеткенге ұқсайды.

Монша салынатын кезеңге қазбалау кезінде табылған қала жабдықтарының қалдықтары да жатады. Ең алдымен ол – қаланың сутартқыш жебелері. Ол 12,8м ұзындықта байқалған. Оның құрылыс техникасы зерттеліп, қалпына келтірілді.

Қала территориясындағы қазбалаулармен үй – жайлар және қорғаныс қабырғасын ішінен бір-біріне жапсыра салу принципіне негізделген құрылыс-салымдар ашылған. Олардың сипаттамасы мынандай: «Бірінші бөлме жобасында квадрат тәріздес, өлшемдері 4х3,4м. Солтүстік – шығыс қабырғасы қорғаныс қабырға болып келген. Бөлменің оңтүстік – шығыс қабырғасының ортасына тіркеп биіктігі 0,4м пеш салынған. Оның өлшемдері 0,25 тереңдігі – 0,36. Іші толы ақшыл – қызғылт күл, жағатын ауызы солтүстік жағында. Ошақтың алдында өлшемдері 1х0,9 тікбұрыш формалы, еденнен 8см. тереңделген жазықтық орналасқан. Бөлменің оңтүстік-шығыс қабырғасында, ошақтан оңға қарай, еден деңгейінен 2 қуыс жасалып шығарылған. Олардың биіктігі 20см, ені 15см, тереңдігі 15см. Бөлменің едені тегіс емес, еденнің бетін күйіп кеткен қамыс пен ағаштың қалыңдығы 3см қабаты басып қалған.

Керамикалық материал Төрткөл қонысының өмір сүрген кезеңінің XI ғ. басы - XIII ғ. екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Басқа табыстардың ішінде темірден және мыстан жасалған шамалы ұсақ-түйек заттарды атап кету керек: темір тоғалар, шегелер, тұтқалар, садақ ұштары. Мыстан жасалған кішкене құмған аса назар аударарлық. Біржақты формада құйылған, бедерлі, білігінен қысқан жарты сауыт тәріздес алқа. Мұндай алқалар Пенжикентқазбаларында табылған VIII ғ. - мен даталанған материалдардан белгілі.

Барыстың басы бедерлендіріп салынған кашин ыдыстың қалдығы, сондай-ақ кашиннен жасалған, анық шет елдік, тамаша тостаған табылған. Оның беті мөлдір глазурьмен жағылған және өсімдік әуендері мен геометриялық формалар сипатындағы көркемсуреттермен әшекейленген.

Төрткөлдің стандартты секциялардан құралған салыну жобасы, керуен жолы трассасында орналасуы, шет елдік заттардың табылуы оны Тараздың тура жанында орналасқан керуен-сарайдың қалдығы деп санауға мүмкіндік береді.

Тараз керуен жолдарының түйіскен жері және Талас аңғарының негізгі қаласы болған. Испиджабтан Таразға жүретін жібек жолы Шараб, Будухкет, Тамтадж, Абарджадж және Джувикат арқылы өткен. Соңғысы Тараздан батысқа қарай 2 фарсах кейін орналасқан. Джувикаттың орналасқан жері дәл тауып көрсетілген: ол-ежелгі Тараз қалдықтарынан 17 шақырым шығыстау орналасқан Бектөбе атты көне қала, яғни екі қала аралығы деректерде аталған екі фарсахқа тең болып отыр (Лаврентьев В. Әулиеата қаласының шеңберінде жатқан төбелердің қысқаша тізімі. Ташкент, 1900. 39-45бб.).

Ол үлкен Бурылтай жотасының оңтүстік баурайында орналасқан. Қаланың Орталық бөлігі жобасында өлшемдері 100х120м., биіктігі 5-7м. болып келген тікбұрыш төбе. Оның жалауында бұрыштары мен периметрі бойында мұнаралары бар қабырға іздері байқалады. Оның солтүстік-батыс бұрышында жобасында сопақ төбе ұсқынды, үсті жазық ішкі қамал қалдығы орналасқан. Оның түп кенересінің өлшемдері 30х20 м., ал үстіндегі жазық алаңның өлшемдері – 20х15м.

Орталық қауырықтарға ұзын қабырғамен қоршалған ауыл шаруашылық аймақ жанасады. Көне қала VI-XII ғасырлармен даталанған, бұл Джувикат қаласының өмір сүрген кезеңіне сәйкес келеді және Бектөбе-Джувикат тепе-теңдігін дәлелдейді.

Алқаптың ірі қалаларының бірі Атлах болған. Ал Максиди оны былай деп сипаттаған: «Атлах-үлкен қала, ауданы жағынан негізгі қалаға жақын, айналасы қабырғамен қоршалған. Үлкен бөлігі бау-бақша, ал рустагінде көбінесе жүзім егісі. Алқалы мешіт мединеде, ал сауда орталығы рабадтың ішінде». Қаланың Тараздан мұндай қашықтығы Қашқарлық Махмұдтың мәліметтерін анықталады.

Атлах Тараздан 12 шақырым оңтүстіктеу жерде орналасқан Жуан-төбе атты ескі қала қалдығымен тепе-теңдестірілген. Соңғы жылдардың археологиялық зерттеулері бұл пікірге дәлел болатын жаңа материалдар берді. Жуан-төбе Талас алқабының ең ірі қала қалдықтарының бірі деп табылған. Ол VI-XII ғғ. даталанады.

Жалпақ-төбе ескі қала қалдығы жобасында түп-кенересінің өлшемдері 90-95м және биіктігі 3-4м, тік бұрыш болып келген төбе. Шығыс бөлігінде биіктігі 4,5м дейін және диаметрі 30м төбешік түрінде сақталған ішкі қамал орналасқан. Төбе айналасында тереңдігі 0,5м-ге дейін, ені 10м-ге дейін ордың іздері әлі күнге дейін байқалады. Қаланың үлкен қақпасы оңтүстік қабырғаның ортасында орналасқан және екі жағынан екі дөңгелек формалы мұнарамен бекітілген. Қазіргі кезде қалаға кіретін жердің орны сай тәріздес. 1986 жылғы зерттеулер кезінде орталық қауырықтардан 1-1,5 шақырым жерде қабырға табылған.

Қала территориясындағы қазбалау жұмыстары кезінде VI-IX ғғ. деңгейіндегі үй-жай құрылысының ерекшеліктері анықталған. Ол тұтас құрылыс болған, барлық үй, қора-жай, бөлмелер бір-біріне жалғастырыла салынған. Тұрғын бөлмелерде ашық типті ошақтар мен софылар болған. Софылар қабырғалар бойында орналасқан.

Жалпақ-төбедегі құрылыс комплексін түргеш тиындары VII-IX ғасырлармен даталайды.

Көне қаланың жоғарғы құрылыс қабаты, жалатпа керамиканың сынақтарына қарағанда, X-XII ғғ. жатады.

Қазбалаулар қаланың бекініс құрылымы сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Қабырғалары 4 м-ге дейінгі биіктікте сақталған. Олардың түп ені 5м, жоғары қарай жіңішкеленген. Қабырғалардың ең астыңғы қабатында өлшемдері 80x80x60см пахстан жасалған блоктар қойылған, олардың үстіне өлшемдері 35x25x10см шикі кірпіш қаланған. Қабырғалар бұрыштарында дөңгелек мұнаралар орналасқан. Солтүстік қабырғасының бермасы болған – ені 4м, шығыңқы жері (Каллаур В.Әулие атадан батысқа қарай Шымкент уезінің шекарасына жүрген ескі Керуен жолындағы Әулие-ата уезінің ежелгі қоныстары. ПТКЛІА IV том, 1899, 53б.).

Тараздан солтүстікке қарай жүретін жолдың ең ыңғайлысы Талас жағалауларымен өткен. Сондықтан Кевакиб жерін, екі қаласымен бірге, Талас аңғарынан іздеу орынды. Тараздан солтүстікке қарай тұрған Орта ғасырлық көне қалалардың ішіндегі ең ірілері Тоймакент пен Оххум.

Тараз бен көне қала қалдықтарының арасындағы қашықтық 50-55 шақырым, ал бұл деректерге сәйкес келеді.

Таразға жақынырақ тұрған Адахкент қаласын Тоймакентпен, ал дех Нуджикесті – Оххум қаласымен, тепе-теңдестіру керек. Бірақ жаңа археологиялық материалдарға негізделген басқа да пікір бар. Адахкент пен Дех Нуджикестің қоныстанылған жері Жамбылдан 30 шақырым солтүстік-шығысқа қарай орналасқан Асса аңғарындағы Қаракемір көне қала қалдығының орнында болуы мүмкін. Аэрофотосуреттер мен көз көрерлік зерттеулердің нәтижелерін үйлестіре талдау Қаракемір-1 және Қаракемір-2 қалдықтарының айналасында бүкіл ауылшаруашылық аймақты қоршап тұрған ұзын қабырға бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Сонда бүкіл бұл ерекше Кевакиб жерімен тепе-теңестірілуіне болады, ал сонда қалалар сол жердегі екі қала қалдықтарына сәйкес келеді.

Жібек жолы трассасында шығыс бағыттағы келесі қала ретінде деректер Төменгі Барсханды атайды. Ибн Хордадбех пен Құдаманың жол бағдарламалары бойынша Төменгі Барсхан Тараздан 3 фарсах жерде орналасқан. Ол туралы былай делінген: «Барсхан – Тараздан шығысқа қарай екі адам дауыс қашықтықтағы қала, оның айналасында қабырға, ол қирап та қалыпты. Алқалы мешіт базарлардың ішінде».

Төменгі Барсхан Талас теміржол станциясы жанындағы Тараз қаусырықтарынан 15 шақырым қашықтықта орналасқан Төрткөл-төбе атты ескі қала қалдығымен тепе-теңдестіріледі. Қала топографиясында ішкі қамал мен шахристан ажыратылады. Көне қаланың жобасындағы түрі екі қабатты, жақтарымен жердің бөлімдеріне бет қойған тік бұрыш төбе. Төбенің түп кенересінің өлшемдері 140x140 м., биіктігі 4-5 м. Солтүстік-батыс бұрышында ішкі қамал орналасқан. Оның орнындағы төбенің биіктігі 10 м., өлшемдері 30x30 м. Шахристан барлық жағынан бұрыштары мен периметрі бойында мұнаралардан қалған төбешіктері бар шөккен дуалмен қоршалған. Ішкі қамалмен ұласып жатқан ең биік қабырғасы солтүстік жақта-8 м. Шахристан территориясына кіретін жерлері екеу, орнында шығыс пен батыс жақтарында байқалады. Кіретін жерлері екі жағынан мұнаралармен мықталған. Қала қақпалары тұрған жақтарына екі алаң жанасқан – шығыс жағында, өлшемдері 70x70 м. Және батыс жағында, өлшемдері 100x100 м. Бұл рабад қалдықтары. Алаңдарынан территориясында ойдым жерлердің ізі байқалады – хауздардың қалдықтары.

Қаладан шығыстау жерде бөлек-бөлек төбешік болып қалған құрылыс іздері байқалады. Бұл қаланың ауыл шаруашылық аймағына кіретін жеке қоныс қалдықтары. Үлкен масштабты кварталдың аэрофотосуреттерінің мәнін ашып талдау бізге орталық қаусырықтардың айналасынан олардан 1,5-2 км.

Қашықтықтағы территорияны қоршап тұрған ұзын қабырғаның қалдықтарын табуға мүмкіндік береді.

Ішкі қамалда жасалған қазбалардың нәтижесінде жобасында тікбұрыш және шаршы болып келген бөлмелер тобы ашылды. Едендеріндегі жер-ошақтар мен олардың жанындағы тас төселген орындар тазартылды. Бөлмелердің бірінде күлгін қырдан жасалған өлшемдері 2,5х3,7 м. кішкене алаң болған. Оның жанында жерге қазып орнатылған биіктігі 1м., тұлғасының диаметрі 70 см., хум табылған. Бұл құрылыс шарап жасайтын жердің қалдықтары болып шықты.

Ішкі қамалдың жоғарғы құрылыс қабаты Х-ХІІ ғасырлармен даталанған. Шахристанда жасалған қазбалар ошақтары мен тандырлары бар бірнеше үй-жай қора-қопсы құрылыстарды ашқан. Олар VIII-IX ғасырлармен даталанады.

Пахса қабаттарынан таспа техникасымен жасалған бекініс қабырғасының бір бөлігін тазалай алдық. Қабырғаның түп қалыңдығы 5,5 м сақталған биіктігі 5 м. (Волин С.Л. Талас өзені аңғары мен оған жанама алқаптар туралы араб деректерінен мағлұматтар, 84б.).

Көне қаланың өзіндік тарихы, тағдыры бар. Қызық-қилы кезеңдерде өсіп-өркендеген даму жолдарының да шежіре-сырлары мол. Ең негізгісі, ірі сауда орны, әрі мәдени-рухани орталық болғаны.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ф.Назаров Записки о некоторых народах и землях средней части Азии М.1968. с.33.

2. Лаврентьев В. Әулиеата қаласының шеңберінде жатқан төбелердің қысқаша тізімі. Ташкент, 1900. 39-45 бб.

3. Каллаур В.Әулие атадан батысқа қарай Шымкент уезінің шекарасына жүрген ескі Керуен жолындағы Әулие-ата уезінің ежелгі қоныстары. ПТКЛА ІҮ том, 1899, 53 б.

4. Сенигова Т. Ортағасырлық Тараз. Алматы, 1972, 71-76 бб.

5. Волин С.Л. Талас өзені аңғары мен оған жанама алқаптар туралы араб деректерінен мағлұматтар, 84 б.

*Укеев Жасулан Каримұлы*  
Ақмола облыстық тарихи-өлкетану  
музейінің аға ғылыми қызметкері

## БОТАЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ КРАСНЫЙ ЯР ҚОНЫСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

### Түйін

Мақалада Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі өткізген 2021 жылғы Красный Яр қонысындағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері келтірілген.

### Аннотация

В статье представлены результаты археологических раскопок на поселении Красный Яр 2021 года, проводимые Акмолинским областным историко-краеведческим музеем в рамках программы Рухани Жанғыру.

Ақмола облыстық тарихи өлкетану музейінің 2021 жылғы археологиялық маусымына сәйкес **15 маусым** мен **30 шілде** аралығында Көкшетау қаласы маңында орналасқан энеолит дәуіріне жататын Ботай мәдениетінің Красный Яр қонысына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Археологиялық экспедицияны музей директоры Шакшаков Қуаныш Ғибадатұлының ұйымдастыруымен «Ақмола облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану, және экология орталығы» КММ-мен бірлесе отырып жүргізілді.

Археологиялық ескерткіш Красный Яр ауылынан солтүстігіне қарай 3 км жерде, Зеренді ауданының Красный Яр – Симферополь бағытындағы жолдың бойындағы темір жол өткелінен шығысына қарай орналасқан.

Тәулсіздіктің 30 жылдығына орай Ақмола облысындағы осы археологиялық қазба жұмыстары мен алдын ала қабылданған «Ботай мәдениетінің Красный Яр қонысына археологиялық зерттеу жұмыстары» атты жобаның да сәтті жүзеге асты деп айтсақ болады.

Бұл археологиялық маусымда «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес Ақмола облысының Зеренді, Атбасар, Жақсы, Есіл аудандары мен Солтүстік Қазақстан облысының Чкалово ауылының жоғарғы сынып оқушылары, тарихшы мұғалімдері мен өлкетанушылары қатысты.






### Қазба алаңы – 326 кв.м

Тарих ғылымдарының докторы, археология профессоры В.Ф. Зайберттің ғылыми жетекшілігімен 1980 жылдардан бері Солтүстік Қазақстан жерінде зерттеліп келе жатқан Ботай қонысынан басқа Ақмола облысында да бірнеше энеолит дәуірінің ескерткіштері кездеседі. Атап айтатын болсақ Бурабайдағы Көгілдір тоған I және II, Зеренді ауданындағы Васильковка IV қонысы. Ал осылардың ішіндегі бірі де, бірігей ескерткіштердің қатарына Көкшетау қаласы маңындағы Красный Яр қонысын жатқызуға болады, себебі бұл қоныста 50 ден астам тұрғын үйлердің орындары бар. Қоныстың жалпы аумағы 10 гектардай жерді алып жатыр, әлі де болсын қоныс орны үлкен болуы мүмкін, себебі бұл жерлер толықтай зерттелмеген тың ескерткіш орны болып табылады. Тек 2000 жылы бірлескен Қазақстан-Американ ғалымдары ғана зерттеген болатын, Археолог-физик Дэвид Макидің 2-3 гектарға ғана жүргізілген геомагниттік сканерлеу жұмыстары барысында ғана қызіргі анықталған тұрғын үйлердің 50 ге жуығын анықтап берді. Болашақта зерттеу аумағын ұлғайтып барлау және шурфтық қазба жұмыстары жүргізілсе қоныс орны үлкен болып шығуы мүмкін. Сол зерттеулерден бері толықтай зерттелмеген қоныс орнын Ақмола облыстық тарихи өлкетану музейі қолға алып отыр.

Ескерткішті зерттемес бұрын бірнеше жұмыстар атқарылды, олардың қатарында – Красный Яр қонысының географиялық орналасқан координаттарын анықтау, ескерткіш орнының жалпы көрінісі, ғарыштық тұрғыдағы аса сапалы фотосуреттерін жасау, автоматтандырылған аэрофото арқылы жалпы жоспарын құру, ортофотожоспар, ескерткіш рельефінің цифрлық моделі мен картасын құру, қоныс орнының 3D моделін жасау,

географиялық топографиялық картасын құру арқылы оған байланыстар жасау сияқты жұмыстар жүргізілді.



Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу үшін екі үйдің орны алынды, қазба алаңын квадраттарға бөлу жұмыстары жүргізілді, жалпы көлемі **326 кв.м** құрады.

Қазба жұмыстары барысында Ботай мәдениетіне тиесілі 50 ден астам жәдігерлер табылды. Олардың ішінде көптеген **қыш ыдыстардың сынықтары** мен үй жануарлары **сүйектерінің қалдықтары**, тастан жасалған **найза мен жебенің ұштары**, түрлі кертіктері бар **сүйектен жасалған бұйымдар**, **өңдеуші тас соққыштар**, ортасы бұрғыланған **тас дискілердің фрагменттері**, **өрнектелген жылқының бақайшақтары**, **тас қырғыштар**, **жаңқалар**, **салмақты балталардың бөліктері**, **сүйек инелер** мен **екі жақты біздер** табылды.



Красный Яр қонысына қазба жұмыстарын жүргізген кезде Ботай қонысындағыдай тұрғын үйлердің бір-бірімен тығыз жалғасып жатқандығын көре аламыз. Тұрғын үйлердің ішкі құрылысына қарағанда ортасында ошақ орны бар болғандығын, қабырға маңында ұсақ шаруашылық шұңқырлардың болғандығын байқаймыз. Табылған жәдігерлер айтып тұрғандай өндірістік тұрғыдан алып қарағанда қонысты мекендеген ежелгі адамдар тастан, ағаштан,



аңдардың сүйектерімен терілерді өңдеп, киім тігіп, қыш ыдыстарды дайындағандығы шаруашылықтың әр саласынан хабар береді.

Красный Яр қонысындағы тұрғын үйлердің ең бір қызығы үй сыртында сыртқы қоршаулардың болғандығын көреміз. Сыртқы қабырғалары да саз балшық пен жылқы малының сүйектерімен тұрғызылған. Қоныс орнында солтүтіктен үздіксіз жел соғып тұратындықтан қалқан, қорған, пана ретінде тұрғызылған болса керек.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей тұрғын үйлердің ортасындағы ошақ орындарының диаметрі 50-60 см құрайды, сонымен қоса кейбір қабырғаларында күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды қоятын ойықтардың болғандығын көре аламыз. Үйлердің орындары нақты бір геометриялық шеңбер түрінде салынбаған, кейбіреулері сопақша тәріздес болып келгендігін байқаймыз.

Шаруашылық шұңқырларын қазу барысында көптеген жылқы малының сүйектері табылды, ботайлықтардың алғаш рет жылқы малын қолға үйреткені ғылыми зерттеулерден белгілі. Алайда қазба алаңынан ірі қара малына жататын мүйіз қалдықтары мен топай-асықтың шығуы Красный Яр қонысын мекендеген тұрғындардың қолға жабайы сиыр малын (бизон, тур) да үйреткендігін де байқаймыз.



Жалпы Ботай қонысын зерттеу барысындағы орасан зор остеологиялық материалдардың басым көпшілігі жылқы сүйектері екені белгілі. Сондай ақ зубрдың, турдың, бұлынның, еліктің, аюдың, иттің, суырдың, қабанның, құстардың да кездесуімен қоса Красный Яр қонысында да ірі қара мал сүйектерің бірен-саран кездесуі бұл қонысты мекендеген адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылықтары нақты ботай қонысымен сәйкес келетіндігі мен бір тарихи кезеңде өмір сүргендігін көреміз.

Ал табылған жәдігерлер ішіндегі тастан жасалған еңбек құралдары мен найзаның, жебенің ұштарының материалдарының басым көпшілігі кремни тастарынан жасалған. Бұндай өңдеуге келетін кремний тастары Иманбұрлық өзені бойындағыдай Шағалалы өзені бойындағы жартастардан өндірілген. Қазба алаңынан көптеген нулеустер мен түрлі жаңқалардың қалдықтарының табылуы қоныс орнында түрлі еңбек құралдардың жасағандығының дәлелі.



Теріні өңдеудегі қосалқы саймандар ішінен тас қырғыштар, екі жақты біздер мен жіңішке сүйек иненің табылуы киім тігу мен теріні өңдеу шаруашылығы ерекше дамығандығын көре аламыз. Сонымен қоса өрнектелген жылқының бақайшағының табылуы, ондағы өрнектердің болуы Красный Яр қонысын мекендеген ботайлықтардың тұрпай болса да өмірге деген, дүниеге деген алғашқы көзқарастарының қалыптаса бастағандықтарын көруге болады. 2000 жылдары зерттеген америкалық ғалымы Сандра Олсеннің көзқарасы бойынша әйел адамның сыр-сымбатын немесе киім-кешегіндегі өрнектерді бейнелеген, ал В.Ф. Зайберттің зерттеулері бойынша сол замандағы ботайлықтардың алғашқы мифологиялық көзқарастарының бейнесін келтірген.

Қорыта келгенде 326 кв.м қазба алаңынан алынған жәдігерлер толықтай зерттелген соң көптеген ақпарат беретіні анық. Қазірдің өзінде табылған жәдігерлерді топтарға бөліп, сипаттау жұмыстары жүргізілуде. Болашақта әлі де болсын трассологиялық талдау жұмыстары мен радиокарбондық анализдер мен қабырғасына жабысқан шаң-тозаңдары мен қалдықтарына қосымша анализдерді жасауды қажет етеді. Зерттеу жұмыстары соңында бірқатар талдау жұмыстары жүргізіліп болған соң табылған жәдігерлер музей экспозициялары мен қорларынан орын табады.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 1-том. – Алматы: 2010.
2. Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: 2009.
3. Археологическая разведка на Васильковке IV. Отчет 2000.
4. Отчет о проведении совместной Казахстанско-Американской экспедиции на памятнике Красный Яр. Кокшетау – 2000.
5. Зайберт В.Ф. Ботай-Дала өркениетінің бастауында. 2011.
6. Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Задорожный А.В., Кулаков Ю.В. Тайны древней степи. Кокшетау: 2007.

*Абильмаликов Куаныш Кабдулович*  
«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығының ғылыми қызметкері.  
СҚО, Саумалкөл ауылы.

e-mail: abilmalikov\_kuanysh@mail.ru

*Құрманязов Ислам Серикұлы*  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда  
университеті, «Археология және  
этнография» ғылыми-зерттеу  
орталығының ғылыми қызметкері.  
Қызылорда қ.

e-mail: egypt.993@mail.ru

*Баянова Жанар Колдасбаевна*  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті, «Дала өркениеті және  
археология» ғылыми-зерттеу  
институтының жетекші маманы.

Алматы қ.

e-mail: monti.zhanar@gmail.com

## «БОТАЙ» ҒЫЛЫМИ-ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІНДЕ 2021 ЖҮРГІЗІЛГЕН БЕЗЕНДІРУ(ИНТЕРЬЕРЛІК) ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

### **Түйін**

Мақалада Ботай қонысында 2021 жылы ғылыми-эксперименталды тұрғын үйінің кешенінің ішіндегі безендіру жұмыстар жайлы толығырақ ақпарат беріледі. Ескерткіштің географиялық орналасу аймағы және әр кезеңдегі жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері қарастырылып ботайлықтардың өмір сүру салты мен дүниетанымы жайлы қазба жұмыстары барысында табылған үйлердің орны мен артефактілер ғылыми-эксперименталды тұрғын үй кешенінде безендіру барысында ескерілді. Ботай үйі кешенін ішкі безендіру барысында жергілікті шикізат пен жаңа заманауи құрылыс материалдары пайдаланылды.

### **Аннотация**

В статье будет представлена более подробная информация о отделочных работах внутри научно-экспертного жилого комплекса поселения Ботай в 2021 году. Географическое положение памятника и результаты проведенных исследований на разных этапах были

рассмотрены, а также учтены места находок и артефакты, найденные при раскопках, при оформлении их в научно-экспериментальном жилом комплексе. При внутренней отделке комплекса «Дом Ботая» использовалось местное сырье и новые современные строительные материалы.

Ботай мәдениеті – энеолит дәуірінде Солтүстік Қазақстан аймағын мекендеген тайпалардың мәдениеті. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Никольское ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде орналасқан. Ботай қонысын 1980 ж. Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.Ф. Зайберт) алғаш ашып, оны ғылыми айналымға енгізді, қазіргі уақытқа дейін бұл қоныста зерттеу жұмыстарын жүргізіліп келеді.

Ботай археологиялық халықаралық экспедициясының 41 жыл бойы үздіксіз жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында Ботай қонысынан өте бай археологиялық және палеобиологиялық материал жиналды және бірқатар шетел ғалымдарының ғылыми ізденістері мен зерттеулері Қазақ елінің ежелгі тарихына қатысты бірталай ғылыми жаңалықтар ашты. Ботай қонысы әлемде алғашқылардың бірі болып жартылай отырықшылық тұрмыс салтына көшкен. Ботай қонысында нағыз сәулетшілік тәсілдермен ағаштан күрделі үй құрылыстарын жүргізе бастаған (Зайберт, 2007: 15–20). Жартылай жер үстіне тұрғызылған үйлер ағаштан, саз балшықтан, жылқы сүйегінен, қайыңның қабығынан және шымнан салынған. 2017 ж. тұңғыш Президентіміздің Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мемлекеттік бағдарламасы басталды. Ботай қонысы, республикалық маңызы бар ескерткіш ретінде, Қазақстанның киелі нысандарының тізіміне енгізіліп, өзінің алғашқы жоғары мәртебесін алды. Ботай мәдениетінің көпжылдық зерттеулері дала өркениеті мен қазақ халқының культурогенезінің бастауы б.д. IV мыңжылдығында тұрғанын көрсетті (Зайберт, 2009, с.25-40).

Осы бір тарихи кешен 1980 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы, В.Ф. Зайберттің жетекшілігімен ашқан болатын. Кешенді қазба жұмыстары 1983 жылдан бастап зерттеле бастады, қазба жұмыстарынан алынған деректер мен материалдарға қарап, энеолит дәуірінде Қазақстанның солтүстігі аумағында жаңа археологиялық мәдениет қоныстың атауымен аталып «Ботай» мәдениеті деп атала бастады. Кейіннен аталмыш тақырып халықаралық және отандық археология саласындағы маңызды тақырыптардың бірі болды. Ботай мәдениеті отандық және кеңестік ғалымдардың назарын өзіне аударып қоймай, ескерткішке деген қызығушылықтарын оята түсті.

Қазақстан өз алдына тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғалы уақыт аралығында да археология ғылымы өз алдына жаңа қарқынмен жылжы бастады. Соның ішінде Ботай мәдениетін зерттеуде отандық ғалымдардан өзге шетелдік зерттеушілерде белсене атсалыса зерттеліп келеді.

Ашылғалы бері 41 жылға уақыт өткен ескерткішке В.Ф. Зайберттің жетекшілігімен жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша Ботай қонысынан алынған материалдарды жан-жақты зерттей келе тас дәуірінің соңғы кезеңінде Қазақстан мен Орал-Ертіс өзен аралығында ежелгі ботай мәдениетінің тұрғындары бүкіл әлем тарихында ең алғаш жаяу коммуникациядан атқа көшкенін анықтады. Сонымен қатар дала тұрғындары жылқының сүті – бірегей қымыздың дәмін алғаш татқанын батыстың жетекші ғылыми орталықтарындағы зертханаларда дәлелденді (Зайберт, 1993: с.10-20; Зайберт, 2011, с. 24–25 ).

Жүздеген тұрғын үйлер мен 200 мыңнан астам артефактілерді зерттеу арқылы ботайлықтардың шаруашылық, құрылыс қызметі туралы түсінік алуға, қоғамдық ұйымдардың негізгі нысандарын, отбасылық қатынастарды, киелі саланың кейбір мәселелерін анықтауға мүмкіндік беруде.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 30 наурыздағы №150 қаулысымен құрылған. 2018 жылғы 13 тамызда мемлекеттік тіркеуден өтті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 279 қаулысымен «Ботай қонысы» археологиялық ескерткіші мемлекеттік қорғауға алынды.

Музейдің негізгі қызметі – тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және сақтау мақсатында ғылыми-зерттеу, мәдени-біліми және туристік қызметтерді ұйымдастыру, Қазақстанның тарихи және рухани ескерткіштерін зерттеп, сақтау болып табылады.

Ботай қонысындағы соңғы зерттеулердің арқасында 6000 жылдан астам уақыт бұрын Қазақстанның ежелгі тұрғындарында болған әлеуметтік-экономикалық және дүниетанымдық контексттердің жоғары деңгейі туралы айтуға мүмкіндік беретін маңызды нәтижелер алынды. В. Ф. Зайберттің пікірінше, бұл адамдар-алғашқы жылқышылар, олар экожүйені тиімді пайдалану дағдысын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар күрделі құрылыстарды салуға да бел буды. Оның дәлелі ретінде Ботайдың ежелгі архитектуралық мәдениетін негізге ала отырып, ғалымдармен бірлесе отырып жасалған ботайлықтардың тұрғын-үйлерінің эксперименталды макетін тілге тиек етуге болады. Мамандар тек сыртқы келбетін ғана емес, сонымен қатар тұрғын үй интерьерінің элементтерін де қалпына келтірді. Бұл тұрғын үй, сондай-ақ ботайлықтардың басқа да шаруашылық және діни ғимараттарының макеттері мемлекеттік бағдарламалардың басқа ғылыми нәтижелерімен бірге біздің еліміздің ежелгі тарихының аса маңызды беттерін баяндайтын ашық аспан астындағы тағы бір бірегей қазақстандық брендке айналатыны сөзсіз (Зайберт,1985, с.3-17).

Осылайша, соңғы алты мың жыл ішінде Еуразиялық мәдениеттердің қарқынды жаңалығы дала өркениетінің аграрлық және әлеуметтік-мәдени салаларындағы тарихи серпіліс болды. Ат-көлік коммуникациясы дәуірінің басталуына бастау алған ботайлықтардың пассионарлығы Ұлы дала мен

адамзаттың өзара қарым-қатынасы моделін мың жыл алдыға анықтап берді (Зайберт, 2003, с.189-204 ).

Сондай-ақ осы ботай мәдениетінің дамуы мен трансформациясының нәтижесінде адамдардың табиғи процесстерді күнтізбелік тұрғыда қабылдау және жылқы шаруашылығының экономикалық тұрғыда қоршаған ортада күрт артуы себебінен далалықтардың психологиялық және мәдени менталитеттері қалыптасып, орныға түскен еді.

Қазіргі таңда Ботай қонысы жайлы Солтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы және археологиясына арналған «Атбасар мәдениеті» (1992), «Энеолит Урало-Иртышского междуречья» (1992), «Тайны древней степи» (2007), «Ботай мәдениеті» (2009), «Ботай – у истоков степной цивилизации» (2011), Атбасарская культура: Материалы и исследования по археологии (2012) Казахстана. – Астана, 2012. –Т. 1. – 352 с., Сакральные контексты ботайской культуры (2018), Ботай монография қазақ, орыс, және ағылшын тілінде (2021) жылдары еңбектері жарық көрген.

Әлемдік тарихи ғылым саласында ботай материалдары кеңінен танымал. Алайда Қазақстан мен Еуразияның тарихына арқау болатын жаңа ақпараттарды жүзеге асыруда ботай мәдениетінің алатын орны ерекше екені белгілі (Gaunitz , Zaibert, Hanghoj, Outram 2018, p. 111-114).

2019 жылы Ботай қонысында Ботай тұрғын үйінің ғылыми-эксперименталды кешені бой көтерген болатын. Бұл тұрғын үйі кешені көп жылғы ізденістер мен қажырлы еңбектің арқасында заманауи техникаларды пайдалана отырып ауа-райға төзімді қылып Ботай қонысынан және табиғи қорғалатын қорықтан тысқары жерден тұрғызылды. Құрылыс барысында көп жылғы ізденістер барысында ботай үйлерінің стратиграфиясы құрылыс қабаттары да ескерілді. Бұл құрылыс жүргізмес бұрын қоныста бұрын тұрғызылған эксперименталды кешендерінің тәжірбиесі ескеріліп көп жылғы ізденістер арқасында жаңа заманғы құрылыс материалдары пайдаланып тұрғызылды (Зайберт, Кисленко, Иванов, 1983, с.141-143; Зайберт, 2018, с.29-35).

Құрылыс жұмыстары барысында диаметрі 10 м, тереңдігі 1 см болатын шұңқыр қазылып, кіретін есігі шығысқа қарай қаратылған. Ботай үйін салу 3-5 жыл бұрын орылып алынған ағаш бөренелер пайдаланылды. Бұл бөренелер арнайы кептіріліп, сырты қабыршықтарынан тазартылған. Үй қабырғаларын жаңа заманғы құрылыс материалдары цементтік блоктар, қалыңдығы 30 см болатын тастар жатқызылды. Таңдалып алынған ботай үйінің жоспары сегіз бұрышты болып келген, жертетөлелік қабырғалары ұзындығы 80 см, кәдімгі жерден биіктігі 70 см. Бұл құрылыс жұмыстары Орта Азия мен Кавказ далаларында кеңінен тараған «Дарбаза» әдісімен салынды, яғни үйдің орталық тұсына бөрене қойылмай үйдің бөренелер жатқызылып қойылып бүкіл ауырлық күш қабырғаларға қарай ауыстырылды. Құрылыс жұмыстары сәтті аяқталып ботай үйі ескерткіштің жанында бой көтерді. Тұрғызылған үй жанына



жылқы қамайтын қора соғылып туристерге ұсынылды (Зайберт, 2020, с.292-316).

Қазіргі Ботай қонысына келетін туристер осы тұрғын үй кешеніне соқпай өте алмайды ескерткішті тамашалауға келген қонақтар тұрғызылған үйдің ішкі бетін безендіру мақсатында 2021 жылдың шілде-қыркүйек айларында Ботай қонысындағы ғылыми-эксперименттік тұрғын үйде қалпына келтіру жұмыстары басталды.

2021-2023 жылдарға ҚР МСМ қаржыландыратын «Ботай қонысында археологиялық ғылыми-эксперименттік зерттеулер және қамтамсыз ету жүйелерін ботай мәдениеті тайпаларының дүниетанымдық-киелі контекстерін модельдеу» жобасы аясында Ботай қонысында археологиялық қазба жұмыстары мен қатар қайта қалпына келтіру шараларады жүргізілу үстінде, солардың бірегейі 2019 жылы бой көтерген тұрғын үйінде безендіру және қардың суынан, жаңбырдан сақтау үшін жергілікті шикізаттарды пайдаланылды.

Қайта қалпына келтіру ғылыми-зерттеу жоспарлары мен ғылыми бағдарламаның техникалық ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілу үстінде

2021 жылдың техникалық жоспарға сәйкес жаңадан құрылған Ботай тұрғын үйінде ғылыми эксперименттік-қолданбалы жұмыстар жүргізу көп жылғы қазба жұмыстарының нәтижесінде алынған археологиялық деректер барысында ботай үйінің стратиграфиясы мен жоспарының жаңа деректері негізінде Ботай тұрғын үйіндегі сыртқы және ішкі безендірулері мен ботай адамының өмір сүру кеңістігінің қауіпсіздігін құру болып табылады. Бұл сыртқы ортадағы жылу және гидрооқшаулау, жайлы ішкі безендіруді қалыптастыру және дәстүрлі дала безендіруне келтіру (фотосурет 1).

Ботай тұрғын үйіндегі қайта құру жұмыстарының бірінші кезеңі-ежелгі безендіруді құру үшін үйді дайындау. Арнайы алынған жылқылардың 20 терісі дайындалды, олар тұзды ерітіндімен және мыс сульфатымен алғашқы өңдеуден өтті.

Бастапқы кезеңде жобаның ғылыми қызметкерлері тұрғын үйдің қабырғаларын жабу қабырғаға ағаш бұтақтары және талдан жасалған тақтайша бекітілді, ол Ботай тұрғын үйін салудың қайта қалпына келтіру әдістеріне сәйкес жылқы көңімен араласқан сазбен жағылды.

Осы мақсатта Иман-Бұрлық өзенінің бойында өсетін жергілікті тал ағаш-өрме құрылымы тақтай үшін қолданылды. Ағаштан жасалған тақтайшаға 4 текше бұтақ дайындалды және өңделді. Батпақтың құрамы жергілікті ботай қызыл сазынан тұрады, 8 текше метр және 10 текше метр жылқы көңі әкелінді. Сондай-ақ, үйдің еденіне камыс төселіп (гидрооқшаулағыш) жүргізілді. Содан кейін үйдің ішіне және кіру тобына сазды сылақтың екінші кезеңі жасалды. Үйдің жатын аймағында қайта құру жүзеге асырылды, ол камыспен, содан кейін бір-бірімен байланған бұтақтармен және сазбен қапталды (фотосурет 2-3).

Саз балшықпен жылқы көңі араласқан еден үсті кепкен соң төсеніш қызметін атқарған қолдан буылып жиналған қамыс қойылып үстіңгі бетіне қабырғаларға жылқы терілері ілініп қойылды (фотосурет 4-5).

Ботай экспериментальді үйінің жанындағы жылқы қамайтын қораға өзен жағасынан әкелінген ағаш бұтақтары айналдыра байланып шықты және үйге кіретін табалдырықта адам жүретін жолда тастар қаланды.

Үйдің сыртқы жағынан, гидроокшаулау үшін үйдің түбінде шым қабаты төселді. Бұл төселген шымқабат үйдің негізін ылғалдан жаңбыр суы мен қардан қорғайды (фотосурет 8).

Шымқабат төсеу процесі екі кезеңде өтті. Бірінші төсеудің кезеңі тамыз айының басында жатқызылып төселсе. Екінші кезең қосымша шымтезек қабатын төсеп арнайы ағаш бөренелермен тығыздалды. Шымқабат қабатының төселу ауданы-50 шаршы м.кв.

Жылу оқшаулау үшін үйдің бүкіл еденін қызыл саз бен жылқы көңімен араласқан батпақ дайындалып төселді. Еденді төсеу алдында оқшаулау үшін беті қамыспен, тал жапырақтармен, бұтақтармен және өрілген төсеніштермен жабылып едені арнайы кептірілді.

2021 жылы Ботай экспериментальді үйінде жасалған жұмыстар қатарында үйдің ішкі келбетін безендіру, оның ішіндегі гидроокшаулау, жылу оқшаулау жергілікті шикізат пайдалана отырып сол заманғы ботайлықтардың тұрмыс тіршілігі дүниетанымы қалай болғандығын осы қайта қалпына келтіру барысында байқауға болады. Ботайлықтардың өмірі археологиялық деректер бойынша ат ұстау өнері үйдің қабырғаларына ілінген жылқы малының бас сүйектерінен терілерін тұрмыста пайдалғанын көруге болады (фотосурет 6). Қызық дерек қазба жұмыстары барысында ботайлықтардың үйлерінен жылқы жануарының сүйектерінен басқа иттің сүйегінің кездесуі әсіресе оның табалдырықта жерленуі ғалымдарға өте қызықты танымды болып отыр. Ит жануарының жерленуі әр халықта әр түрлі аңыз әңгемелер мен салт дәстүрлерінде кездеседі. Соның ішіндегі иттің аңшымен, үйге құт әкеледі деп немесе шамандық байланысы көп жазылып жүр. Қазақ халқында ит жеті қазынаның бірі ботайлықтарда итті қадыр тұтқанға ұқсайды. Осыны ескере отырып ғылыми экспериментальді ботай үйінде табалдырық жанынан 70x40 болатын сөре жергілікті ағаш бұтақтарынан дайындалып иттің анатомиялық сүйегі өз орнын табатын болады.

2021 жылы Ботай қонысындағы экспедициялық жұмыстардың бағыттары мен көлемдерін орындауға үйлесімді жоспарлау және ұйымдастыру нәтижесінде ауа-райының өте қиын жағдайларында (тұрақты жауын-шашын, жел, температураның төмендеуі) қарамастан жобаның техникалық ерекшеліктерінде баяндалған мақсаттар мен міндеттер орындалды.

Эксперименттік ғылыми тұрғын үй кешені сәулет ғимаратының құрылысының безендіру бойынша аяғына дейін жеткізілді.

В.Ф. Зайберттің Ботай тұрғын үйі кешенінің ғылыми қайта қалпына келтіру толық көлемде жүзеге асырылды бүгінде бұл ботай қонысындағы үй Қазақстанның бірегей тарихи-мәдени объектісі болып табылады.

Ботай халықаралық археологиялық экспедициясының 2021 жылы Ботай қонысы мен Красный Яр қонысында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде 300-ға жуық артефактілер алынды. Музей қызметкерлері жоба аясында Қостанай облысы Амангелді, Жангелді аудандарында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп энеолит дәуіріне тиесілі терсек мәдениетінің ескерткіштерін қатысты ескерткіштері зерттелді. Оның ішіндегі Ағайдар, Құмкешу, Токанай тұрақтары жаңадан Екпінді тұрағы ашылды. Зерттеудің мақсаты ботай мәдениеті мен терсек мәдениетінің ескерткіштерінің туыстық байланысын анықтау салыстыру анализ жасау болып табылады. 2021 жылы қазба жұмыстарынан және барлау жұмыстарынан алынған материалдар толық камералдық тәртіпке келтірілген-жуылған, шифрланған, сақтау үшін және Ботай қорық-мұражайының қорына тапсырылатын болады.

Бастапқы ғылыми типологиялық өңдеу ретінде 2021 жылы Ботай және бүкіл коллекциясын каталогтау бойынша үлкен жұмыс жүргізілді.

Каталогтау археологиялық материалдар қоймаларда ұзақ тұрмайтын, тұрақты және жылжымалы экспозициялар мен көрмелерді жасауда серпінді пайдаланылатын жағдайларда коллекцияны археологиялық өңдеудің қажетті бөлігі болып табылады. Каталогтау археолог және музей қызметкерлері үшін негіз болып табылатын шынайы қағида бойынша табылған заттардың атаулылығына кепілдік береді.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Задорожный А.В., Кулаков Ю.В. Тайны древней степи. (Исследования поселения Ботай в 2004-2006 гг.). Коллективная монография. – Кокшетау: Издательский центр Кокшетауского университета, 2007. – 163 с.

2. Зайберт В.Ф. Ботайская культура. Алматы: «КазАқпарат», 2009. 566 с.

3. Зайберт В. Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. Петропавловск, 1993. - 246 с.

4. Зайберт В.Ф. Ботай у истоков степной цивилизации. Книга-альбом. Алматы: Балауса, 2011. 480 с.

5. Зайберт В.Ф. Историко-культурное значение открытия и изучения ботайской культуры на современном этапе // Мәдениет. Культура. Culture. 2017. № 1–2. С. 59-66.

6. Зайберт В.Ф. Поселение Ботай и задачи исследования энеолита Северного Казахстана // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. Межвузовский сборник. – Челябинск, 1985. С.3-17.

7. Зайберт В.Ф. «Ботайская культура» Степная цивилизация восточной Евразии (Древние эпохи) Астана. 2003. С.189-214.

8. Gaunitz Ch., Zaibert V.F., Hanghoj K., Alan K. Outram Ancient genomes reveal the ancestry of modern domestic horses and the feral origins of Przewalski's horses // Science. 2018. p.111-114.

9. Зайберт В.Ф., Кисленко А.М., Иванов И.В. О реконструкции ботайских жилищ // Использование методов естественных и точных наук при изучении древней истории Западной Сибири. – Барнаул, 1983, С. 141-143.

10. Зайберт В.Ф. Сакральные контексты Ботайской культуры / - Астана: 2018. Казахский научно-исследовательский институт культуры монография.- 380 с.

11. Зайберт В.Ф. «Ботай».- Алматы: «Балауса баспасы» 2020. 480 бет, қазақ, орыс ағылшын тілінде.



Фотосурет 1- Ботай ғылыми эксперименталды тұрғын үйі 2021 жыл



Фотосурет 2 - Ботай ғылыми-эксперименталды тұрғын үйі қызыл саз бен жылқы көңі араласқан батпақ дайындау





Фотосурет 3 - Ботай ғылыми-эксперминталды тұрғын үйі жылуоқшалау (теплоизоляция) жұмыстары



Фотосурет 4 - Ботай ғылыми-эксперминталды тұрғын үйі гидрооқшаулау (гидроизоляция) жұмыстары



Фотосурет 5 - Ботай ғылыми-эксперименталды тұрғын үйі жылқы терілері қойылған жатын аймақтың көрінісі



Фотосурет 6 - Ботай ғылыми-эксперименталды тұрғын үйі

---

*Мамбеталинов Ракат Машкенович*  
Директор «Центра по охране  
и использованию историко-культурного  
наследия Управления культуры, развития  
языков и архивного дела акимата СКО»

СОХРАНЕНИЕ ОБЪЕКТОВ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ  
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ НА ПРИМЕРЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
ЦЕНТРА ПО ОХРАНЕ И ИСПОЛЬЗОВАНИЮ  
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ.

### **Түйін**

Мақалада СҚО мәдени мұраны қорғау және пайдалану басқармасының қызметі қарастырылады. Басқарманың қызметі Қызыл-өндеу ескерткіштерінде археологиялық зерттеулер жүргізуге бағытталған. Қызыл-Оба ескерткішінде туристік макеттер жасау және консервациялау бойынша әдіснамалық тұрғыдан жаңа жұмыстар жүргізілді.

### **Аннотация**

«Көненің көзіндей, тарихтың өзіндей болған жәдігерлерді жинақтап жүйелеу, оларды келешекке сақтап жеткізу, өзге жұртқа барымызды көрсетіп насихаттау – абыройлы міндеттің бірі», - деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда ұлттық мұраны қастерлеуге, сақтауға ерекше ден қойылып отыр.

Тараз - 2000 жылдан астам тарихы бар қала, әлемдік өркениет қазынасына енген Ұлы мәдениеттердің мұрагері. Шу-Талас өзендері аралығы қазақ этногенезінің даму орталығымен қатар Қазақ хандығы құрылған жер болып табылады. Сан ғасырлар тарихтың құпиясын бойына жиып жатқан осы қала туралы Шығыстық көне жазбаларда деректер көптеп сақталған. Оларда қаланың атауы **«Тараз»**, **«Талас»**, **«Далоосэ»**, **«Ианги»** деп аталғаны жөнінде мәліметтер кездеседі. Тараз қаласы туралы алғашқы ақпарат қытай дерек көздері бойынша біздің ғасырға дейінгі I ғасырды қамтиды және Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттердің бірі болған Қаңлы бірлестігінің саяси тарихымен байланысты.

X ғасырдағы араб географы Әл-Макдиси былай деп жазды: «Тараз-бақтары қыруар көп, халық тығыз қоныстанған, орлары, төрт қақпасы мен адамдары мекендеген қамалы бар үлкен бекіністі қала. Екінші мекенде үлкен өзен, оның ар жағында шаһардың бір бөлігі, оның үстінен өтетін көпір бар. Базар ортасында мешіт үйі тұр». Ал Фирдауси: «Тараздың садағындай қиылған қас» («Шахнаме») десе, Баққулық Абд ар-Рашиддың жағрафиялық шығармасында: «Тараздың ауасы таза, суы мөлдір, жері құнарлы, нағыз бейішті еске түсіреді. Ал, тұрғындары жарқын жүзді, кең пейіл, әйелдері мен еркектерінің жүздері қандай сұлу», - деп тебірене жазады. Араб саяхатшысы, ғалым Максиди: «Қаланың аймағында 200-ден астам қалалар мен қыстақ-кенттер орналасқан. Ал, қала ішінде сауда жасап тұрған жүңгіршектер, іші қайнаған базар, оның бір жағында мешіті, медреселері, қолөнершілердің шеберханалары, абыр-сабыр, ары-бері жүрген адамдардан көзің талады», - деп таңданысын, қызығушылығын білдіреді. Сонымен, Тараз сырттан келген адамдардың назарын бай тарихымен, көркем табиғатымен, қонақжай халқымен, әдеби-мәдени мұраларымен баурап, ұлт руханиятының ғажайып ғаламаттарымен де назар аудартқан айшықты да әсем қала болған. Тараз ірі сауда қаласы ғана емес Түркі әлемінің бесігі болып саналады. Олай дейтініміз Батыс Түркі, Түргеш, Қарлұқ, Қарахан қағанаттарының саяси-мәдени астанасы болып, ғылым мен білімнің, қолөнердің ордасына айналды.

ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы №256 қаулысымен ұйымдастырылған ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі Қорық-музейіміздің негізгі қызметі – тарихи-мәдени мұраларды сақтау, насихаттау, ғылыми



зерттеу, археологиялық нысандардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу, бақылау, ғылыми-танымдық материалдар жариялау, туристік кластер саласындағы жұмыстарға қолқабыс жасау, танымдық әңгімелер мен лекция-сабақтар өткізу, мұралардың қорғау аймақтары мен жер телімдеріне бақылау жасау, экскурсиялар мен тарихи сабақтар өткізу. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің қарамағында тас ғасырынан бастап бүгінгі күнге дейінгі әртүрлі тарихи кезеңдерде тұрғызылған, қала ішінде де, Жамбыл облысының аумағында да орналасқан Республикалық маңызы бар 30 ескерткіш бар.

Жамбыл облысының аумағында орналасқан ортағасырлық бес ірі қала - Ақтөбе-Баласағұн, Құлан, Өрнек, Қостөбе, Ақыртас сарай кешені 2014 жылы «Ұлы Жібек жолының Чанъань-Тянь-Шань дәлізі» маршруттар желісінің ескерткіштері ретінде ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс өркениетін біріктірген Ұлы Жібек жолының тарихи мұрасына назар аударады. 2018 жылы Ақыртас кешені мен Айша бибі кесенесі ерекше туристік тартымды нысандардың Бүкіләлемдік тізімін толықтырды.

Талас және Шу аңғарларындағы қалалар жиынтығы үлкен бір топты құрайды деп айтсақ қателеспейміз. Талас өңірінде күні бүгінге дейін сақталған және ортағасырларда Қазақстан территориясында ірі мәдениет орталығы болған ортағасырлық қалашық – Қостөбе қаласы. Бұл қала жайындағы мәліметтер X ғасырлардың аяғына жататын жазбаларда кездеседі. Қостөбе қалашығы туралы ортағасырлық географтар, тарихшылар мен саяхатшылар да көптеген мәліметтер қалдырған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынған Қазақстанның киелі жерлер картасына есепке алынған жергілікті маңызы бар нысанның бірі – Өрнек қалашығы тайпалық қоныстан Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-экономикасы қарқынды дамыған қалаға айнала алған. Т.Рысқұлов ауданы, Өрнек ауылының аумағындағы Сұлутөр шатқалында орналасқан. Ортағасырларда негізі қаланған қалашық түркі дәуіріндегі қала мәдениетінің ірі орталықтарының біріне жатады. Алғашында тайпалық қоныс болып кейін бірте-бірте ауқым кеңейген қалашық Қарахан хандығы тұсында қалалық-әкімшілік орталық болған. Ұлы Жібек жолымен халықаралық сауда-саттық жасау есебінен қалашық X-XII ғасырларда өзінің шарықтау шегіне жетті.

Ерте ортағасырлар кезінде Ұлы Жібек жолының солтүстік бағытының Қазақстан арқылы өткен тармақтарының бойында сәулеті мен дәулеті келіскен қалалар қалыптаса бастады. Солардың ішіндегі маңызы ерекше ескерткіштердің бірі ортағасырлық – Құлан қалашығы. Тарихы VI-XIII ғғ. жататын археологиялық ескерткіш Т. Рысқұлов ауданының орталығы Құлан ауылының солтүстік-шығыс шетінде орналасқан. Құлан қалашығында ғылыми-зерттеу жұмыстары XIX ғ. бастау алып, әлі күнге дейін жалғасуда. Зерттеулер нәтижесінде Құлан жергілікті түріктерге тиесілі сәулетті сарайлары бар мәдени орталық қалалардың бірі болғандығы анықталып отыр.

Шу алқабы ертеден-ақ отырықшы шаруашылық пен мәдениеттің алтын бесігі болған. Оның айғағы үлкенді-кішілі қалалар мен шаруашылық алқаптары. Міне осындай кең алқапты ортағасырлық қалалардың бірі ортағасырлық – Ақтөбе қалашығы. Қалашық Шу ауданы, Ақтөбе ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым жерде Ақсу өзенінің жағасында орналасқан.

Өңіріміздегі әлемдік мәдениетке бергісіз тарихи-мәдени ескерткіштеріміздің бірі, бұл – Ақыртас құрылыс кешені. Ата-бабаларымыздың көне дәуірдегі мәдениетінің озық үлгісі болған Ақыртас сарайы - Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 шақырым жерде, Ақшолақ темір жол станциясынан 6 шақырым оңтүстікке қарай Қырғыз Алатауының етегінде орналасқан. Әлемдік мәдениетте тарихын тасқа жасырған құпия құрылыстың ғаламдық кереметтердің қатарынан ойып орын алары заңдылық. Мұндай ғажайып керемет құрылыстар әлем тарихында санаулы ғана. Таудың қызыл түсті тастарын әдемілеп ойып отырып, салмағы тонналап тартатын бітеу тас блоктар жасап шығару – адамзат баласының есте жоқ ескі замандағы өркениетінің баға жетпес құндылығы. Міне, осындай ұлы өнер мәдениетінде ерен ерлігімен тарихтың тархан беттерінде қалған ұлттардың бірі - ол біздің Қазақ халқы еді. Ежелгі дәуірдің асыл мұрасына айналып, көз тартар көркемдігімен талайдың таңдайын таң қақтырған Ақыртас кешені -ата-бабаларымыздың сәулет өнеріндегі қайталанбас ғажайып қолтаңбасының бірегейі. Мәдениеті де, тарихы да, өркениеті де ежелден өркендеген бабаларымыздың куәгер көзі ретінде бүгінгі күні өз құндылығын сақтап тұр.


Ежелгі Тараз қалашығында біраз жылдан бері археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, мыңдаған құнды жәдігер табылған. Ол дүниелер талай жылғы тарих жайлы тың мәлімет алып, бәймәлім болып келген жәйттардың бетін ашуға мүмкіндік бермекші. Негізінде, археологтар көне қалашықтың орнын алғаш 1890 жылы зерттеп бастаған. Бірде тоқтап, сосын қайта жалғасқан жұмыстар жалпы алғанда 24 жылды құрайды. Ал 2011-2017 жылдардан бері мамандар шаһарды жіті зерттеуге мықтап кірісті. Осы уақытқа дейін бұл маңнан 50 мыңнан астам түрлі заттар мен бөлшектер табылған. Құнды да бірегей жәдігерлер табылуының нәтижесінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы қарсаңында «Көне Тараз» музейін салтанатты түрде ашып, табылған жәдігерлер сонда орналастырылды.

Көне шаһар Тараздың кешегісі мен бүгінін - тарихшы-ойшыл М.Х. Дулати, ақын-айтыскер Ж. Жабаев, қоғам қайраткері Т. Рысқұлов, халық қаһарманы Б. Момышұлы т.б. еңселі ескерткіштері, көкпен « таласқан биік бейне тұлғалары асқақтатып-ақ тұр. Олар орын алған биік те еңселі, тұғырлы тұлғалары кеше мен бүгінді байланыстырып, бүгінгі ұрпақты бірлік пен берекеге бастап тұрғандай әсер береді. Ежелгі Тараз тарихи оқиғаларға бай. Өзі өмір сүрген VI-IX ғғ. алғашқы кезеңінде қала қарлұқтарға қарады, ал Исмаил Ахмет жаулап алғаннан кейін IX ғ. соңында Саманидтер әулеті иеліктерінің құрамына енді. X ғ. аяғы мен XI басы ғасырда Тараз Қараханидтер

мемлекетінің астанасы болады. Онымен қоса «Қазақ хандығының» алғашқы территориясы дәл осы Тараз қаласының Шу мен Талас аңғарында орналасқан Қозыбасы жерінде құрылды. XI ғасырдың ғұлама ғалымы Махмұд Қашқари Тараз тұрғындары түрік және соғды тілдерінде сөйлегенін тілге тиек етеді. XIғ. Таразда ақша сарайы жұмыс істеген. Көптеген Шығыс елдеріндегі археологиялық қазбалар кезінде Таразда соғылған күміс дирхемдер табылды. Тараз Дех, Адахкес, Бехлу, Шелжі, Сус, Нужикес, Хамукат, Жікіл секілді шаһарлары бар үлкен аймақтың орталығы болды. Өзінің көп ғасырлық тарихында Тараз әлденеше рет қирауға ұшырады. Қорытындылай келе сонымен, Тараз сырттан келген адамдардың назарын бай тарихымен, көркем табиғатымен, қонақжай халқымен, әдеби-мәдени мұраларымен баурап, ұлт руханиятының ғажайып ғаламаттарымен де назар аудартқан айшықты да әсем қала болған.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы, Жамбыл облысы, Алматы 2012 жыл, 37-50 б
2. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты монографиясы, Алматы 2019ж
3. Тараз қаласының ескерткіштер жинағы, Алматы 2012 ж.
4. Ежелгі Тараз ескерткіштері, Тараз, «Рысбаева және Ко» 2010 ж., 24-26 б.
5. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы, Жамбыл облысы, Алматы 2002 ж., 31-35 б.
6. «Жамбыл облысының сакралды географиясы» монографиясы, Алматы 2019 ж.
7. Қасиетті Қазақстан, Нұр-Сұлтан 2019 ж
8. «Ортағасырлық Тараз» Т. Н. Сенигова, Алма-Ата 1972 ж, 5-35 б.
9. Сакральные объекты Казахстана общенационального значения. – Астана: Фолиант, 2017. – С. 130-133.

  
*Хайргельдинов Руслан Ерланович*  
учитель высшей категории, мастер-  
эксперт Кешкенекольской СШ №2,  
Айыртауского района СКО

#### РЕКОНСТРУКЦИЯ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ ЧЕЛОВЕКА БОТАЙСКОЙ КУЛЬТУРЫ

**Түйін**



Мақалада Красный Яр қонысындағы археологиялық қазба материалдары негізінде Ботай мәдениетін тасымалдаушылардың дүниетанымдық аспектілері де қарастырылады. Басты рөлді Ботай археологиялық мәдениетінің таралу ареалының табиғи-климаттық аймағы ойнайды, онда барлық еңбек құралдары мен әлемдік көрсетілім қоршаған материалдардан – кремнийден, ағаштан, орманды дала аймағының жануарларынан құралады.

### **Аннотация**

В статье рассматривается вопрос и мировоззренческих аспектах носителей Ботайской культуры на основе материалов археологических раскопок на поселении Красный Яр. Главную роль играет природно-климатическая зона распространения ареала Ботайской археологической культуры, где все орудия труда и миропредставление строится из окружающих материалов – кремния, дерева, животных лесостепной зоны.

После первых публикаций материалов из поселения Ботай, а затем и других памятников (Роцинское, Баландино, Красный Яр, Васильковка, Сергеевка), стало ясно, что в энеолите изучаемого региона существовала оригинальная археологическая культура, которая была названа «Ботайской».

«Археологическая культура - это группа памятников занимающих сплошную территорию..... и обладающих объективно существующий сходством материальных и не материальных предметов, образующих сплошную внутренне связанной системы, единообразно изменяющуюся во времени и ограниченно варьирующие пространства, существенно отличающиеся от аналогичных систем, характеризующих другие культуры»

Энеолит является переходным периодом, меднокаменным веком. Пользуясь в течение миллионов лет семенными орудиями, человек постепенно эволюционным путем достиг такого уровня развития, что мог изготовить орудия из металла. Первым металлом, который освоил человек, была медь.

По критериям археологической периодизации под энеолитом следует понимать эпоху внедрения медных орудий. Это, как правило, приводит к деградации кремневой индустрии в целом, обеднению наборов каменных орудий. Наиболее отчетливо энеолитические комплексы представлены в южной зоне, где внедрение медных орудий позволило земледельцам и скотоводам достигнуть значительных успехов в развитии производства. Здесь особенно ярко видно, что энеолит не какой-то переход ный этап, а самостоятельная и важная историческая эпоха.

Определенную роль сыграл энеолитический период и в зоне преимущественно скотоводческого развития производящей экономики. Эта зона охватывает примыкающие к названным трем центрам евразийские степи.

Однако здесь в полной мере стремительный расцвет, классический для Юга, и нашедший отражение в определенном наборе археологических типов, приходится уже на эпоху бронзы.

Далее на север роль энеолитического периода убывает. Внедрение медных орудий в хозяйственные системы охотников и рыболовов имело меньшее значение, чем в зоне оседло земледельческих культур. Поэтому степные комплексы, выделяемые как энеолитические, скорее являются звеном археологической систематики, чем отражением исторической эпохи.

Энеолит казахстанских степей выглядит совсем иначе. Здесь совершенно иная природно-экологическая среда и для ее освоения человек, двигаясь по пути наименьшего сопротивления, выбрал другой путь приспособления. И на этом пути каменная индустрия не только не деградировала, но и поднялась еще на более высокий уровень. Человек не только до последнего максимума реализовал возможности обработки камня (сверление, самозатачивающиеся топоры, крупные наконечники копий с идеальной аэродинамической формой, гравировка и т.д.), но и неимоверно расширил ассортимент производственно-хозяйственного инвентаря (в том числе керамического и костяного). Правда, в это время утратила свое значение, пластинчато - вкладышевая индустрия.

### **Ботайская культура**

Среди памятников эпохи энеолита, найденных на территории Казахстана, ученые особо выделяют памятники Ботайской культуры.

Ботайская культура-культура племен Северного Казахстана эпохи энеолита.

Ботайская культура, по мнению В.Ф. Зайберта, складывалась на базе местной неолитической культуры с элементами внешних инноваций. Кремневый инвентарь генетически связан с индустрией последних этапов неолитической культуры, претерпевшей процесс замены пластинчатой индустрии отщеповой. Динамическое изменение и совершенствование типов орудий из кремня непосредственно связано с активизацией производства продукции потребления и средств труда. Хозяйственно-культурный тип, сложившийся в эпоху энеолита в Урало-Казахстанских степях, можно определить как оседлый многоотраслевой с доминантой коневодства. Определенную роль в жизнеобеспечении играли охота, рыболовство, домашние промыслы. О производственно-хозяйственной деятельности ботайцев свидетельствуют десятки тысяч предметов: орудия труда, оружие, посуда, украшения. В жилых помещениях набор орудий составляют скребки, ножи, керамика, ретушеры, отбойники, наконечники стрел и копий, костяные изделия. В производственной части поселения набор чрезвычайно богат и разнообразен. Особенно много костей животных и изделий из них. Самой многочисленной и наиболее широко представленной является группа кремневых изделий. Для сырья использовалась некачественная крупнозернистая яшмовидная порода и песчанистые кварциты светло-красных и коричневых оттенков. Большинство костных останков принадлежит лошади. Единично встречаются кости

зубра, лося, косули, сайги, тура, медведя, волка, лисицы, корсака, бобра, сурка, зайца, кабана. Кроме того, следует отметить частые находки целых скелетов домашних собак, захороненных при входе в жилище, очевидно, ритуального характера.

Анализ артефактов показал, что ботайцы занимались рыболовством, охотой, собирательством, развивали домашние промыслы (деревообработку, керамическое производство, косторезное дело, ткачество, плетение утвари, выделку шкур, кожевенное дело, изготовление украшений и сакральной атрибутики).

Памятник энеолитического периода Красный Яр 1, находится 10 км к западу от г. Кокшетау. Поселение расположено на водоразделе в 5 км от степной речки Чаглинки. В этой зоне р. Чаглинка выходит из Казахского мелкосопочника на равнину и приобретает характер типичной степной речки, проложившей русло в суглинистых отложениях. Памятник был открыт в 1986 году, а в полевом сезоне 1987 года были проведены стационарные работы по вскрытию культурного слоя и изучена планировка поселка. Последнее оказалось возможным, поскольку на современной поверхности на месте древних полуземлянок остались блюдцеобразные впадины. Верхняя часть культурного слоя повреждена распашкой.

Площадка на поселении Красный Яр хорошо задернована. Дерн очень плотный, образован корнями степной растительности (разнотравие) и темной супесью. (Фото 1) На поверхности повсеместно фиксируются неровности и легкие впадины, всего фиксируется порядка 60 жилищных впадин.

В 2021 году исследовано жилище № 1 устроенное жителями ботайской культуры, которая после смены эпох больше не использовалось, а также межжилищное пространство общей площадью 112 кв.м в южной части поселения.

Площадь раскопа разделена на квадраты 4x4 м.с сохранением бровок и с полным выносом грунта за пределы раскопа. Форма котлована жилища в плане близка к неправильно-округлой форме. Жилище ориентировано по линии северо-северо-восток и юго-юго-запад.

На первом этапе вскрыт верхний дерновый слой раскопа – 10 см. При вскрытии первого слоя фиксируется остеологический материал, отщепы, фрагменты керамики, а также обломок каменного диска в квадрате А1.

После снятия дерна (гл. 10 см), каких - либо четких конструкций жилища обнаружить не удалось.

На глубине 10 см проводилась зачистка. Это было предпринято для того, чтобы получить максимальную информацию о конструкции сооружения.

Зачистка на уровне 10 см от поверхности земли несколько расширила информацию о характере залегания глин, но говорить о каких-либо конструктивных элементах не позволила. Зато в квадратах А-1, В-1-2, С-1 появились признаки уплотненного гумусированного заполнения с

вкраплениями мелких фрагментов прокаленной почвы, мелких же фрагментов прокаленной глины, фрагменты мелко раздробленных костей.

После дерновой зачистки спустились на глубину 20-25 см. В снятие этого слоя весь грунт тщательно просеивался, для того что бы не пропустить артефакты.

На этом же уровне обнаружили обширные скопления лошадиных костей (кв. А1-2, В2, С1-2). Эти скопления имели аморфные очертания, но располагались в непосредственной близости от жилищной впадины, на внутренней площадке памятника. Скопления костей (практически непрерывным слоем, шириной до 1 м). Толщина костного слоя была невелика (от 2-3 до 5-10 см). Основную массу остеологического материала составляют позвонки, зубы, челюсти.

На глубине 20-25 см были найдены фрагменты керамики. Наибольшее ее количество происходит из ям и скоплений костей.

Так же на данной глубине в квадрате С-2 был выявлен скребки количестве двух единиц, а так же каменные пластины которые ботайцы использовали как ножи, проколки, скребки и другие известные типы.

На глубине 40 см. выявились первые очертания жилищных хозяйственных конструкций. Получившие название Жилище №I, располагается в квадратах А-I, В, В-I, С-I. Черные гумусированные очертания неправильной округлой формы постепенно сужались к центру по мере углубления в котлован.

На территории раскопа было выявлено ямы содержащих кости закопанные в древнюю поверхность грунта вокруг внешней части жилища, один клад (запас камня), в северо-западном квадрате за пределами жилища. Аккумуляция осадочной породы над жилищем и на близлежащей территории была первоначально сформирована ветром. Были выявлены норы грызунов в бесплодных отложениях в большинстве ям. Некоторые из наиболее важных открытий были получены путем выявления артефактов вынутых из ям расположенных вокруг жилища.

Полученная информация не проанализирована полностью на настоящий момент, но предполагается что ямы являлись многоцелевыми.

Естественный почвенный слой в котором были вырыты ямы, состоит из заиленной глины, имеющей различную цветовую окраску. В основе их содержание составляли кости животных вместе с несколькими фрагментами керамики и каменных инструментов перемешанных меж собой.

В квадрате А-I расположено очертание жилищных впадин. В восточной части квадрата расположена западная часть жилищной конструкции, ширина которой вдоль восточной бровки достигает 4 метра. Северной части квадрата выявлен запас камня в длину 2 метра. В южной части квадрата обнаружено челюсть лошади. В южной части квадрата был обнаружен клыки собаки. Его явление идентично традициям памятника Ботай, где были обнаружены захоронения собак на территории западной части жилищ.

В квадрате В его южной части также на глубине 40 см наблюдается очертание жилища. В этом квадрате были найдены множество отщепов, бифасы, скребки а так же утюжок.

На участке В-І на глубине 40 см. зафиксировано заполнение из гумуса. Данном в квадрате было найдена скребки. Большое количество скребков и повторно заточенных отщепов найденных в жилище, возможно, указывают на то, что в доме происходила активная заготовка кожи.

В квадрате С-І 3/4 части занимает площадь Жилища №1. Западной части квадрата хорошо наблюдается контуры жилища, которая сужается южной части данного квадрата. Очертания жилищной конструкции четко видны на глубине 40 см.

В квадрате А-ІІ было зафиксировано скопление костей. На глубине 40 см. наблюдается супесчаная почва.

В квадрате В-ІІ в данном квадрате было зафиксировано большое скопление расщепленных костных останков животных и обломки орудий труда.

В квадрате С-ІІ внутренние границы Жилища №1 в ширину вдоль северной бровки достигает 1,2 м., в длину 1,3 м. Очертания четко видны на глубине 40 см. В южной части квадрата выявлено скопления костей. В юго-восточной части квадрата были обнаружены различные виды пластин, пластинчатые отщепы, скребки и наконечник стрелы. Также данном квадрате встречаются орудия из костей. Это костяные проколки и долото.

Так как контур жилища уходит за края раскопа мною было принято решение разбить дополнительные два квадрата которые будут именоваться квадрат А и С.

Разбив дополнительные квадраты общая площадь раскопа было увеличена с 112 кв. м на 148 кв. м.

В квадрате А на глубине 40 см наблюдается контуры жилища на юго-востоке квадрата. Так же данном квадрате было обнаружено 46 отщепов заготовок, 3 скребла, 8 скребков и одно комбинированное орудия нож и скребло. Данные артефакты показывают что тут было мастерская для изготовление орудия труда.

Квадрат С на глубине 40 см зафиксирована контуры жилища на юго-западном части квадрата. На данной глубине были обнаружены орудия труда виде скребков, ножа а так же наконечника копья.

Жилище 1. Перепад рельефа современной поверхности здесь не превышает 10 см, поэтому жилищная впадина была почти незаметна и отличалась лишь более интенсивной растительностью.

Темное гумусированное заполнение котлована обозначилось зачисткой на глубине 30...40 см от поверхности земли. Дальнейшая выборка грунта велась по их материковым очертаниям. В результате был расчищен котлован по форме, в плане близкой к округлой и с площадью пола 46 кв. м. Пол ровный, горизонтальный, находился на глубине 95-100 см от современной поверхности.

При разборе культурного слоя в котловане отмечено, что основная масса остеологического материала лежала над развалом стен. По периметру, за основанием стен, почти повсеместно фиксировались скопления костей. Все они расположены в гумусированном или на границе гумусированного и светлого суглинистого горизонтов, с проникновением в последний.

Практически по всему полу котлована, а также по его стенкам (особенно в южной половине), хорошо видна обмазка из белой глины.

Очаг фиксировался по насыщенному углистому слою, и скоплению камней. Четкой границы очага установить не удалось, поскольку его остатки рассеяны.

В западном секторе жилища расчищено охристое пятно. Здесь же находились кости лошади.

Всего из раскопа происходит около 282 артефакта из камня, кремния, кости и глины. Находки залегали на всем протяжении культурного слоя от уровня -20 до -100 см как в жилищах, так и в межжилищном пространстве.

Изделия из камня представлены перфорированными дисками, пряслицами, развертками, молотами, пестами, терочниками и др. аналогичными предметами (см. статистическую табл.). Изделия из кремния (скребки, ножи, скребла, бифасы-наконечники копий, дротиков, стрел, отщепы с ретушью, проколы, провёртки и др. изделия выполнены в традиции отщеповой технологии)

Часть предметов выполнены из кости лошади – проколки, долото. Керамики представлена 66 фрагментов, яцевидной формы украшена гребенчатым и штампованным орнаментом в виде зигзагов, треугольников, ямочных оттисков.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Зайберт В.Ф. Ботайская культура // Степная цивилизация восточной Евразии. Древние эпохи. Том 1. Астана, 2003. – С. 39-60.
2. Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Задорожный А.В., Кулаков Ю.В. Тайны древней степи. Кокшетау, 2007. С. 10-20.
3. Рогинский Я.Я. Изучение палеолитического искусства и антропологии. Вопросы антропологии, 1965, вып. 21. С. 114.
4. Антонова Е.В. Очерки культуры древних земледельцев Передней и Средней Азии». Наука, 1984. С 56.

*Зікірия Досым Қуатұлы*  
«Есік» мемлекеттік  
тарихи-мәдени музей-қорығы  
директорының орынбасары

**«ЕСІК» МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ  
(ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ  
БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕ)**

**Түйін**

Мақалада автор «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарына шолу жасай келе Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында іске асырылған 2021 жылғы ғылыми жобалары, сол жобалар нәтижесіндегі ғылыми жаңалықтары туралы айтылады.

**Аннотация**

Автор статьи делает обзор археологических исследований Государственного историко-культурного музея-заповедника «Есік», и рассказывает о научных проектах 2021 года, реализуемых при программно-целевом финансировании Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, а также сообщает о научных открытиях в результате осуществления этих проектов.

Кез-келген халықтың рухани байлығы көбіне оның тарихи жадын сақтауға, ұлттық-мәдени дәстүрлерін қорғауға және дамытуға қаншалықты қабілетті екенімен анықталады. Бұл тұрғыда негізгі рөлді тарихи-мәдени құндылықтарды жинап, сақтап, қалпына келтіріп, сараптап және көпшілік назарына ұсына отырып насихаттайтын музейлер алары тағы да анық.

Қазақ халқы ежелден-ақ аса бай мәдени құндылықтарға ие халық. Данышпан бабаларымыз өздерінің артына ауыз әдебиеті мұралары, салт-дәстүр, қолөнер арқылы талай құндылықтар қалдырып кеткен. Алайда заң өзгеріп, заман ауып, дәуір аунағанда оның көбі шаң басқан санада, болмаса ескірген, жарамсыз ретінде күресінде қалып отырды. Дейтұрғанмен әлемді біртектендіруді көздейтін (керісінше, әлем халқы саналуан болғанда ғана жер бетіндегі өмір қызықты екенін ескерместен) жаһандану идеясының күшейе түсу себепті жекелеген халықтарға өзінің мәдени ерекшеліктерін сақтау қиынға соға түсті.

Жаһанданған қоғамда қоғамдық даму әсерінен негізгі құндылықтардың орны ауысуы ұлттық мәдени ерекшеліктердің, руханияттың жойылуына әкеліп

соқтырады. Сондықтан да тарихи-мәдени мұраларымызды сақтауда, оны туристік, ағартушылық және білім беру ісінде пайдалануда музейлердің орны ерекше. Қазіргі уақытта музей өз алдына жеке әлеуметтік институт ретінде бір өзі мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу орталық қана емес, мәдени-көңіл көтеру кешені сынды көптеген бағыттарды қоластына біріктірген ерекше мәдени орын рөлін атқарып отыр. Себебі, музей болсын, музей-қорықтар болсын олардың болашағы осындай сан қырлы бола алуында жатыр.

Заманауи музей өткен мен бүгіннің арасында алтын көпір, сан мыңдаған жылдар арасына эп-сәтте апарып келе қоятын «уақыт машинасы» міндетін атқаратын, сол арқылы ел азаматтары мен өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік, мемлекетшілдік, мәдени құндылықтар дәнегін егетін ерекше мәдени орын.

Алайда келушілер үшін музей экспозициясында орын алып, тылсым сырларды бойына бүгіп тұрған музей жәдігерлері өз бетінше келіп ол жерге жайғаса қоймайтыны анық. Оның ар жағында аптапқа күйіп, суыққа тоңып экспедицияларда жүрген археолог-ғалымдардың, реставраторлар мен экспозиционерлердің, музей қызметкерлерінің маңдай тері жатады.

Біз осы мақаламызда еліміздегі сондай музейлердің, дәлірек айтсақ музей-қорықтардың бірі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бүгінгі таңдағы сан қырлы еңбектерінің ішіндегі археологиялық ғылыми-зерттеу еңбектеріне қысқаша тоқтала кетсек деп отырмыз. Себебі, музей-қорық алғаш ашылған кезде-ақ алдыға қойған мақсаттардың бірі ғылыми-зерттеу мекемесі ретіндегі жұмыстарды жолға қою болатын.

«2011 жылдан бастап қорық-мұражай ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде Аккредитациядан өтіп, археологиялық қазба жұмысына рұқсат беретін лицензияға ие болды. Алғашқы қолданбалы-зерттеу жұмысын «Жетісу сақтары және Есік қорғаны» атты жобадан бастадық» [1, 5 б].

Атап айта кетерлік бір жағдай «Есік» музей-қорығы 2018 ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде екінші рет аккредитациядан өтті.

Одан бергі жылдарда да «Есік» музей-қорығы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан жарияланған байқауларға үзбей қатысып, аталмыш министрліктің бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру аясында жүргізілген ғылыми-қолданбалы жобаларды жүзеге асырып келеді. Олардың арасында осыған дейін жүзеге асқан «Жетісу сақтарының идеологиясы мен мифологиясы» (2016-2018 жж.), «Сақ дәуірінен XIII ғасырға дейінгі Рахат археологиялық кешенінің материалдары негізінде Жетісу материалдық мәдениетінің семиозисі» (2019-2020 жж.) жобалар аясында Алматы облысындағы бұрындары ғылымға белгісіз болып келген бірнеше тарихи-мәдени ескерткіштер орындары анықталып, ғылыми айналымға қосылды.

Одан басқа «Есік» музей-қорығы мен ҚХР Шәнси провинциясы Сиэн археологиялық институты, Корея Республикасының ғылыми-зерттеу



мекемелері, Данияның Копенгаген қаласындағы «Геогенетика орталығы», РФА Археология институты сынды мекемелермен ғылыми-зерттеу, ғылыми-археологиялық жұмыстарды да бірлесіп сәтті жүзеге асырды.

2021 жылы да «Есік» қорық-музейі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалы-нысаналы қаржыландыруы аясында «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» және «Шелек-Талғар қосөзені аралығындағы ерте көшпелілер қорғандарының конструктивті ерекшеліктері» атты екі бірдей жобаны жүзеге асырып отыр.

Іле Алатауының солтүстік баурайы 100 жылдан бері зерттеліп келеді. Географиялық тұрғыдан аса қолайлы жерде орналасқан, қолайлы климаттық жағдайы бұл аумақта адам баласының барлық тарихи дәуірлерде тығыз қоныстанғанын көрсетіп отыр. ХІХ ғасырдың ортасында алғашқы зерттеулер осы аймақтың табиғи байлығын ғана емес, сонымен қатар, көптеген археологиялық ескерткіштердің бар екендігін көрсетті.

Көптеген қорғандар (обалар), петроглифтер, ежелгі қоныстар мен ортағасырлық қалашықтар сынды археологиялық нысандардың көп шоғырлануы осынау таулы аймақтың өмір сүруге аса қолайлы болғандығынан болса керек. Іле Алатауы Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік жоталарының бірі болып саналады. Солтүстік беткейлері жазыққа қарайды, оның тау бөктері құнарлы топырақты және су көздеріне аса бай болып келеді.

Осы аумақта, дәлірек айтсақ Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы аумағындағы ежелгі сақ-үйсіндерді қонысы болған деп болжанып отырған Рахат қалашығында **«Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау»** жобасы аясында археологиялық экспедиция жұмыстарын ұйымдастырып, Рахат қорымының шығыс тобында орналасқан қола дәуірімен мерзімделетін екі қорғанында (оба) және қоныс орнында қазба жұмыстары жүргізілді. Осы топтың қола дәуірі обаларынан табылған заттарды саралай келе, алдын-ала болжам бойынша қола дәуірінің андронов мәдениетіне жататын «көлсай үлгісіне» жатқызуға болады.

Археологиялық зерттеулердің ақпараттылығын жоғарылату – далалық зерттеулерден бастап теориялық жиынтықтауға дейінгі олардың барлық уақытында өзекті мәселе болып табылады. Қазба барысында табылған материалдардың әр түрлілігі ғылымның әртүрлі салаларының басын қоса отырып, түрлі әдістемелерді біріктіруді қажет етеді.

Археологиялық және палентологиялық әдістердің өзара үйлесімі археологиялық ескерткіштерді зерттеу тәжірибесінде бұрыннан бар болғаныменәлі де болса жеткілікті дәрежеде жүзеге асып жатқан жоқ. Ежелгі қоныстар мен қорымдардан алынған остеологиялық материал сипаттамасы көбінесе түрін анықтаумен және ол затты не үшін пайдаланғанын анықтаумен ғана шектеледі. Дегенмен, антропологиялық материалды тереңірек зерттеу қазба жұмыстарының ақпараттылығын айтарлықтай жоғарылатып қана қоймай ескерткіштен барынша көбірек ақпарат алу да маңызды болып табылады.

Қазба жұмыстарынан табылған артефактілерді зерделеу үшін аналитикалық зерттеулер нәтижесін ескеретін синтез әдісі, салыстырмалы, типологиялық, хронологиялық (мерзімдеу) әдістер сынды әдіс-тәсілдер қолданылды [2, 48 б]. Мүмкін болатын теориялық негіз ретінде семиотикалық тәсілдің келешегі ескерілді.

Рахат шатқалында бұрын соңды тіркелмеген археологиялық ескерткіштерді анықтау, жалпы жай-күйін бағалау және жедел зерттеу жүргізілуге тиісті (апаттық жағдайдағы) археологиялық нысандарды (обаларды) анықтау жұмыстары барысында Рахат шатқалының аузынан Рахат қалашығының алдына апаратын ежелгі ирригациялық канал табылды. Су қабылдағыштан шоқыға дейінгі каналдың ұзындығы кем дегенде 1,5 шақырымға жетеді. Сақталған қабырғалардың фрагменттерінің нәтижесінде каналдың үлкен өзен тастарынан салынғанын анықтау мүмкін болды. Арнаның ені 1-ден 1,5 м-ге дейін, қабырғаларының биіктігі 1-ден 2 м-ге дейін жеткен. Каналдың құрылысы ерте темір ғасырының кейінгі кезеңіне немесе ерте орта ғасырларға қатысты болуы мүмкін. Болашақ зерттеулерде объектінің салыну уақытын дәл анықтау үшін геоморфология деректерін қарастыру қажет. Сонымен қатар, ұзындығы 1 шақырымдай болған екінші канал анықталды. Ол тікелей Рахат қалашығын сумен қамтамасыз ету міндетін атқарған екен. Анықталған конструкциялар бүкіл Жетісу өңірінің аумағында ерте темір ғасырында және ерте орта ғасырдың ирригациялық жүйесін зерделеуге негіз болады. Әзірге осы табылған суландыру жүйелері бұл аймақтағы суармалы егіншіліктің ең ежелгі дәлелі болып табылады [3, 20 б].

Рахат (қоныс, қалашық) ескерткішінен табылған 343 дана жануар сүйегіне археозоологиялық зерттеу жүргізілді (кесте 1). Оның ішінде сүтқоректілерге тиесілі 327 дана жануар сүйектің 211 данасы нақты түрге (таксон) ажыратылды (64,5%) (кесте 1-2). Үй жануарларына тиесілі остеологиялық материалдардан (65,7%), құлан/есек, құс, түлкі және түлкі/қарсақ сүйектері анықталды. Материалдарды сипаттау палеозоология ғылымындағы қалыптасқан тәсілдерге сүйеніп жүргізілді. Жануар түрлері, қаңқа элементтері, жас ерекшеліктері, әрбір түрдің жеке элемент бөліктері, сүйектердің бөлшектену үдерісі анықталды. Сүйектер бөлшектену үдерісіне орай өз ішінде үшке топталады – бүтін, шартты түрде бүтін және фрагмент. Шартты түрде бүтін сүйектерге тоқпан жілік, сан жілік, кәрі жілік, сирақ сүйектерінің эпифиздері, бүтін диафиздері, жамбас, шынтак сүйегінің буынмен жалғасатын ойыстары, омыртқалардың бүтін сақталған денесі мен буын өсінділері жатады. Фрагментті сүйектерге қатты майдаланған элементтер енгізілді. Төмендегі кестелерде «бүтін» сүйектерге бүтін және шартты түрде бүтін сүйектер бірге топталып қарастырылды [4, 41 б].

Жануар түрі	Сүйек/жануар саны	Сүйек саны (%)
Уақ мал – Capra et Ovis	45/4	21,3

Қой – <i>Ovis aries</i>	3/1	1,4
Ірі қара – <i>Bos taurus</i>	57/9	27,0
Жылқы – <i>Equus caballus</i>	33/3	15,6
Түйе – <i>Camelus bactrianus</i>	1/1	0,4
Жылқы немесе құлан – <i>Equus sp.</i>	1/1	0,4
Түлі немесе қарсақ – <i>Vulpes sp.</i>	13/2	6,1
Түлкі – <i>Vulpes vulpes</i>	58/1	27,4
Жиыны (экз.)	211/22	100,0
Сүтқоректілер (анықтауға келмейді)	Ірі жануар	48
	Ұсақ жануар	68
Құс – <i>Aves indet</i>	16	

Ал, тағы да бір «Шелек-Талғар қосөзені аралығындағы ерте көшпелілер қорғандарының конструктивті ерекшеліктері» жобасы аясында Өрнек және Есік қорымдарындағы ерте темір дәуірінің ескерткіштері болып саналатын 2 элитарлық қорғанға далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қорған үйіндісі сумен қамтамасыз ететін каналдар жасау кезінде (1970-80 жылдары) басқа жақтан әкелінген топырақтармен жабылып қалған және қорған үстін түрлі өскіндер басып кеткен. Қорған үйіндісі сырт көзге болар-болмас көрініп жатты. Бұл қорымда бұдан бұрын да жұмыс жүргізу тәжірибесі болғандықтан үйінді тазаланғаннан кейін «қабір дағы» анықталып оның өзеннің шағыл тастарынан жасалғаны белгілі болды. Камера құрылымы сол заманға тән батысқа қаратып жасалған тік төртбұрышты классикалық үлгіде болып шықты. Қабір тоналған, сүйектердің бір бөлігі жоқ, тек төменгі бөлігі ғана қалған екен. Ешқандай археологиялық олжа табылмады.

Орталық қабірдің солтүстік жағындағы 5 метрдей жерден екінші жерлеу орны анықталды. Бұл бала қабірінің де құрылымы бірінші қабірге ұқсас болғанымен анағұрлым кіші көлемде болып шықты. Шамамен 6-7 жастағы бала сол заманға сай дәстүрмен шалқасынан жатқызылып, басы батысқа қаратылып жерленген екен. Бұл қабір тоналмағандықтан марқұмның өзімен бірге жерленген екі керамикалық тостаған мен қатты даттанған темір бұйым табылды.

Қазіргі уақытта зерттелген қорғанның дәуірін анағұрлым дәл анықтау мақсатында табылған бұйымдарды камералды зерттеу жұмыстары, жерлеу орнының конструктивтік ерекшеліктеріне талдау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар, Есік қорымының оң жағалаудағы бөлігіндегі №7 элитарлық қорғанға зерттеу жұмыстары басталды. Қорған қазіргі кезде «Есік» қорық-музейінің қорғау аумағында тұр. Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу аталған объектіде болашақта қазылған алаңда ашық аспан астындағы музейлендірілген қорған жасау мақсатымен атқарылып жатыр.

Ескерткіштің қазіргі кездегі жағдайын зерттей келе Есік қорымын «Есік обалы қорымы» деп атау жөн болады деп ойлаймыз. Оған қоса жаңа зерттеулер қорымның аумағы бұрынғы айтылып жүрген аумағынан да үлкен екенін

көрсетті. Ол Есік өзенінің сол жақ жағалауын ғана емес оң жағалауын да қамтитыны анықталды. Жағалауды бойлай орналасқан ескерткіш белдеуінің ұзындығы 3 шақырымнан 10 шақырымға дейін ұлғайды. Соған сай ені де 1,5 шақырымнан 3,5 шақырымға дейін өсті. Осылайша Есік обалы қорымының археологиялық ландшафты Құлжа жолынан (солтүстік-батыс) басталып Есік қаласына (оңтүстік-шығыс) дейінгі аумақты алып жатыр. Обалы қорымның сақталып қалған объектілері бұрындары 50 шақты деп есептелсе қазіргі таңда үлкен, орташа және биіктігі 0,5 метр болатын кіші қорғандарды қоса алғанда 150-дей қорғанға жетті. Қорым төрт бөлікке бөлінсе бір бөлігіне Есік қаласының шаруашылық және тұрғын жайлары салынып кеткен. Қалған бөлігі де адамның шаруашылық істерінің нәтижесінде ішінара жойылып немесе бұзылған. Ескерткіштің хронологиялық диапазоны да б.з. XI ғасырдан б.з.д. X-IX ғғ. аралығына дейін өсті [5, 35 б].

Осы обалы қорымдағы зерттеу объектісі ретінде алынған №7 қорған қорық-музейден батысқа қарай 557 м., Есік-Бәйтерек-Алматы жолынан оңтүстікке қарай 271 м. жерде орналасқан. Қорған диаметрі – 56 м, биіктігі – 6 м. Үйінді ортасындағы шаң-топырақ басқан ұңғымасының диаметрі – 7 м, тереңдігі – 2 м. Қорған Есік қорымының басқа қорғандарының ішіндегі ірілерінің бірі. Қорған ұңғымасын өскін басып қалған. Қорғанның бірнеше жерінен үйіндіні қаптаған тастарды байқауға болады. Қазба жұмыстарынан бұрын қорғанның инструментальды жоспары алынып, зерттелетін объектінің аэрофотосы жасалды.

Қорған үнгіп кіру арқылы бірнеше рет тоналғандықтан үлкен деформацияға ұшыраған. Қорған ортасының шығыс және батыс қабырғасында ежелгі нобай сақталған. Қорған қиындысында 6x7 көлемдегі ұңғыманың жиектері анық көрінеді. Қабір шұңқырын қазған кезде түрлі тереңдікте ағаш бөлшектері кездесті.

Аталмыш жоба аясында Есік өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан Қыземшек шатқалын қоса алғанда Есік микроөңірі маңындағы аумақтарға кең көлемдегі барлау-іздістеу жұмыстары жүргізіліп, Есік өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан Қыземшек шатқалындағы биік таулы аумақта орналасқан ерте темір дәуірінің ескерткіштеріне жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары аяқталды. Есік микроөңірінің аумағындағы тарихи-мәдени процестерге зерттеу және сараптау жүргізу үшін келесі кезеңдерге арналған базалық материалдар жасалып, археологиялық барлау жұмыстары кезінде 30-дай ежелгі археологиялық ескерткіштер анықталды. Бұрындары белгісіз болған объектілер анықталып, кешіктірмей зерттелуге тиістілері белгіленіп олардың жалпы жағдайына баға берілді. Бұған дейін ғылыми ортаға белгісіз болып келген ерте темір дәуірінің ескерткіштерін барлау-іздістеу зерттеулері аяқталып, негізгі бағыттар анықталып және зерттеу үшін анағұрлым өзекті объектілер белгіленді. Подгорный ауылынан Есік қаласына дейінгі ерте темір ғасырының ескерткіштері картаға түсірілді. Археологиялық барлау

жұмыстарының нәтижесінде өңір аумағындағы ерте темір ғасырының ежелгі тайпаларының орналасу ретінің толық картинасын алу мүмкін болды.

Ғарыштық және аэрофото түсірілім негізінде анықталған қорымдардың жоспары жасалынып, ескерткіштердің географиялық координаттары анықталды және белгіленді. Күнтізбелік жоспарға сәйкес ерте темір ғасыры ескерткіштерінің картасы жасалды. Зерттелетін ескерткіштердің жүйеленген деректерімен бірге барлау материалдарын талдау ЕТҒ дәуірінде аталған аудан аумағының даму сипаты туралы мәселені шешуге ықпал етеді. Есік өзенінің жоғарғы ағысындағы ерте темір ғасыры археологиялық ескерткіштерінің жалпы картасын жасау бойынша жұмыстар археологиялық ескерткіштерді қазіргі заманғы географиялық ескерткіштермен байланыстыра отырып Геоақпараттық жүйе-технологиялардың негізінде жүргізілді.

Жалпы алғанда Жетісу жері, оның ішінде Іле Алатауының солтүстік жағы әлі де болса ғылыми ортаға белгісіз немесе шағын ортаға ғана белгілі тарих жәнет мәдениет ескерткіштеріне өте бай болып келеді. Оған қоса аталмыш өңір ежелден адамзаттың мекен етуіне қолайлы табиғи ортаға ие, суармалы және жайылымдық жерлерге бай, халықаралық қатынас жолдарының бойында жатқандықтан сан түрлі мәдениет өкілдерінің ізі қалған аумақ болғандықтан Қазақстан археологиясына, Қазақстан тарихнамасына қосатын үлесі әлі де мол деп білеміз. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының жүргізіп жатқан зерттеулері осынау тарихи-мәдени мұраларымызды зерттеудегі, зерттеп қана қоймай оны ғылыми, білім беру, туристік мақсатта пайдаланудағы алғашқы қадамдар деп санауға болады.

Жұмыс Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің жобалары аясында дайындалды. ЖТН: №BR10164228/БНҚ – «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» және ЖТН: №BR08555232/БНҚ – «Шелек-Талғар қосөзені аралығындағы ерте көшпелілер қорғандарының конструктивті ерекшеліктері».

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мухтарова Г.Р. «Есік» қорық-мұражайының алғашқы қадамдары // «Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы: Альбом-отчет / бас редактор – Г.Р. Мухтарова [және басқалары]. – Алматы, 2015. – 5 б.
2. Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау [Мәтін]: ҒЗЖ есебі (аралық): жетекшісі Г.Р. Мухтарова; орынд: Х.А. Айтқұл [және басқалары]. – Есік., 2021. – 126 б. – Инв. №BR10164228.
3. Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау [Мәтін]: ҒЗЖ есебі (аралық): жетекшісі Г.Р. Мухтарова; орынд: Х.А. Айтқұл [және басқалары]. – Есік., 2021. – 126 б. – Инв. №BR10164228.

4. Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау [Мәтін]: ҒЗЖ есебі (аралық): жетекшісі Г.Р. Мухтарова; орынд: Х.А. Айтқұл [және басқалары]. – Есік., 2021. – 126 б. – Инв. №BR10164228.

5. Шелек-Талғар қосөзені аралығындағы ерте көшпелілер қорғандарының конструктивті ерекшеліктері [Мәтін]: ҒЗЖ есебі (аралық): жетекшісі Ғ.Қ. Омаров; орынд: Т.Ж. Тулегенов [және басқалары]. – Есік., 2021. – 159 б. – Инв. № BR08555232.



Подписано к печати 8.11.2021

Формат 70\*100

Бумага мелованная, Печать офсетная.

Отпечатано типографией РГКП «Государственный  
историко-культурный музей-заповедник «Ботай»» МКС РК  
150100

СКО, Айыртауский район, с. Саумалколь, ул.Б.Ашимова 15 А.



Для заметок